Қасым Ботанов

# Түгел сөздің түп атасы



**Қасым Ботанов**

# *Түгел сөздің түп атасы*

*Өлеңдер, аудармалар, естеліктер*

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-4
Б68

Редакторы - Руза Алдашева

**Б68** **Ботанов Қ.** Түгел сөздің түп атасы. Өлеңдер, аудармалар, естеліктер. - Нұр-Сұлтан. 2020. «Start» баспаханасы, 196 б.

ISBN 978-601-06-6285-8

Санаға шырақ жағып, жүрекке нұр құятын ақындық болмысымен танылған ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Қасым Ботановтың бұған дейін «Нұр жаусын»,Жиһангер жұлдыз».«Аяулы менің аңызым», «Жанама жалған» атты жыр жинақтары жарық көрген. Бұл кітапқа соңғы кездері жазған жауһар жырлары мен орыс халқының А.С.Пушкин, С.Есенин, А.Вознесенскин, Е.Евтушенко сынды басқа да белгілі ақындарының өлеңдерін қазақшаға тәржімалаған. Сонымен қатар теміртаулық Ю. Показанов, Т.Ромашихина, В.Зиманов сынды ақындардың өлеңдерінің аудармалары еніп отыр. Автор бұл жинақта балаларға базарлықты да ұмыт қалдырмай, жануарлар әлеміне саяхат жасап, бүлдіршіндерге топтама өлеңдер ұсынып отыр.

Кітап әдебиет сүйер барша қауымға арналған.

4702250201-045 / 402(05)-09 **УДК 821.512.122**
**ББК 84** Қаз **7-4**

ISBN 978-601-06-6285-8

© Ботанов Қ. 2020
© «Start» баспаханасы, 2020

# *Түгел сөздің түп атасы*

***2 бөлімнен тұратын пьеса***

Қатысушылар:
**МАЙҚЫ БИ** - өткен дәуірдің аяғы, біздің дәуірдің басында өмір сүрген б и - с ө з атасы.
**Аяз** би - дәуірлес би.
**Жұлдызшылар** Әндір, Мәді.
Иса он алты жасар болашақ Пайғамбар.
**Ләйлі**- Алшағыр ханның қызы.
**Мәжнүн** -Мадан ханның ұлы.
**Құмырсқа** - батыр, Аяз бидің жан досы.
**Мадан** - хан.
**Алшағыр** - хан.
**Бекторы** - Қаһар ханның қызы, Алшағырдың әйелі.
**Борақ-** Алшағыр ханның уәзірі.
**Бүбі** - Қаһар ханның кіші қызы, Борақтың әйелі.
Билер, дәруіштер, халық.

**1-ші** бөлім

*(Мадан ханның сарайы. Сахнада Қаһар ханның шешесіз өскен екі қызы*

**Бекторы:**
-Мынау дала жасқа толған етегі,
Мандай соры бес елі.
Қаһар ханнан қалған мұра,
Ұрылар мен каракшылар мекені.

**Бүбі:**
-Бұйырмаған балдың дәмін татар кім,
Біз едік қой мұрагері Қаһардың.

**Бектры:**
-Тақан таймай отырганын крашы,
Қайдағ бір наубайшының баласы.

**Бүбі:**
-Егер Қаһар құпияны білгенде,
Ішіп жарып Маданның да шешесін.
Өлтірер ед бірдемде.

**Бүбі:**
Тірі қалдык,
Тек шерге батып келдік.

**Бекторы:**
Өйткені біз бірінші зұлымдықты,
Ананың құрсағында жатып көрдік.

**Бүбі:**
Тумай жатып жауыздықпен,
Ауызданған екенбіз.

**Бекторы:**
- Алшағыр мен Маданханның тағдырын,
Енді екеуміз шешеміз.

**Бүбі:**
-Қалай?

**Бекторы:**
-Менің айтар дәлелім:
Басын қосып неше түрлі пәленің,
Соғыстырсақ екі ханды,
Шығарып шат-шәлегін,
Жоймаймыз ба екеуінің әлемін?

**Бүбі**:
-Борақ бастап, қарақшылар қолдаса.
Мұрагер боп таққа отыру,
Қиын болмас ол да аса.

**Бекторы**:
-Әне, билер келе жатыр,
Дау бастайды енді олар.
Қарамызды батырган да жөн болар.

*(Екеуі шығады. Сахнаға Майқы бастаған билер мен жұлдызшылар шыгады)*

**Майқы би:**
-Ғалам шексіз, оған санаң жетпейді.
Түнектерге күн де нұрын төкпейді.
Шуақтар бар құлпыртатын беткенді.
Жан-жануар,өсімдіктер мәуелі.

Бір Тәнірдің құзырынан,
Қуат алып көктейді.
Ал біз болсақ өзіміз бір ғаламбыз,
Кең ғаламның түйіршігі - АДАМБЫЗ.

**1-ші би**:
-Адам осы атамыздың аты ма,
Әлде мына табиғаттың,
Саналы бір заты ма?

**Майқы би:**
-Аты да, заты да өзі,
Ғаламның парасаты дарып оған,
Келеді өзін-өзі танып Адам.
Атаның атын сақтау, түсін балам,
Тегін естен шығармау үшін ғана.

**2-ші би:**
-Тәңір солай жаратыпты АДАМды,
Дамыса олар дамытады ғаламды.

**Майқы би:**
-Иә, солай.
Бұл ғаламда қалдыруға қолтаңба,
Ата-анадан арта туу парызың,
Сонша нәзік болсаң да.

**1-ші** би:
-Ата-анаға ұрпағы,
Неге тартып туады?

**Майқы би:**
-Тартып та туады, артып та туады,
Жете де туады, кері кете де туады.
Осы тылсым тірліктің есте қалары,
Кемелдікті табиғат екшеп алады.

**Жұлдызшы:**
*(Сөзге араласып)*
—Қаласа жұлдыз
Не қайырымды болып,
Не қанішер туады,
Екінің бірі, егіздің сыңары.

**Майқы би:**
-Атамыздың бәйбішесі Лилиттен тараған,
Пері тектес халық бар.
Сондықтан да бірдей емес бар адам.

*(Көк төсінде Адам ата мее Лилиттің бейнесі дауласады)*

**Адам:**
-0, Лилит! Тәңірімніц тілеуімен,
Таеғзым ет, кызмет қыл күйеуіңе.
Бала тап, сәбиді бақ, мені бапта,
Түсірме қаяу менің жүрегіме.

**Лилит:**
Мен емеспіп тәрбиелер сананды,
Екеуміз бір топырақтан жаралдық.
Үй шаруасын бөлісеміз тепе-тең,
Мен тапсам, сен әлпештейсің баланды!

**Адам:**
-Біздер сірә, бола алмаспыз бақытты,
Долы әйелден машайық та қашыпты.
*(Шығып кетеді.)*

**Лилит:**
-О, Тәңірім!
Таркар емес желігім,
Серттен тайды топырақтас серігім,
От пен судан, ауадан да жаратпай,
Неге мені Адамға әкеп телідің?
Талақ қалдым. Дауа да жоқ енді оған,
Мен Адамға күн емеспін, болма алаң.
Түн перісі тәуелді емес ешкімге,
Енді сенің өгей қызын мен болам.

*(Түн перісіне айналып кетеді.)*

**1 -ші би:**
-Бір сыналар келді білем кезіңіз.
Осы дауды қалай шешер едіңіз?

Майқы би:
Бұл дауды Хақ-Тағалам қабылдаған.

Һауа-Ана қайта туған қабырғадан.

**2-ші би:**
Құрбан шалып қанжары.
Қан ұрттаған жалманы.
Өзектінің өнешін,
Тығындаған бармағы.
Қарғыс алған жаһаннан,
Жыртқыштайын қатал еді Қаһар хан.

**1-ші би:**
Қыз таптың,-деп еркіңмен.
Екі әйелін ішін жарып өлтірген.

**2-ші би:**
-Ұшыраған Қаһар ханның кәріне,
Қан жұтыпты бәрі де.

**Майқы би:**
Айтқаны бұлжымайды бұрынғынын.
«Тегіне тартар бәрі тұлымдынының».

**1-ші би:**
-Қаһар ханнан тараған екі қыздың,
Әкесінен кем түспес зұлымдығы.

**Майқы би:**
*(термелеп кетеді)*
-Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады.

*(Билер Майқының сөздерін жатқа соғады)*

**2-ші би:**
-Тілазардан қылжақбас туады,
Таздан жарғақбас туады.

**1-ші би:**
-Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады.
Мылжыннан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.

**2-ші би:**
Қалағаны тәңірдің болады шын,
Бас қатырып кайтеміз солар үшін?

**Майқы би:**
-Бидің аузында биттін де қайғысы жүреді,
Бәріне жаны күйеді.

**Би:**
-Бірақ би екеу болса.
Дау төртеу болмай ма?

**Майқы би:**
Би әділ болуы шарт.
Әділ бидің сөзі халыққа дару,
Әділ ханның туы сарбазға қару.
Айтпақшы Аяз қайда?
Күннен бұрын оянатын жан еді,
Женген сірә тәтті ұйкының әлегі.

*(Аяз би кіреді, есінейді, ұйқысы қанбаған)*

**Аяз би:**
Армысыз, аға!

**Майқы би:**
Армысың, Аяз, бармысың,
Қабағында кірбін бар-ау аздаған.
Ұйкың сірә қанбаған.

**Аяз би**:
-Күтпеген ем мазасыз бұл қонақты,
Жеті түнде Ұят келіп оятты.

**Майқы би:**
*(күліп)*
-Іздеп келген мезгіліне қарашы.
Ұяттың да ұяты жоқ шамасы.
Не тілейді тінтіп сонша түн ішін.

**Аяз би:**
-Ұят дейді сенін мынау жүрісің,
Ішкеніңнің. жегеніңнің құлысың.
Билік үшін қырқысады хандарың.

Әззәзілге сатып арын жандарын.
Билер шешім шығарады теріске,
Алтын көріп жолдан тайды періште...
Сарсытып та кызартып та құлақты,
Түні бойы ұялтты

**Билердің бірі:**
' Немене...
Қырымда жүр қырық хан.
Ел ішінде елу би
Арызданып бармады ма біріне?

**Аяз би:**
Бардым, - дейді...
Тікен шыққыр тіліне.
Бәрі ұйқыда көсіліп,
Он екі би ашпаған соң есігін.
Ұялтуға кепті мені кешігіп.

*(Бшер ыңгайсызданып қаіады)*

Аязби:
*(сөзін жалгастырып)*
-Кетгі сөйтіп тұнұйқымды шығындап,
Ұяттын да ұяты жок шынында.

Майкы би:
*(тебіреніп)*
Бұл фәни сан езгеріп талсымданар,
Қашпасын ерден ұят, ұлтымнан ар.
Жоғалса тугел сөздің бір түбірі,
Үягынажұртым қалар.

АЯI би:
-Байқауымша ауылы соныц жырақга,
Әзірге мен калып жүргеп ұятқа.

Майкы біі:
-Өлімнен күшті ұят еді ол кешегі.
Ұятсыз калган халықтың соры бс
Жүргендігін іздсп келіп жолыгып,
Жақсылыкка жорыдым

*(Бпстарына кұлэпәра киген үш дәруіш **кіреді)***

**Дəруіштер:**
-Ассалаумағаллейкум!

**Майқы би:**
-Уағалейкумассалам!

**1-ші Дəруіш:**
-Дəруіштерміз.
Келіп ек парсы жақтан.
Жауап іздеп жүр едік сап сұраққа.

**2-ші Дəруіш:**
-Атыңызға қанық едік,
Түгел сөздің түп нұсқасын.
Құлағымыз шалып еді.

**3-ші Дəруіш:**
-Бүгін ғана жолығудың сəті түскен пендеміз,
Əлем ойын жиып теріп таратамыз елге біз.

**Майқы бн:**
-Тек ғарыштан іздейтұгын көп сұрақтың дерегін,
Көк-Тəңірге табынатын Тұран атты ел едім.
Сиқыр түнде шолатұғын шсксіздіктін əлемін,
Алдын кесіп адамзатқа төнер барлық пəленің,
Болжау үшін.
Үңілейік жұлдыздардың көзіне,
Ділімізбен қабылданық Көк- Тəңірдің сəлемін.
*(жұлдызшыларға бұрылып)*
Көктен қандай хабар бар?
Қасиетті күннің. қасіретті жердің,
Қарғысына қалмаймыз ба?

*(Сахна күңгірттеніп, жұлдыздар таңбасы көрінеді)*

**Əндір:**
Қызылжұлдыздың тұр екен көзі қанталап.

**Мəді:**
-Жеті қарақшы аңдыздап жүр ғой анталап.

**Əндір**:
Малға қолайсыз болар-ау, сірə, қыс биыл,
Тек диқан шығар шығынсыз өнім арқалап.

**Мәді:**
-Биыл Үркер оң кезімен қарайды,
Көктем мен жаз малға болар қолайлы.

**Әндір:**
-Жұлдыздардың айтуынша, өмір қайта жаңғырып.
Бұржыларға тұр байланып, адамзаттың тағдыры.

**Майқы би:**
-Кеңістікті кезіп жүрген бір тылсым бар ғажайып,
Парасатты ғалам ғой бұл, тұратын кіл жаңарып.
Осы тылсым баршамыздың ұстазымыз, анамыз,
Біз осынау парасаттың шәкірті боп қаламыз.

*(Кенет күн күркіреп, найзағай ойнайды)*
*Құйрықты жұлдыз пайда болады. Билер сасып қалады.*

**1-ші би:**
-Бұл не ғажап?

**2-ші би:**
-Жұлдыздармен ымдасқан,
Белгі беріп тұр ма аспан?

**Майқы би:**
- Әрәйна билер!
Аян түсті ғой аспаннан.
Орта жолын екі мың жылдай аралап,
Жетіпті жұлдыз.
Саспаңдар!
Аян түсті Көк тәңірдің төрінен,
Үш айдан соң Вифлеемда көрінер.
Дәл сол күні Иса мәсіх туады,

*(Дәруіштерге бұрылып)*
Ізгі хабар жеткізіңдер Иордапынның еліне.

*(Дәруіштер тағзым етіп шығып кетеді.*
*Аспан ашылады)*

**Майқы би:**
*(жадырап)*
- Аспан ашық болса,
Күн шуақты болар.

Хан әділ болса,
Халқы ынтымақты болар.

*(Борақ кіреді Ж8зі жудеу. Салқын сәлемдеседі).*

**Майқы би:**
Солғын тартып тұр өңің,
Неғып сонша жүдедің?

**Борақ:**
Майқы баба! Сырқатпын,

**Майқы би:**
Тәуіп қандай мін тапты?
Анықтап айт, не зауап?

**Борақ:**
- Сырт көзге салауатты сияқтымын,
Бір ғадауат бермейді бірақ тыным.
Қадалып бүйрегіме жуалдыздай,
Тарылтып тынысымды тұр алғызбай.

**Майқы би:**
*(Бoрақты мұқият қарап шығып)*
Пайымдасам, қарағым,
Бүйрегіңе бір асыл тас,
Тұрған екен қадалып.
Бірақ, қайдан? Білсем егер,
Құтқарудың табар едім амалын.
*(Борақ үнсіз)*

**Майқы би:**
Озің сынды адамның,
Жүретінін білемін.
Жан алысып, жан беріп,
Жақыңына жамандық,
Ойлағаның бар ма еді?

**Борақ:**
*(Билерге қарап)*
-Жат көздерден жасқанамын,
Құрындар!
Майқы биге жеке айтатын сырым бар.
*(Жұрт теріс қарап кетеді)*

**Борақ:**
-Ықылымнан жайлаған,
Қаһар ханның мекенін.
Білуші едім Бекторынын,
Пері тектес екенін.
Сол арқылы жетпек болдым,
Байлық пенен мансапқа.
Қысыр сөзді шашыратып сан-саққа.
Бекторы да мәз қылды.
«Ханға қастық қыласың» деп азғырды.
Өтеміне қырық карат гауһарды,
Алатын боп бітістік.

**Майқы би:**
-Сол гауһар тас ғадауат боп,
Бүйрегіңе түсіпті.

**Борақ:**
-Сірә, солай.
Тарылды ғалам тарыдай,
Содан бері бір пәлекет.
Батып барад жаныма.
*(Халық қайтадан бетін бері бұрады)*

**Аяз би:**
*(күңкілдеп)*
-Халықты кереӊ болсын деп тілей ме,
Әлде сыбырлағанды,
Құдай да естімей ме?

**Майқы** би:
-Бекторының сиқыры батқан екен жанына,
Бұл зауалдан құтқара алам,
Адал қызмет етер болсаң ханыңа.

**Борақ:**
-Ант етейін.

**Майқы би:**
-Құдіретіне Тәңірдін,
Қарау керек сеніммен.
Өмір мына табиғаттан,
Оқу үшін берілген.
Біле білсең-

Ғадауат та, салауат та,
Бастау алар пейілден.
Пейілінді түзет кәне,
Мен сұрайын Тәңірден.

*(Көкке табынып)*

Жапбар ием!
Жар болш кейінгіге,
Тазарт мына тасты да.
Пейілдіде!

*(Борақ қунап шыға келеді)*
*(Билер қоғам жұмысына дайындалады)*

**Би:**
-Бөрік астында бөрі бар,
Жар астында жаулар бар.
Қамданайық Би-ата
Шешілмеген даулар бар.

**Майқы би:**
-Дауыл болмай жауын болмас,
Даулы болған қауым болмас.
Бетін аулақ қылсын оның әрине.

**1-ші би:**
*(қамшысын тастайды)*

**Майқы би:**
-Ал, сөйле,
Не жаңалық ел ішінде?

**1-ші би:**
Екі әйел баланы бөлісуде,
Баланы бірге өсірген екі мұңлық,
Келмейді «мен таптым» деп келісімге.

**2-ші би:**
—Бала ше? Шешем кім дейді?

**1-ші би:**
-Кім тапқанын байғұс бала білмейді.

*(Екі ана тартысып баланы алып кіреді)*

**1-ші әйел:**
-Бала менікі. Мен тапқам.

**2-ші** әйел:
-Өтірік айтады. Мен тапқам.

**Майқы би:**
-Бауыр басып қалыпсындар білемін,
Тек сәбидің тілейікші тілеуін.
Болашаққа жасамайық киянат,
«Ол тапты» деп мойындандар біреуін.

**1 ші әйел:**
-Мен таптым!

**2-ші әйел:**
-Мен таптым!

**Майқы би:**
*(қатуланып)*
-Ананы данышпан ғана түсінеді,
Долыны данышпан да түсінбейді.
Қылышты әкеліндер!

*(Қылыш ұсынылады)*

**Майқы би:**
-Қалсандар тура сөзге болып керең,
Тендей ғып екеуіңе бөліп берем.

*(Қылышты көтереді)*

**1 ші әйел:**
-Бөлін бер.
Жаттың қолына бергенше,
Өз бөлшегімді алам.

**2 ші әйел:**
-Жоқ-жоқ!
Жаттың колында жүрсе де
Тірі жүрсінші, балам!
*(жьлайды)*

**Майқы би:**
*(бірінші әйелге зекіп)*
-Тарт қолынды!
Бала- екінші әйелдікі!

*(Әйелдер шығады)*

**Аяз би:**
*(қамшы тастайды)*

**Майқы би:**
-Ал, сөйле.

Аяз би:
-Екі биені тел емген,
Құлын бар. Өзі әдемі.
Екі биенің егесі,
Құлыннан осы дәмелі.

*(Екі даугер кіреді)*

**1-пі даугер:**
-Менің бием қрындаған, білемін.
Қрын менікі.

**2-ші даугер:**
-Көрмеген ешкім құлындағанын биенің,
құлын менікі.

**Майқы би:**
-Момынның ақысы зәлімге кетпес,
Кетсе де ұжымаққа қолы жетпес.
Шындықты айтындар.

**1-ші даугер:**
-Шынын айтсақ бір құлын,
Шетінеп сірә кеткен бе?

**2-ші даугер:**
-Ал мынаның қай биеден туғанын,
Білмеді ме екен еш пенде?

**Майқы би:**
-Ең салынсын биелер мен құлынға.

Бір-бір тамшы қанын алып ырымға.
Араластыр қаныменен құлынның.
Мәнісін де түсінерсін ырымның.

*(Аяз би шығып, қайта кіреді)*

**Майқы би:**
-Сөйле. Аяз!

**Аяз би:**
-Бірінші тамшы құлын қанымен бір тұнып.
Екінші тамшы құрысып қалды қырсығып.

**Майқы би:**
-Демек, құлын бірінші биенікі.
Бірінші даугердің де тілеуі шын.

*(Даугерлер тағзым етіп шығып кетеді)*

**Майқы би:**
*(толғанып)*
-Тамшы да тектес теңізге.
Жегесіз жетім дегізбе.
Жақсыдан жаман туса да,
Жаманнан жақсы туса да,
Тартпай қоймас негізге.

*(Сахнаға бір жағынан Құмырсқа бастаған топ, екінші жағынан Бекторы, Борақ және Бүбі шығады)*

**Құмырсқа:**
-Дат, тақсыр!

**Майқы би:**
Датың болса айт.

**Құмырсқа:**
Алдияр! Ақиқатты іздеп келдім,
Екі хан бөлісе алмай бір бөктерді,
Соғыспақ.
Соғыс кімді жарылқапты.
Жарлы мен жақыбайдың малын шапты.
Елге тағы салық салды,
Күйзеліп халық қалды.

Хан халыққа бермеді тілегенді,
Қан кешіп, қайғы жұтып жүре ме енді?

**Борақ:**
-Соғыс - өмірді өркендетудің кепілі,
Женген патшаның халқы да күшті, өтімді.

**Бекторы:**
-Соғыссыз-ақ аштықтан өлген,
Қаншасы жетім-жесірдін.
Көрінде жатып өкірді.

**Құмырсқа:**
-Соғыста қай халықтың жасы кепкен,
Ханның да қанжығада басы кеткен.

**Борақ:**
Ханға қарсы сөйлейсін қалай-қалай,
Бассыз қалып жүрерсің абайламай.

**Құмырсқа:**
-Өзекті жанға бір өлім,
Құлдықта болмау тілегім.
Қырық жыл қырғын болса да.
Еркіммен өмір сүремін.

**Бекторы:**
-Өзіңнен зорға қарсы тұрғаның,
Өзіңе қақпан құрғаның.

**Құмырсқа:**
-Бекторы әдде мені сынамақсың,
Аштыққа шыщармыш.
Жоктыққа шыщармыш,
Зорлыққа шыдамаспын.

**Майқы би:**
-Зорлық есіктен сығаласа,
Әділет жабықтан қашады.
Жаныма осы батады.

**Борақ:**
-Жеңімпаздың айдарынан,
Жаздың желі еседі.

Мынау әлем күштілердің мекені.
Әлжуаздар қашанда,
Күштілерге жемтік болып өтеді.

**Майқы би:**
Бұл ғаламды жаратпаған,
Қирата да алмайды.
Әділ заңын тіршіліктің
Түсінбеген сол қайғы.

**Дауыстар:**
-Хандар келеді,
-Хандар келеді!

*(Екі жақтан екі хан кіреді)*

**Майқы би:**
-Уа! Ел иелері!
Бірің Үйсін, бірің -Ғұн,
Бауыр едің бұрынғы.
Ағайындар арасы,
Айтшы, неден бүлінді?

**Алшағыр:**
-Мен күйеумін Үйсінге! Ел менікі!
Қайын жұртым жайлаған жер менікі!

**Мадан:**
-Жоқ, Алшағыр! Егеспе!

**Алшағыр:**
-Қаһар менің қайын атам емес пе?

**Бекторы:**
-Шын айтады Алшағыр,
Маған енші сонша жайлау, сонша қыр.

**Бүбі:**
*(барып Бекторыны құшады)*
Оның рас, саған да,
Тиесілі жер еді ғой маған да.

**Борақ:**
- Мен Бүбіге қосыламын һаманда.

Мен де күйеу,
Еншімді алмай қалам ба?

**Құмырсқа:**
-Жүрексіз қыран,
Жағалтайға жалтақтар.
Жетесіз жігіт.
Қатынын жақтап жан сақтар.

**Мадан:**
Жоқ болмайды!
Бере алмаймын келісім,
Бабаларым шейіт болған жер үшін.
Ол аз болса, жатыр анау зиратта,
Қаһар ханның бейіті.

**Бекторы:**
Қылыш шешсін!
Жанымнын тұнған шері бар,
Шешемнің менің төгілген қаны, кегі бар.

**Бүбі:**
-Апам дұрыс айтады,
Ана кегі қан төгілсе қайтады.

**Майқы** би:
-Қанды қанмен жумас болар,
Хан халықпен сырлас болар.
Айтылмаса төрелік,
Ел бітіспес ер өліп.
Ханнан үлкен жасы бар,
Қараша халық келіп тұр.
Соларға сөз берелік.

**Бекторы:**
-Хан тұрғанда қараша сөйлемеген!

**Құмырсқа:**
-Бекторы, сен не деген залым едің.
Қамқорына ханшаның жарымады-ау.
Күйзеліп тұрған шақта қалың елің.

**Бекторы:**
-Қамқорықарашаның хан емес пе,

Қараша хан алдында,
Құрбандыққа шалынар мал емес пе?

**Құмырсқа:**
-Долысың-ақ!
Бет жыртыспай тынбайтын,
Тіліңменен туырлықты турайсың.
Адалдықтан, ар-ұяттан жұрдайсың.
Қаһар ханның туған қызы болсаң да,
Қарашанын тырнағына тұрмайсың.

**Бекторы:**
*(Алшағырға жағымдазданып)*
-Хан ием!
Бұл қорлыққа мен шыдаман,
Тамұқта жанып кетсін жарты ғалам.
Қалай қарсы сөйлейді хан қызына,
Осының тілін кесіп берші маған.

**Борақ:**
-Хандар халқын қажытпан асыраған.
«Ханға қара тең» деген аты жаман.
Қарсы шықса елдегі саясатқа.
Батырдың басын алам.
*(Қылышын суырады)*

**Құмырсқа:**
-Жүрек жұтқан жаудан да қорықпаған,
Батырмын, келем әлі жорықта аман.
Басты кессе қылышқа сан ұсындым,
Тіл кесетін пәлеге жолықпағам.

*(Бұл да қылышын суырады. Халық шу ете қалады. Лозунгтар көтеріледі)*
- Қан төгілмесін!
Соғыс болмасын!
- Салық қысқартылсын!
- Жер халыққа қайтарылсын!

*(Хандар сескеніп қалады)*

Алшағыр:
-Бұндай үрдіс бұрын-сонды болмаған.

**Мадан:**
-Шайқаста да халық ханды қолдаған.

**Майқы би:**
-Ханы кекшіл елдің халқы бүлікшіл болады.
Бегі мен қарашасы жауласса,
Ел елдігінен қалады.
Шығарма естен хан ием,
Қара да, хан да,
Қас-қағым сәттің қонағы.

**Құмырсқа:**
-Би ата! Құзырына құлақ түрдім.
Қарашаға араша сұрап тұрмын.

**Майқы:**
Хан - қарашасыз болмас,
Дау - арашасыз болмас.
Жолықса ұлын жауға, кызың дауға,
Ұрыннан үйдей пәле ұрынбай ма?
Жапалақ жаман елге билік айтса,
Пиғылы халықтың да бұзылмай ма?

**Алшағыр:**
-Соңғы сөз Сізден болсын!

**Мадан:**
Шешімін өзіңіз шығарыңыз!

**Майқы би:**
-Жарандар!
Екі қылыш бір қынапқа сыймайды,
Батырлар мен бектерді.
Осы жері қинайды.
Ары үшін жан пида екендігін ұқсын,
Батырлар жалаң қылыш сертіне шықсын.

*( Құмырсқа мен Борақ сахнаның ортасына шығады)*

**Майқы би:**
*(Бораққа)*
- Әділетке қарсы қылыш суырсаң саған серт!

*(Борақ қылышын көлденең ұстап тізе бүгеді)*

**Майқы би:**

*(Құмырсқаға)*

-Абыройсыз қынапқа қайта салсаң саған серт!

*(Бұл да қылышын көлденең ұстап тізе бүгеді. Екеуі қылыштарын сүйіп серттеседі)*

**Майқы би:**

-Қылыш жүзінде серт берік!
Жүрмендер енді кектеніп!

*(Екеуі қылыштарын көтеріп төс қағысады)*

**Майқы би:**

*(Хандарға бұрылып)*
-Уа, хандар!
Қара халыққа хан ие,
Қара жерге халық ие.
Не хандығынды бер де, жерді ал,
Не жерді бер де, хандығында қал.
Хан боламын десендер,
Мәмілеге келіндер.
Жерді халыққа беріндер.
Салық өлшемді болсын,
Елге ынтымақ қонсын!
Осыған тоқтандар!

**Алшағыр:**

—Ләпбай, тақсыр.
Мен тоқтадым.

**Мадан:**

- Құзырыңызға құлдық!
Мен де тоқтадым.

**Майқы би:**

—Елге тыныштық,
Хандарға туыстық керек.
Ел мен елді жақындастыратын,
Хан мен ханды ақылдастыратан,
Сәбилерің бар ма еді?

**Мадан:**

-Менде Мәжнүн - ұл бар.

**Алшағыр:**
-Менде Ләйлі - қыз бар

*(Екі бесікті алып шығады)*

**Майқы би:**
Басымыздан аумасын деп ырыс, күн.
Қадамынды басу үшін дұрыс нық.
Жауласуға бейім тұрған хандардын,
Араларын жатсын жалғап туыстық,
Ел боламын десендер -бесігінді түзендер,
Туыс елдін татулығын тілендер!
Бүгіннен бастап екі хан құдасындар.
Құйрық-бауыр асасып тұрасындар!

**Алшағыр:**
-Тәңірім ұзағынан жарылқасын

**Мадан:**
Құда мың жылдық болсын!

**Майқы би:**
*(Сәбилерге бұрылып, қолын жайып, батасын береді)*
-Ат жалы, түйе қомында,
Ат анды көштін жолында,
Аталы жұртқа ынтымақ болып қонындар.
Туыстық пен тыныштықтың
Аманаты болындар!
ӘУМИН!

## Екінші бөлім

*(Майқы мен билер мәжілісте. Он алты жасар Иса кіріп сәлем береді)*

**Иса:**
Ассалаумагалейкум!
Хан біткеннің қазығы
Қараша жұрттың азығы!

**Майқы би:**
-Уағалейкумассалам!
Болар бала сәлемінен танылар,

Әр сөзіңнің мәні бар.
Сірә, Иса боларсың?

**Иса:**
-Дөп бастыңыз, әулие Ата.
Мен туғанда жұлдызымды жорыған,
Көріпкел Әулие-Ата сіз едіңіз.
Түспекшімін тағдырымнын жолына,
Медет болса сіздің бата, тілегіңіз.

**Майқы би:**
-Өткенді шолып, ойланып.
Сенің жарык жұлдыз-шамың жанғалы.
Орындалып Мариямнын арманы.
Иродтың ілмегелі қармағы.
Он алты жыл өткен екен, ардағым.
Жөн балам. Кім болмақсың?

**Иса:**
-Алланың ұлы болмақпын.
Халкымның құлы болмақпын.

**Майқы би:**
-Жолың ауыр болар сірә, шынарым.
Қасіреттен қалтырайды-ау шырағың.
Құл сыйламас халқың бар білемін.
Қорлығына жетер ме екен шыдамың?

**Иса:**
-Тәңірім әділ сынасын,
Қаныма құмар тобырдың.
Қабылдап адам күнәсін.

**Майқы би:**
-Нетерсің!
Құлға жауыз халықтың,
Құрбаны боп кетерсің.

**Иса:**
-Нартәуекел, не де болса, шыдадым!

**Майқы би:**
-Ойламаған бас қамын,
Мойындамас махаббаттан басқаны,

Бар осында сенің замандастарың.

(Ләйлі мен *Мәжнүн)*

**Мәжнүн:**
*(Ләйліні Исаға таныстырып)*
-Мынау Ләйлі.
Ақ сүтті ай тәніне іліп бесік,
Жіберді бұны Тәңір сүйікті етіп.
Құрсағында бір әлем лүпілдейді
Кіндігінін түбіне сыйып кетіп.

**Иса:**
-Керемет қой!
Бұдан асқан ғажайыпты білмеппін

**Ләйлі:**
-Қан төгіп хандардың қаһары.
Халықты сұм соғыс тонайды.
Өсірер сарбаздар қатарын,
Ұл табы парыз деп санайды.

**Иса:**
Тіптен де парыз емес.

**Ләйлі:**
- Кетсе де жаһаннам жынданып,
Тірідей күнәға батпаймын
Болатын соғыстың құрбаны,
Жауынгер ұлдарды таппаймын.

**Иса:**
-Ұл туса да, қыз туса да тектіден.
Ана болу ұлы бақыт деп білем.

**Лйнлі:**
-Мен үшін парызға тұрмайтын,
Қанша хан шығарды үкімді.
Хан үшін өлнтін ұлдарды тумаймын,
Қыз табам!

*(Мәжнүнге бұрылып)*
Сен де менің жарасың ба ішімді?

**Мәжнүн:**
-Қапаланам Қаһар ханға ұқсатсаң,
Мен бақытты болар едім қыз тапсаң,

**Майқы би**:
-Ана болсаң ардақты бол, қарағым,
Мұқалмасын талабың.
Білсем осы - жұмақ деген ғажабың,
Жатады екен табанында Ананың.

*(Билер жастарды ертіп сахнадан шығады. Сахнаға жалтақтай басып Бекторы мен Борақ кіреді)*

**Бекторы:**
-Қазір мұнда келу керек Алшағыр,
Қалтырама қатер төнген жанша бір.
Басын біраз дуалағам, көрсете алмас қарсылық,
Онсыз да жүр жаншылып.
Садағыңа берік бол, жебелеріңді түгенде,
Бүгін оны опат қылмай жіберме.
Жасырына тұрайық.

*(Екеуі сахнаның түкпіріне жылыстайды)*

**Алшағыр:**
*(Шығады, сахнада ерсілі-қарсылы жүр. Түкпірде Бекторының бұлыңғыр бейнесі, елес)*
Әміршіден не күтеді болашақ?
Тәңір болдым тұғырыма қона сап.
Бағындырмақ болып бүкіл ғаламды,
Қойша үйіріп көгендегі адамды,
Өз қолымнан қанға толды жерошақ.

**Бекторы:**
-Қан уыстап тумасаң хан болмайсың.
Ата жауың Маданның,
Көзін жоймай оңбайсың.

**Алшағыр:**
-Неге бәрін ғайбаттайсың,
Бесік құдам Маданды.
Опасыздар өсегінен,
Қанша жақын туыстарым таланды.

**Бекторы:**
Хан біткенде туыс та жоқ, бауыр жоқ.
Қанжарынан қан жұтпаған қауым жоқ.

**Алшағыр:**
-Мадан ханда,
Жеті атамнын құны да жоқ алатын.
Ойым да жоқ жақынымды,
Құрбандыққа шалатын.

**Бекторы:**
-Шаласың да ақыры,
Біз де сенің жеңілдеттік ісінді.
Өзіңменен жүздесуге шақырып,
Борақ оны зынданыңа түсірді.

**Алшағыр**:
-Бұл жалғанда өтерсіңдер,
Әзәзілді азғырып.
Қалай менсіз шешесіндер,
Көрші ханның тағдырын.

**Бекторы**:
-Сенің атыңмен шешеміз,
Келісіп алдық кеше біз.
Қарайын қапы уәзірлер отыр,
Ертең-ақ
Қырғып соғысқа көшеміз,

**Алшағыр:**
-Жоқ, болмайды!
Босатамын түрмеден,
Борақ оны алдап торға түсірген:.
Албырт Мадан білмеген,
Уәзірге сырын алдырған хан -
Қақпанға түскен аң.

**Бекторы:**
Майқының сөзін сен де жаттайтын болыпсың.

**Алшағыр:**
Майқы барда тұтануы,
Мүмкін емес соғыстың.

**Бекторы:**
-Керегі жоқ аландап,
Қарақшылар онсыз да жүр арандап.
Әлсін-әлсін қырылмаса соғыста,
Бұл фәниге сыймай кетер адамзат.

**Алшағыр:**
-Борақ қайда? Меніменен жолықсын.

*(Борақ кіреді)*

**Борақ:**
-Мен мындамын. Өзіме-өзім берікпін,
Патшалықтың тамырын жалғыз басып келіппін.
Сенде билік қалмады,
Уәзірлерің алдады.

**Алшағыр:**
-Өңшең сатқын.
Сендерді мен,
Уәзір қылып сеніп ем.
Кесір құлан екенсіңдер,
Өз қағынан жеріген.

**Борақ:**
-Ендігі сөзін құрысын!
Қан төгумен шешпек болып,
Дұрысы мен бұрысын,
Қырық уәзір қайрап отыр қылышын.

**Алшағыр:**
-Сен бе жүрген арандатып бүлікті?

**Борақ:**
-Жол-жөнекей Маданға да,
Қызмет қылып қарадым.
Сеніміне кірдім де,
Таптым істің амалын.

**Алшағыр**
-Тағы нені бүлдірдің?

**Борақ:**
-Маданды әкеп өзіңнің,

Зынданыңа қамадым.
"Ханнын басын хан алды" - деп.
Саған жала жабамын.

**Алшағыр:**
Ұмытқансын құдайды,
Қалай менің қаматасын құдамды,
Маданда осы не құнын бар қалаған?

**Борақ:**
-Айыбы оның хан болғаны қарадан,
Қарақшылар жаландатып қанжарын,
Ертең оның қырады елін, мал-жанын.

**Алшағыр:**
Сен несіне күйіп жүрсің арсызым?

**Бекторы:**
-Білгің келсе,
Борақ менін жансызым.
Екеуміздің қолымыздан,
Болды қанша жан шығын?
Енді сен де жаназасыз өлесің,
Жаһанамды коресің.

**Алшағыр:**
*(жұлқынып)*
Уламандар санамды,
Босатамын Маданды.

*(Алға аттайды Сахнадағы елес жыланға айналып, айбат шегеді. Борақ садақ тартады, Мөденің «ысқыратын жебесі» ысылдап келіп Алшагырдың алдына қадалады.)*

**Жылан:**
Босатпайсың!
Мадан зынданда шіриді.
Әулетіменен құриды,

**Алшағыр:**
Бұл не тағы,
Алжастым ба есімнен?

Ес пен түстің арасында құбыжық жүр көсілген.
Босатамын!

*(Тағы да аттайды. Екінші жебе ысқырып келіп дәл табанының алдына қадалады)*

**Жылан:**
-Мөде ханның туыстарын,
Қырып салған бұл жебе,
Енді аттасаң қадалады кеудеңе.

**Алшағыр:**
-Көзімде тұман,
Миымда ылаң.
Сен кімсің, жымысқы жылан?

**Жылан**:
-Адасқанға тұманмын,
Әлсіздерге ылаңмын.
Борақ түгіл
Адам-Ата, Һауа-Ананы да арбаған,
Лилитпін - перімін.
Пейіштегі жыланмын.

*(Жылан қайтадан құбылып. Бекторыға айналады)*

**Алшағыр:**
*(әлсізденіп)*
-Ширек ғасыр хан болдым шер жастанып,
Жетесіздер жетісті ел басқарып.
Дуасына перінің душар болып,
Табанымнан тұр міне, жер қашқалы.

**Борақ:**
-Мен перінің сиқырына,
Қарсыласа алмадым.
Сенде өзіне тапсырарсың,
Аманатын Алланың.

**Бекторы:**
-Ырқыма бір көнбеуші еді қырсығып,
Маданнында қиылады қыршыны.
Табаныма төселеді далам кең.
Екі тақта өзім жалғыз қалам мен.

**Алшағыр:**
-Өз ініңді құрбандыққа шалам де.
Сірә, мұндай зұлымдық,
Болмас бүкіл әлемде.

**Бекторы:**
- Патша залым болмаса,
Билікті қайдан табады?
Төсектес болсаң жыланмен,
Тәнінде таңба қалады.

**Алшағыр:**
-Таңба менің тәнімде емес, жанымда,
Мынау алтын тағымда.

**Бекторы:**
-Тақ таласып маған қалдыр.
Қамықпа.
Енді мені мойындайды.
Майқы би де.
Халық та.

**Алшағыр:**
-Өзін өктем санаған,
Жұмыр жерді допша тепті сан адам.
Қандастарды мен де талай қанағам.

**Бекторы:**
• Уысыңда ұстасаң да әлемді,
Осы жерде шығарылар жаназаң.

**Алшағыр:**
-Қабындырды миымды,
Бұл зауалдан арылу да қиын-ды.
Зұлымдыққа кенелдім,
Дайындай бер жылан тілді жебснді.

*(Тағы да аттайды. Үшіншіжебе ысқырып келіп, Алшағырдың кеудесіне қадалады, ол басы салбырап, тізесі бүгіліп, құлай береді)*

**Бекторы:**
-Көптен бергі орындалды арманым,
Қарындасың тындырады қалғанын.

*(Ғайып болады)*

**Мадан:**
*(зынданда, аяқ қолы кісендеулі)*
-О, Жасаған - Тәңірім!
Қаңсыды қан тамырым.
Тәңірімнің галақ қылды пенделер,
Тәрбие мен тәлімін.
Бір өмірдің гүлін үзіп,
Қызын құшып тойладым.
Өмір менің меншігім деп ойладым.
Ойда жоқта кісенделді аяқ-қол,
Қалай шығам бұл қапастан беймәлім?
*(кісенді сылдырлатып көреді)*
Тастан ауыр болдым түскен жеріме.
Танымастың шығып алдым төріне.
Мойыныма ілетіндей ажырғы,
Тірідей-ақ кіргендеймін көріме.
Ушықтырды мені не?

*(Бекторы мен Бүбі кіреді)*

Бекторы:
-Шынында да мүшкіл екен жағдайы.

**Бүбі:**
-Ақыры әкеп тығырыққа.
Тіредім ғой маңдайын.

**Мадан:**
- Әлі де өз ойымен,
Бұл қорлыққа қалай ғана шыдармын.
Шыныменен шіримін бе,
Зынданында құдамның?

**Бүбі:**
*(Бекторыға Маданды меңзеп)*
-Қанаушылар қамалғанда,
Күнәларын арқалап.
Абақтыда танымастай өзгеріп.
Періште боп шығады екен Зәнталақ.

**Мадан:**
- Әпкелерін жаңа байқап,

Сендер қайдан жүрсіндер?
Доспысындар, жаумысындар
Кімсіңдер?

**Бүбі:**
Естіп сенің халінді,
Жеттік ұшып апамызбен екеуміз
Туыс болып жүргеміз жоқ бекер біз.

**Мадан:**
-О... Бауыры-ы-м!
Тағы жұтып бостандықтың жауының.
Аспанның ақ нөсеріне жуынсам,
Жүрегімді суыр сосын суырсаң.

**Бекторы:**
-Алшағыр ғой сені торға түсіргсн.
Пиғылынан түсінгем.

*(Екеуі Маданның кісендерін шешеді)*

**Мадан:**
Қиын-кыстау кезенде, табылшы деп қасымнан,
Құдам мені татулыққа шақырған.

**Бекторы:**
Сенбе сөзге.. Пейілдері тарылып.
Кешегі айтқан уәдесінен жаңылып.
Арандатып әлсмді,
Қорқаулар жүр қой терісін жамылып.

**Мадан:**
Сенбеуші едім сендергеде,
Тілің бірақ барады бал тамызып.

**Бекторы:**
Кенезесі қаңсып қалған түрмеде,
Керек қой деп жүрек жалғар бірдеме.
Мынау қымыз,
Алып келдім арнайы.
Ішіп ал да, ақырын күт. Үндеме.

*(Мадан қымызды жартылай ішеді)*'

**Мадан:**
-Апам-ау, алғандай-ақ алау ішіп,
Көз алдым бара жатыр қарауытып.

**Бекторы:**
-Оның рас. Қолымнан у ішкіздім,
Жоқ маған туыстығын.
Ұлық емес ұлысың наубайшынын,
Өлгенің дұрыс бүгін.

**Мадан:**
-Екеуіннен күтпеуші едім жақсылық,
Залымдығың кетті мүлдем асқынып.
Әлгі Борақ,
Дәнекер арамызға болмақ еді,
Шынымен алдады ма, ол да мені?

**Бүбі:**
-Тауыпсың-ақ сенетұғын кісінді,
Алшағырды Борақ оққа ұшырды.

**Бекторы:**
-Қамалғаның сенің мұнда біл, інім,
Әрекеті Борақ пенен Бүбінің

**Бүбі:**
-Арбаудан әйел заты жалыққан ба,
Алыпты алып ұрдым алысқанда.
Борақты бал тіліме бағындырып,
Қоянды айдап салдым арыстанға.

**Мадан:**
-Қадірін білмес,
зағипқа берсең жарық күн,
Тақ таласында қарғысын алдым халықтың.
Ең берік қамал төтеп беретін тағдырға,
Қақпағы екен ғой табыттың.

**Бүбі:**
- «Өлім жоқ» деуші еді ғой Майқы бабаң,
Ажалсыз-ақ төнді ме ақырзаман..

*(Мадан құлайды)*

**Бекторы:**
-Бақұл бол, есерім
Табытта оянсаң шошыма,
Ол сенің мәңгілік мекенін.

**Бүбі:**
-Міне, шештік екі ханнын тағдырын,
Енді еркін жұта аламыз таң нұрын.

**Бекторы:**
*(масайрап)*
Хандар-ай,
Тарылтпақ бон тынысынды.
Талайлар қанжар сілтеп, қылыш ұрды.
Біз болсақ қыннан қылыш суырмай-ак,
Тындырдық жұмысынды.

**Бүбі:**
-Кеше ғана жүруші еді құлшынып,
Жатыр енді тар лахатта тұншығып.

**Бекторы:**
Бұл той ғой
*(дауыстап)*
Борақ, қайдасың?
Қымыз әкел.
Ханшайымын тойласын

*(Қолына торсық ұстап Борақ кіреді. Бекторы қымыз құйып. Бүбімен Бораққа ұсынады. Бүбі ішіп алады, Борақ бас тартады)*

**Борақ:**
Менің тойым әлі алда, бикештер,
Ұлы тоқға жиыламыз біз кешке.

**Бүбі:**
Ол қандай той?

**Борақ:**
-Көптен бері жүр еді ойымызда,
Бүбі, сені шақырамыз,
Бекторымен үйлену тойымызға.



Л

**Бүбі:**
- Нс дейді мынау өлермен,
Мадан ханмен бірге сені көмер ме ем.

**Борақ**:
-Апаң мені әлдеқашан арбаған,
Екі тақтың иесі деп,
Мына мені таңдаған.
Тәтті түнін, сәтті күнін,
Ыстық құшағын, сезім тұтамын.
Маған ғана арнаған.
Алшағырдың апаң жетті түбіне,
Сен де мыстан оз ініңді жалмаған.
Енді міне, екеуіңнің
әтешің де, әміршің де мен болам.

**Бүбі:**
-Апа-ау, мынау не деп кетті,
Сенейін бе сөзіне?
Шыныменен, апа-ау, менің шөп салдың ба көзіме?
Өз апам мен күйеуімді қалай ғана бөлісем?

**Бекторы:**
-Бөліспейсің! Абыржыма, ардағым,
Сен де жұттың Бекторының қармағын,
Сіңлім едің келісті,
Мадан ішкен заһардың,
Тең жартысын жаңа ғана сен іштің.

**Бүбі:**
-Не айтпақсың мұнымен?

**Бекторы:**
-Қалған уды Маданнан,
Жаңа ғана іштің менің қолымнан.
Енді сен де кеттің менің жолымнан.

**Бүбі:**
-Бәсе, неге тұргандайын көр төніп,
Барады ішім өртеніп.

**Бекторы:**
-Кешір, сіңлім, осы болды талайың.

**Бүбі:**
-Жә, жарайды. Талайымнан көрейін.
Апамсын ғой, құшақташы.
Бақұлдасып өлейін.

*(Екеуі құшақ жайысады. Кенет Бүбі Борақтың белiндегi қанжарын суырып алып. Бекторыға қадайды)*

**Бекторы:**
*(қаңсырап)*
-Иә! Дұрыс!
Бәрі дұрыс. Егер сен.
Қаһар ханиан туған болсаң,
Әке жолын қуған болсаң,
Дәл осылай істегенің дұрыс-ақ,
*(құлайды)*

**Бүбі:**
*(әлсіреп)*
-Бәрі дұрыс! Бақұл бол, қасқыр заман,
Қара жердің бұйыртсын астын маған.
Жаман ырымға балап бабаларың,
Қанішердің қабірін аштырмаған.
Қанжарынан қан тамған, тамған ызғар,
Біздер жайлы тарихта қалған із бар.
ОЛ дәуірдің соңында жерленіп ек,
БҰЛ дәуірде тірілтіп алмаңыздар!
(*Апасын құшақтап құлайды)*

**Борақ:**
-Тамаша!
Қорқушы едім өтем бе деп,
Сүтін сауып қысырдың.
Енді міне, қос жәдігей қатындардан,
Бірақ сәтте құтылдым.
Орындалды тілегім,
Енді міне, екі таққа.
Жалғыз өзім иемін. Ха-Ха-Ха!!!

*( Аяз би кіреді. Болған уақиға,а таңданбайтын сияқты)*

**Аяз би:**
-Тоқта, Борақ, білесің ғой, кім едің.
Кеше ғана Алшағырдың құлы едің.

Бүгін міне, дандайсып,
Өзін әкеп тағдырынды тығырыққа тіредің.

**Борак:**
-Недеп тұрсың?

**Аяз би:**
-Құмырска батыр бастаған,
Қарулы қол келіп кірді қақпадан.
Басып алды шаһарды,
Өзі сонша қаһарлы.
Ләшкерлерің қырылды,
Білесің гой құнынды.
Әне, өзі де келіп қалды,
Жоямын деп зұлымды.

*(Қылышын жалаңдатып Құмырсқа батыр кіреді)*

**Құмырсқа:**
-Мойыныма жүктемес ем сеніп арам қанынды.
-Бірақ, пейілің тарылды.
-Ханды өлтірген сұмырай.
-Қарашаны қырады ғой қынадай.
-Жаһаннамға жолдамақпын енді сенің жанынды.

*(Екеуі қылыштасады. Қылыш Борақтың кеудесіне тиеді)*

**Борақ:**
*(тәлтіректеп)*
-Жаңа ғана екі таққа мінгенде,
Жаңа ғана басыма тәж кигенде,
Жаңа ғана бақыт құсын ілгенде,
Ажал келіп алып кетті бір демде.
*(құлайды)*

**Аяз би**:
-Бұл да ғибрат білгенге.

*(Екі биді ертіп Майқы би кіреді. Бұл да болған іске таңданбайды. Бәрін алдын ала білгендей)*

**Майқы би:**
-Ақылдан адасқандар,

ажалдан адаспайды.
Тақ үшін таласқандар,
Табытқа таласпайды,

*(Мәйіттерді алып кетуге ишара білдіреді. Атқарушылар мәйіттерді алып кетеді)*

**Би:**
Қолға түскен қарақшылар мен қырық уәзір,
Шешіміңізді ктіп тұр.

**Майқы би:**
*(Құмырсқаға)*
*Е*ндігі билік сенде,
Асыранды қырық қазым бар еді,
Пейілдері тар еді.
Сол бір қырық пәлені.
Ауыртпай жүндеп,
Қан шығармай сойып.
Отқа салмай пісіріп берші.

Аяз би:
*(Құмырсқаға)*
Қырық уәзірді шешіндіріп, киімдерін жақ отқа.
Көліктерін сойып, елге тарат,
Бай-манапты жолатпа.
Құлқынға құл уәзірлерді, араны аш.
Ханбазарға айдап барам жалаңаш.
Халық алдында ақталсын.
Бұл уақиға болашаққа,
Ғибрат болып сақталсын

**Майқы би:**
-Дұрыс шештін
Мұрагерлер есейгенше Аязды
Хан сайлаймыз Ұлысқа.
Уәзір болсын құмырсқа.
Екеуіңе аманат,
Ел іргесін ыдыратпай тұр ұстап!
(*Аяз би мен құмырсқа Биге жүгінеді)*

**Майқы би:**
Хан боларсын қаласан.
Ынтымақты болсын десең қарашаң.

Халқыңның табанын теспе!
Әділеттің тілін кеспе!
Аяз әліңді біл!
Құмырсқа жолыңды біл!

**Аяз бен Құмырсқа:**
-Ләплай, тақсыр!
*(Бастарын иіп шегінеді)*

**Майқы би:**
-Анау ғасырлық ағашқа қарандаршы.
Тамыры бір діңгегі бір,
ал бұтақтарын ұлыстарға бөле аласың ба?
Жерді бөлдік, шекараны орнаттық,
бірақ оған сыймадық қой расында.
Соғысамыз дегенді,
Қалай ғана сиғызасың ақылға?

**Аяз би:**
-Желден жеңіл,
Жерден ауыр бұл сұрақ,
Жауласпайық жеті атаға күн ұрап.
Жақындаспаса арамыз,
Жасанған жаудың алдында жалғыз қалармыз

**Майқы би:**
-Екі таққа мұрагерлер қайда жүр,
Кірсін бері.
*(Ләйлі, Мәжнүн, Иса кіреді)*

**Майқы би:**
-Тікенекті тар соқпақ жолда мына.
Білмейміз Тәңір бізді қорғады ма?
Адастық,қалжырадық, болашақты,
Сендердің тапсырмақпыз қолдарына.

**Иса:**
-Би Ата! Не боп кетті мына жалған?

**Мәжнүн:**
-Қайда барсаң қан төгіс шығады алдан.
Алдау, арбау, зұлымдық, кісі өлтіру,
Құтылатын күн бар ма мыналардан?

**Ләйлі:**
-Фәнидің бұл пәлсафасын түсіндім,
Қорқау қоғам, мен сенің жүрегіне түкірдім.
Енді мен де көрсетемін күшімді.
Хандар үшін құлшынып.
Қиылатын қыршыны.
Ант етемін!
Ұл таппаймын! ҚЫЗтабам!
*(Баршаға бұрылып)*
Кәне, қайсың жарасыңдар ішімді?!

**Майқы би:**
-Қапаланба, құлыным,
Айдарың күн.
Жел ғой ссннің тұлымын.
Аулақ болсын сендерден,
Қаһар ханмен бірге кеткен зұлымдық.

**Мәжнүн:**
*(қапалы)*
-Ләйлім ерке елігім,
Мен өмірден жерідім.
Ұрпағыма қалса деймін.
Менің мәнсіз өмірім.

**Ләйлі:**
-Не деп кеттің ардағым,
Мен түсіне алмадым.

**Мәжнүн:**
*(жүзікті көрсетіп)*
Төрт грамдық темір жүзік,
Сығып алғам жүрегімнің қанынан,
Енді ауаға жарыман.
Енді жұтып қорытпаймын оттегін.
Енді қайта оралмайды көктемім.

**Ләйлі:**
-Махаббатқа қалыңдық.
Қанынменен төлепсің.
Маған жүзік керек емес,
Маған өзін керексің

Мәжнүн:
-Жекпе-жек шығып қан майдан,
Тамұқтың төніп түнегі.
Өлім кеп сүйсе мандайдан,
Өмірден ұзак сүйеді.

*(Билер түсінбей өзара шүйіркелеседі)*

**1-ші би:**
-Өлім жайлы айтады қыршынында.

**2-ші би:**
-Шыны ма, қырсығы ма?

**Құмырсқа:**
-Махаббаттың дертіне.
Қанған шығар ол шыдап.

**Аяз би:**
-Ғашықтардан әуре болма жөн сұрап.

**Майқы би:**
-Махаббат үшін
жанынды берсең жоқ қайғы.
Ақымақ емес тағдыр да,
Жастарды текке қоспайды.
Жер жаһандағы бақыт сол,
Тентек болма,
Тақуа болма,
Ғашық бол!

*(Музыка. Майқы бидің сақталып қалған әні ойналып, балет көрінісі аққудың айрылысуын бейнелейді. Ғашықтар өледі)*

**Мәжнүн:**
-Шық болып ілінші таңғы гүлге,
Сүйінсін сезім әлемі.
Қанымның қызыл түйіршігінде,
Төрт грамм темір бар еді.
Қабылда соны, асылым.
Қанын сыйлайды ғашығың.

**Ләйлі:**
- Жоқ! Жоқ! Керегі жоқ жүзіктің,
Өзін керексің сүйіктім.

**Мәжнүн:**
-Жолыңа сенің жаным да құрбан,
Өшірдім мәңгі күдікті.
Сыйлаймын саған қанымнан құйған.
Төрт грамм темір жүзікті,
Бұйыра көрме айыпқа,
Ғашығың күгер ғайыпта.

**Ләйлі:**
-Жоқ!
Шетсіз де шексіз ғарышта туған,
Түнекте сенсіз жатпаймын.
Оқ пенен жаудан, от пенен судан.
Жаһаннамнан да сақтаймын.

**Мәжнүн:**
Ғашық сезімнің аусары күшті.
Фәниден күшті шын ғашық.
Махаббатыңның кәусарын іштім,
Бақилыққа да қимасым.

**Ләйлі:**
-Жоқ! Жоқ! Қанатымды жайып іа,
Мен өзіңмен бірге сіцем гайыпқа.

*(Балет аяталады, Аққулар құшақтасып құлайды)*

**Билер:**
Өлді! Өлді! Өмірді енді көрмейді.
Бұл фәниге қайта оралып келмейді.

**Майқы би:**
-Махаббат осы әлемді сақтап қалатын.
Тірлікпен тауып жарасым,
Басынан талай ғажайыптарды өткерген.
*(Исаға бұрылып)*
Халық оны аңыздарда жыр етсе.
Сен жаралдың жан беруге жүрекке.
Қараңғыны қарғап мәңгі өткеннен,

Шырақ жаққан абзал мына түнекке.
Кәне, балам,
Өт бірінші сынақтан.
Тірілт мына мұңлықтарды,
Сезімдерді жылатқан.

**Иса:**
*(қорқып)*
-Мен тірілте алмаймын.
Кешір, Ата, сұраймын.
Өмір, Өлім- құзырында құдайдын..

**Майқы би:**
-Өмір-өлім, бір-ақ ұғым,
Бар күдікті жоятын.
Өмір менен елім жоқ,
Фәни менен бақи бар,
Мәңгілікке енуге де хақың бар.
Өмір - сынақ адамдарға қоятын.
Басты мақсат, пенделерде -
Періштені ояту.
Тірілт!

**Иса:**
*(қиналып жылайды)*
-Қолымнан келмейді, Ата!

**Майқы би:**
-Құл болады сенімге сиынбаған,
Құдайдың ұлы болу қиын, балам.
*(әмірмен)*
Тірілт!!!

*(Иса гипноз сиқырын жасап екеуін тірілтеді. Екеуіне қанат бітіп, періште болып, көтеріліп ұшып кетеді)*

**Майқы би:**
*(Исаға сынай қарап)*
-Қарапайым демесең,
Хан ұлынан несі кем?
Әттең, тобыр ішінде
Жанбай кетер несібең.

**Иса:**

-БИ-Ата! Мен еліме ораламын.

*(Майқы би алақанын жайып, Исаға батасын береді)*

**Майқы би:**

-Жығылғанды тұрғыз,
Жылағанды жұбат.
Қисайғанды түзет,
Қажығанға әл бер,
Ажалдыға жан бер.
Әумин!
*(Иса шығып кетеді)*
**Майқы би:**
-Айуандықтан айықпаған халықта,
Құрбандыққа шалынады бұл бала
Сөзіне тобыр сенбес,
О дүниеге жолдас болып,
Соңына ешкім ермес.
Халқымды содан сақтай гөр, Тәңірім!

**Майқы би:**
-Уа, Көк Тәңірім!
Құзырыңа құлдық!

*(Аспан түнеріп,. күн күркіреп, белгі береді)*

**Майқы би:**
Уа,Жер-Ана!
Көгерте көр көсегемді.

*(Жер құлпырып,. егін жайқалып,. бақтар мәуеленеді)*

**Майқы би:**
Уа, Су-Ана!
Тазарта гөр, пейілдерді.
*(күн күркіреп жаңбыр себелейді)*

**Майқы би:**
-Уа, От-Ана!
Бар пәлекеттен АЛАС, АЛАС.

*(Аластау рәсімін өткізеді. Сахна күңгірттеніп, найзағай ойнап, факелдар жанып оттар ұшқындап,. халық екі оттың арасынан өтеді)*

**Майқы би:**
-Уа, Қызыр баба!
Шапағатынды жаудыра гөр, халкыма.

*(Аспан ашылып, таң шапағы көрінеді. Халық күнді қарсы алады, сәбилерді күнге тосады. Майқы біраз үнсіз қалып қалғып кетеді. Билер ыңғайсызданып, бірі жөткірініп қалады. Майқы селк етіп, оянып соңғы монологын айтады)*

**Майқы би**:
-Ұрпағым кеп қиындыққа тап болар,
Көзі қысық, тісі қисық дұшпаннан.
Көзі шегір, өзі жебір дұшпанның,
Қиянаты көп болар.
Әттең, бірің жөткірініп мезгілсіз
Аяқ жағы қалды болып белгісіз.
Әйтпесе қабыл болып тілегенім,
Сақтанудың амалын білер едім.
ӘТТЕң..., ӘТТЕҢ...

*(Үнсіз қалғып кетіп, мәңгі ұйқыға батады, Аяз би бастаған халық оны алтынмен аптап көтереді, сахнаға алтын адамның бейнесі орнайды)*

**Аяз би:**
-Тәңір тәнге төрт бөліп.
Жерлеп қайттық ел болып.
Ал рухынды халықтың,
Жүрегінде жерледік.

*(Халық тағзым етіп, аруаққа бас иеді)*

**Дауыс:**
-Тіршілікті тербегелі жер-бесік,
Қанша халық шейіт болған, ел көшіп.
Түгел сөздің түп атасын бірақ та,
Сақтап қалған бабаларың зердесі.

*Соңы.*

# *Өлеңдер*

## НЫСАНА

Түсіме кіріп Жалайыр бабам
Ұсынып алтын жебені.
«Мұқалмас қару-жарағын, балам,
Нысанаң болса! - деп еді.

Қпп алып сөзін, жұлдызға көкте,
Ширедім садақ, мақтана.
Жығылды жебем құрдымға жетпей,
Сүрініп көрші қақпаға.

Бірінші сында-ақ сорладың деме,
Қираған жоқ қой аспаным.
Арманды көздеп жолдадым жебе,
Межеден ол да аспады.

Қылыштай тіліп адырна қолды,
Тартсам да талай құлшынып.
Мергендік маған дарымай қойды.
Нысана тұрды қырсығып.

Жүрседе тағдыр жарытпай кілең,
Қашса да бақыт қолдағы,
Садақ тартудан жалықпаймын мен.
Нысанам болса болғаны.

## ОҚЫРМАНҒА

Бармысын сен белгісіз окырманым,
Қатарыңа, қайтейін, қосылмадым.
Сезбеймісің бейкүнә ақыныңның,
Жалғызсырап жапанда отырғаның.

Бес сезімсіз қалған ба адамдарым,
Тасқа тиіп, тесіліп табандарым?
Теледидар, эфирден, газеттерден,
Интернеттен сені іздеп таба алмадым.

Қара түннің ортақ боп наласына,
Бальзам болып жағылдым жарасына.
Батпырауық ұшырдым саған арнап,
Ақ қагаздың жыр жазып қанатына

Үшеуменен шектемей ер кезегін
Жалықпай-ақ сені іздеп ел кезегін
Аспанға ұштым қанатсыз, мұхит кешіп
Бермесе де Тәңірім желбезегін.

Жоқсың сірә үстікте, терістікте,
Сұхбаттаса алмадым еніп түске.
Өзін жайлы бір дастан жазбақ едім,
Жолығайық келесі кеңістікте.

## ЕУРАЗИЯ ОДАҒЫНА ОДА

Көмейінен жақсының жарым ырыс сөз еріп,
Көршісіне көрмеген суық қару кезеніп.
Жақынымен жауласып жыртыспаған жағаны.
Ынтымақ пен бірліктің жолын қуған ел едік.

Ынтымақсыз халықты болашақта күтер не.
Жеті жұртты жауыққан, жетесіздер түтер жеп.
Алты қырдан аса алмай жүрер едік адасып,
Алыптардың аяғын ергежейлер кісендеп.

Көршіменен құдайы, тату болу дұрысы,
Төскейде мал қосылса көбейеді ырысы.
Одақтасқан елдердің керегесі кеңейіп,
Одақтасқан елдердің тарылмайды тынысы.

## ЕСКІ ДӘПТЕРДЕН

*(Оразәліге)*

Денсаулықты жүргенде баққа балап,
Қапелімде қиналып тартқам азап.
Тар түтікке тіреліп тұрып алды,
Бұғазынан бүйректің тас домалап.

Бүйіріме қадалып жуалдыздай,
Тынысымды тарылтып тұр алғызбай

Урологқа үрпиіп әрең жеттім,
Шатынаған төзімді тұмар қылмай.

Қысылғанға күн шығып, таң ата ма?
Мұным шақтым тәуіпке бара сала.
-Оразәлі, құлыным, мына ағанды.
Әлің жетсе алып қал арашалап.

Дәу пәледен жүргенде жанымды аяп,
Ірілікке қойдым-ау жармай-ақ.
Сыра жұтып, үш тәулік дәрі ішкенде,
Түскен тастын көлемі тарыдай-ақ

Көзім көрді, қайтемін сенбегенде,
Әсірелеп айтады-ау ел де кейде.
Үйдей пәле жүргенде үйіріліп,
Қинайды екен жанынды ергежейлер.

***

Құдайсыз қалды білем мына жалған,
Кәззаптар халқына дерт сұрап алған.
Жаңғырды атыс қайта, кеше ғана,
Танадай құлаққа ұрған тына қалған.

Алдымнан арман қашып қараңғыда,
Құбыжық көрден қайта жаралды ма?
Құрдымда қас қарайып, көз байланып.
Жендеттер жетелейді дар алдына.

Ойламастан жұтарын халық қайғы,
Қарғыс алған күнәдан айықпайды.
Дозақтың ошағында өртенгендер.
Жұмаққа жылу беріп жарытпайды.

Сайтан кеп шариғатқа араласты.
Бүлінді бейбіт өмір аяқ асты.
Кешегі Одақ кенет жанжалдасып,
Жалт беріп содыр соқпақ ала қашты.

Ел қайда шаңырағы шайқалмаған.
Жер қайда бейбіт жатқан жайсаң далам?
Түнектее қол бұлғайды бабаларым.
Ең соңғы өсиетін айта алмаған.

Қараймын, таныс емес жота мына,
Ауылдың жарығы өгей, ошағы да.
ОДАҚтан қашып шыққан қайран басым,
Қор болды жол таба алмай ОТАНына.

## АЛАШҚА АҢЫЗ БОЛҒАН

*(Фариза Оңғарсыноваға)*

Төрінен орын берген дарындыға,
Дүние кең деуші едім, тарылды ма?
Қоғамдық қасіретпен майдандасқан,
Қаһарман қыз жүрегі жарылды ма?

Жоғалтты ел ақынын, халық қызын,
(Бәріне көнбіс халқым - жарықтығым).
Жоғалтты өмір мәнін, маусым сәнің,
Тек ақын жоғалтпады алыптығын.

Шабытын сыйлап келер ақындарға.
Жол ашады болашақ ғасырларға.
Періште тайған жолдан тайсалмады,
Алланың абақтысы ашылғанда.

Қаңтарды қайғы басты қалың қардан,
Бақұл бол, Фариза жыр, Фариза - арман.
Қазактың өр тұлғалы өжет қызы,
Өмірі алты Алашқа аңыз болған.

## ӘЗӘЗІЛ

Азғырады әзәзіл, «Қалың таза, жаның пәк.
Шаршадың ғой тірліктен, алсаңшы бір дамылдап.
Мың жасаған ешкім жоқ, не қыласың бос созып,
Жұмақ күтіп тұр алдан, алады алқап, қабылдап.

Безіп кетпей баз кешіп, әзіз жандар шырайлы.
Азабына тірліктің қалай ғана шыдайды.
Жаһаннам деп жүргенің жердің үсті, біліп қой,
Пейіште жүр барлығы сүйетіндер құдайды.

Түгі де жоқ қимайтын, күрсінстін аһ ұрып,
Махаббатқа бөлейді тәніңді жер жасырып.

Пайғамбар ғып ел сені жібереді ертең-ақ,
Ашынаның өле сал бұрымына асылып».

Балдай тәтті тіл арбап, бас айналып бақыттан,
Түн тылсымы сейіліп келеді әне, атып таң.
Күбірлейді ерінім: - Мен де Алланы сүйемін,
Бірақ асықтырмашы, сайтан ісі асыққан.

## ВАННАДАҒЫ АРУ

Ертегінің елесі айқындалып,
(Мен отырмын әліптің артын бағып).
Орындайды үш ділгер тілегімді,
Асыр салған әуітте алтын балық.

Махаббатқа ашпағам әліппені,
Шыныменен дари ма дәрістері.
Афродита шығады ақ көбіктен,
Әбілхаят суынан әуітгегі.

Шат күлкіден бүлкілдеп ақ тамағы,
Сезіміме шомылған ақ шабағым.
Мен әрине жабайы питекантроп,
Арқанды ысып беруден жасқанамын.

Отырғанда бұйырмай басқа несіп,
Ақ көбіктен шығатын шақта жетіп.
Жұмақ қылып жіберді пәтерімді,
Қыл көпірін күнәнің аттап өтіп.

...Біріншісі үш ділгер тілегімнің,

Ұя салсаң тұсынан жүрегімнің.
Қалғандарын кәдеге асырмай-ақ,
Тоздырармыз жүйкесін бір өмірдің.

***

Жаһаннаммен азаптама,
Сан азапқа шыдағам.
Үш күннен соң дозаққа да,
Үйренеді бұл адам

Өлімнен де қорықпаймын,
Мәңгілікті сұраман.
Мақсатына жолықпайтын,
Жаны сірі бұл адам.

Кәріліктің тұсауында,
Аттай алмай әлекпін.
Қалдым ұйып құшағында.
Тағдыр атты жәлептің.

Махаббат ең, нанасын ба?
Ғадауат та сен едің.
Қос сезімнің арасында,
Майдандасып келемін.

***

Сәлемдестік сәл иіліп,
кете бардың алыстап,
Арамызда жолдар жатыр
жеткізетін ғарышқа.
Құлай сүйген кездерді де,
сөздерді де құнсыз ғып,
Арамызда жатыр мәңгі
жақ ашпайтын үнсіздік.
Жетісіп те жүргеміз жоқ,
жүйке тозып, жұқарып.
Баяғыдай мас қылмайды
жиде шаштың жұпары.
Бұл өмірде шын ғашықтар
қосылмайды, шыдап бақ,
Саған бақыт сыйламақпын,
жолығайық жұмақта.

**ҚАР**

Не жазды сонша бәтшағар,
Аспаннан пана табылмай.
Аяқ астында ақша қар,
Тапталған таза арымдай.

Жер үсті лас, қап-қара,
Қанға да жиі батады.

Кіршіксіз сонау тап-таза,
Аспаннан неге қашады?

Ызасыз кексіз, ақ кылаң,
Сезімдей сұлу, әдемі.
Жолдаған аспан астынан,
Ғайыптың дұғай сәлемі

Көз ғарыштың кезегені,
Кірпігі - күн түрілген.
Жер жиһанды көрер
Жанарына үңілген.

Көз қазына, қарашығы.
Қыры карат гауһардай.
Бір әлемнің бар асылы,
Сыйып кеткен байқалмай.

**ВАНГА**

Көлеңке түсіретін жарыққа да,
Көбейді көріпкелдер, танып қара.
Түгіне түсіне алмай абдыраймыз.
Бәріне береді деп халық баға.
Келеді көрер көзге бұрмаланып,
Гомер, Шөже жырлаған тарихнама.
Тосыннан Ванга шешім қабылдады,
-Сәуегей бола алады зағип қана!

***АРУ***

*(Руза Алдашеваға)*
Сезім шоғы, жұлдызды түндей гүлдеп.
Нәркес тәнге телініп зілдей міндет.
Жұмақтан да анасы қашып шыққан,
Жер бетінен махаббат іздеймін деп.

Хауа ананын жердегі қызы қандай,
Хан ұрпағы көркіне қызығардай.

Өлең жазса Руза Алдашева,
Жүректердің қалмайды мұзы жанбай.

Тылсым күшпен құратын күнде кеңес,
Ғарышың да бір сенен күрделі емес.
Перішге мен Пері бас иген ару,
Құдайдың да түсіне кірген емес.

Отыр деме бұл ағаң бөсіп текке.
Сен дегенде төбесі жетіп көкке,
Жаһаннамның жолында халқың жатыр,
Шуағынды түсірмей өтіп кетпе.

Жылу беріп жаураған күзге демі,
Махаббат па, өлеңбе іздегені?
Оралмандар аяққа өңшең пасық,
Теміртауды тамсантып қыз келеді.

## ІНДЕТ

Тәнім мәңгі Құлдықта, қашқын - жаным,
Алланың аспанының астындамын.
Басыбайлы өмірдің тұтқынымын,
Сезем ішкі дертімнің асқынғанын.

Көнбіс халқым, тірліктен күтті немі.
Қоныс тепті Ұйықтан күштілері.
Бізге біткен доңыздар тұмауратып,
Вирус енген тауықтар түшкіреді.

Індет елге енгенін көзім көріп,
Кеңістіктің түкпірін кезудемін.
Нәпсі құлы - СПИДке еркелейді,
Есірткімен уланған сезімдерім,

Тараған әлемнің шартарабына,
Харам екен қытайдың тағамы да.
Вирус шығып жылан мен жарқанаттан,
Тағы тажал төніп тұр қазағыма.

«Иммунодефицитке» сенбейтіндер.
Жаһаннамға аттанды келмей тілге.

Қазақ отыр, кәдімгі ет пен қымыз,
Коронавирусты да емдейтіндей.

***

Жамандықты зередей,

Жанарыңнан таниды.
Періште ғой сәуегей,
Жылатпаңдар сәбиді.

Сәбилерді сынауда,
Жылатпауың бізге сын.
Қабірінде жылауға,
Жасы қалмай жүрмесін.

***

Үйретуге тілге, мейлі
Күш жұмсадық қаншалық.
Тіл шыққан соң үндемеуді,
Үйрете алмай шаршадық.

***

Ақыл айтамын.
Өмірге мынау келгенде,
Суыққа шыдап, қаталап корсең шөлдерде,
Тағдырға налып, бола көрмеңдер шерменде,
Ағайын-бауыр!
Айтарым осы сендерге.

Бұйырмай еншін. үлесің талай қырқылар,
Еңсені басар қайғының қара бұлты бар.
Қанағат қылсаң, қашанғы тағдыр қырсығар,
Жадырап жаның, жанарың қайта құлпырар.

Әлемді танып. алпауыттарды өр кеуде,
Батыс пен Шығыс сананды саққа бөлгенде.
Безінбе жерден, безінбе туған елден де.
Отандастарым!
Айтарым осы сендерге.

Көрер қызығың еліңмен туған бір шығар,
Әлемге сен де мақтана қарар күн туар.

Батыс пен Шығыс орталық елге ұмтылар,
Қолыңды сенің қысуға бәрі құлшынар.

## ӨМІР

ӨМІР - ҚИМЫЛ деді көнеданышпан,
Қуат алып жылу менен жарықтан.
Күн астында қыбырлаған тіршілік,
Бір-бірмен үйлесімін табысқан.

ӨМІР - КҮРЕС деді революционер,
Мағынасын тарихтан-ақ біле бер.
Тақтан түсіп билеушісі бір таптың,
Екінші тап үстемдікке иегер.

ӨМІР - СОҒЫС дейді менің түйсігім,
Бірін-бірі өлтіруге құлшынып.
Қан төгіспей бітіспейді тіршілік,
Неткен өмір.
Кетті жаным түршігіп.

***

Бір атаның ұрпағы едік келіскен,
Қиындықта қара нанды бөліскен.
Ұлыс болған, ұлт болған халықтар,
Бір-бірімен жауласады неліктен?

Россия мен Украина құшқан от,
Туыстықты танымайды ұшқан оқ,
Қандастарды қырқыстырған өзара,
Фашизмде нәсіл де жоқ, ұлтта жоқ.

## ЖЕҢІС

Жесір дауын, жер дауын бөліскенде,
Келе алмаған бетпе-бет теріс пенде.
Қан тамбаған күні жоқ қылышынан,
Батыр еді жеткен сан жеңістерге.

Қан төгуге қашаннан еті өлгелі,
Мәрттік мінез көрсетіп көсемдегі.

Тізе бүккен алдына хас жауына.
Батыр бүгін қылышын көтермеді.

Жеткізетін әлемге елдің атын,
Қайран мәрттік, езді де ер қылатын.
Өмір сыйлап ежелгі дұшпанына.
Алғаш рет ажалды жеңді батыр.

***

Азабын артып қазағым көшті,
Ат жалы, түйе қомында.
Тарихтың шаңын, тозаңын кешті.
Егемендіктің жолында.

Тақтар меп таптар ғазауаттары,
Шараптай шашты қанынды.
Алаштың асыл азаматтары.
Құрбандығыңа шалынды.

Шайқасқа кірдің асынып кекті,
Құлдықтан қаштың, от құштың.
Кеңес Одағы атылып кетті,
Шекарасында достықтың.

Осы еді арман ежелден күткен.
Боданнан азат болсақта.
Есеңгірейміз егемендіктен,
Баратын алға жол таппай.

Тарихтың өшіп талай беттері.
Батыстан ақыл тыңдаймыз.
Шәкіртсіз қалды Абай мектебі,
Тіл менен ділден жұрдаймыз.

Бостандық алдық атыспай, шаппай,
Боданда бірақ діліміз.
Кешегі өткен ақтық шайқаста,

Қалдық па осы тірі біз?

**АЖАЛ**

*«Казахстан вошел в десятку стран*
*с самым высоким уровнем*

*(из интернета)*

Білем анық ажал кек сақтамайды.
Ауыртады жанымды басқа қайғы.
Жатырдағы шарана қорқыныштан,
Бұл фәнидің есігін аттамайды.

Қорқынышты өмірім өлімнен де,
Құтырған жын ойнақтан төр, іргемде,
Досын - дұшпан,
пейіл - жұт,
үміт - ғайып,
Мынау жұртқа бір тажал көрінген бе?

Көнбіс едік, қажытпас қиын жалған,
Қаңғып келіп жат жұрттан, қиырлардан.
Көрден шыққан суицид, қара таппай.
Қазақтарға байымас ұрынғаннан.

Кеңістікте үрейден еседі леп,
Есірткіден елірген есері кеп.
Мойыныма салады қыл арқанын,
«Қалған мұр бабаңнан осы еді» деп.

***

Талақ қып махаббаттарын
(Болашаққа бұл кекесін),
Сезімсіз екі жастардың қияды молда некесін.

Оң иығында періште, сол иығында сантаны.
Бірімен бірі келіспей, құдайға қарғыс айтады.

Құлқыны қанға тоймаған, тобырдан қайыр сұрама,
Байлықтың қамын ойлаған, батады тәндер күнәға.

Пейіштен қашқан пенденің, сайтанға қарап тәу етіп.
Сідік шаптырым жердегі, тамұққа тамды шәуеті.

Жұмақта туған ұл мен қыз, жақсының жолын қуады.
Көңілсіз көттен қашанда, көрсоқыр бала туады.

Сезе ме, Алла тағала. Мейірім таппай ырымға,
Қарғыстан біткен шарана. жатырда жатты шырылдап.

Ескексіз және желкенсіз қайыққа мініп қазағы,
Тобықтан кешіп тұманды ғайыпқа сіңіп барады.

**АҚЫН**

Ақтарып көр тарихтын ескі затын,
Заманына сыймаған ешбір ақын.
Есі ауысқан әңгінің фаллосындай,
Біресе ерте, біресе кеш тұратын.

«Пәлен ақын дәуірдің кешті бағын,
Естіп едім» - дегеннің кес құлағын.
...Мен әйтеуір өзімнің заманымнан,
Біресе ерте, біресе кеш туамын.

**ИСА**

Қартайды құдай, сенім де бітті,
Киелі кітап көнерді.
Күдік орнады көңілге күпті,
Билікке құлдар кенелді.

Аспанның астын кезді жаңғырық,
Құзыры жүрмсй құлына.
Бостандық алған елдің тағдырын,
Тапсырды құдай «ұлына».

-Түсім бе мынау? Өнімде көрген,
Ессіз тобырға қайранмын.
«Әйт» десе жусап,
«Шәйт» десе ерген,
«Малдарды» қайда айдармын?

Тамшы қанымен аластап жерді,
«Бар күнә менде, байлаңдар.
Кеше гөр, Әке, адасқандарды!»-
Жылады Иса пайғамбар.

Көнбеді құлдар.
Егемен елде,

Атыс пен шабыс ұдайы.
Айқышқа Иса шегеленгенде,
Бірге өлді жәйіт құдайы.

Пірәдар халқым, түкті қолыңа,
Жаңғырған дінді қабыл ал.
Құдайға қайта жүкті болуға,
Киелі жәлеп табылар.

**КӨЛЕҢКЕ**

Кескіндеуге кезене егер,
Қылқаламның шебері.
Күннен гөрі көлеңкеге.
Көбірек мән береді.

Көніп өнер азабына,
Жұмса қанша күш мейлі.
Күн бейнесі қағазыңа,
Көлеңкесіз түспейді.

Көлеңке тұр қанық нұрға,
Бейнелеудің тіні боп.
Байқасаңыз жарықтың да,
Көлеңкесіз күні жоқ-

***

Бәрі өткінші.
Құл болады алып та,
Күн өртеніп, Ай сіңеді ғайыпқа.
Аларымды алдым білем өмірден,
Түк бермедім, бұйырмаңыз айыпқа.

Талақ болып дүниенін кеңдігі-
Қарға адымдай қысқа жолға жел мініп.
Жерді бөліп, махаббатты меншіктеп.
Отпен ойнап өткеніміз белгілі.

Күрт басылдық, бәсекені қой бала,
Барымтаға килікпейміз, тойға да.
Қызылымен көзді арбаған дүние,
Қызықтырма, енді бізбен ойнама.

Бықсыдың ба, алау болып жандың ба
Салқындайтын сәті түсер қанның да.
Мінәжат қып мейірімді Аллаға,
Сәл тізе бүк аттанардың алдында.

***

Заманымның пейілі тарылғасын.
Саған келдім тағы да, жанымды ашып.
Мәңгіліктің алдында тұрғандайын.
Қалтыраймын, жүректен қаным қашып.

Түн таусылып, түнекке төнген арай.
Жаураған бұлт жылжиды көлге қарай.
Құлазиды төсегің, бетпақ түзде,

Қаталаған сезіміге шөл даладай.
Адырнадай шіреліп жұлындарың,
Қиналасың, шырылдап шыбын жаның.
Мен бәріне шыдауға жұмылғамын,
Бір бұл емес пейіштен қуылғаным.

***

Сандалды санам саққа сан бөлініп.
Содырдың тамырында қан желігіп.
Қосылды Қырым қайта Ресейге,
Кешегі одақтасы жау көрініп.

Отаншыл ұранынан «мас кісінің»,
Лениннің тітіркен тас мүсіні.
Елімде есерсоқтар еліріп жүр,
Аузына айдаһардың ас пісіріп.

Болжамы бұлжымады көріпкелдің,
Қан төгу болды ермегі ерікkеннің.
Тірілер ойлап тапқан зұлымдықтан,
Шаштары тік тұрады еліктердің.

Осы ма қалағаның? Бүлік міне,
Таптап жүр арманды да, үмітті де,
«Достықтын майданына» қан құйылып,
Ажал жүр көшелерді тіміскілеп.

Тебісіп төбедегі, төрдегі де,
Аналар тұншығады өз деміне.
Тіршілік төрелерге жалтақтайды,
Сәбидің алақандай көздерімен.

Кеңестің кіші пейіл халықтары,
Тар пейіл жауыз болды тамұқтағы.
Қанаты екі басты құбыжықтың,
Одаққа пана болып жарытпады.

Көз жасын бір-бірінің көрмегесін,
Қол ұшын бір-біріне бермегесін.
Одақтың жұдырықтай саусақтары,
Түрі бар жеке-жеке жерленетін.

***

Мен қылмыс қоғам үшін жасамағам,
(Күнәдан сақтандырған ата-бабам).
Жаңа бір әлем аштым халқым үшін,
Шөлдеген ақиқатқа, қаталаған.

Ысырып кеудемменен кеңістікті,
Теңедім түстік пенен терістікті.
Мәңгүрттер мезі қылған мынау әлем,
Соғыстан, қан төгістен жеріп бітті.

Ұрлықты, аярлықты, пасықты мен,
Мәрттіктің табанына басып кілең.
Қалдырып зұлымдықты, дерт пен шерді,
Құшағын жаңа әлемнің ашып кірем.

Ол жерде тек ізгілік жасалады.
Жауыздық жойылады тасадағы.
Жүріңдер жақсы менен жайсаңдарым.
Ол ғалам «БОЛАШАҚ» деп аталады.

***

Құтылармын қарғыстан қайда барып.
Қараулықтың кең етек жайғаны анық.
Жалмауыздар жерімді тонап бітті,
Ацқаулығын елімнің пайдаланып.

Қысырақтың үйірін шұрқұраған,
Қармап жеген нарықтың сұрқы жаман.
Салған жымын жасырып қансонарда,
Шалдырмайды тазыға түлкі заман.

Арыла алмай ел отыр өсегінен.
Айнымайды ертеңім кешегіден.
Алалайды аярлар алты Алашты,
Жезөкшенің жел есіп етегінен.

Ақырзаман басыма жақындатып,
Атқа мінген жат жұртқа жатыр қашып.
Қожанасыр, әпенді, сақал сипап,
Алдар отыр алданып басын қасып.

Адым сайын аяғы кері басқан,
Қадір кетіп кешегі кәрі бастан,
Көзсіз ерген соңына көсемдердің,
Пенделерміз өзінен өзі қашқан.

Гүл бітпеді жолыма, жуа бітті,
Ақ бастауы арманның су алыпты.
"Сүйген ұлы Алланың, әр заманда,
Қуғын көрген» деп бабам қуаныпты.

***

Қайғы айтты:
-Пайғамбарды
Қуантпады кең ғалам.
Жатырқама, жалғандағы
Жалғыз серік мен болам.

Ажал айтты:
- Жолдасын жоқ
Қасіретіңнің біл емін.
Қой боғындай қорғасын боп,
Самайыңнан сүйемін.

Алла айтты:
Бұл адамзат
Арманына жетпеген.
Күдіктенбей күнәға бат,
Қайырым тіле тек менен.

## ҚАРЛЫҒАШТАР

*(Бақбереке мен Дидарға)*

Табиғаттың тылсымын кім біледі,
Тіршіліктің көгінде күн күледі.
Адамдардан ерекше, қос қарлығаш
Үш-ақ күнде үй салып үлгереді.

Тағдырына көрмеген құсы налып,
Даласының дәм-тұзы тұтынары.
Төле бидің паналап шаңырағын,
Бір-ақ жазда балапаң ұшырады.

Жастарымен жарасып, түлеп елім,
Болашақтың бағына гүл егемін.
Үлгі болган үйлену, үй болуға,
Қарлығаштың ғұмырын тілер едім.

***

Сұрағымды тілдегі,
Еттім елге жария.
-Ең аяр жау кім? - дедім,
-Адам, - деді қария.

Сұрақтар көп күрделі,
Ақыл да кең, дария.
-Ең адал дос кім? - дедім,
-Ажал - деді қария.

***

Құтыларсың күдіктен қанда барып,
Оралмасы өмірдің айдан анық.
Шүкір деймін Аллаға, бір ошаққа,
Бірімізді біріміз байламадық.

Арды бодан еткен соң, занды бодан,
Не тілейді құдайдан зарлы қоғам?
Ештеңе жоқ өзгерген, баяғыдай,
Көңілсіз күз,
көк тайғақ.
қарлы боран.

Қытықтасаң күлмейді бұлағың да,
Жапырақсыз тұл ағаш құлазуда.
Шіркін Алла алдында қалғып кетіп,
Перішге боп оянсам жұмағында.

Аярлықтан жүретін көш ілгері,
Паранжасы шындықтың шешілмеді.
Бір кәдеңе жарамай кетіп барам,
Қалың ел. қайран жұртым кешір, мені.

## ДИОГЕН

Бөшкесінен тұрғанда жаман жатып,
Адалдарын сараптап, арамзасын.
Диоген адамдардың арасынан,
Шырақ алап іздепті адамзатын.

Қу тірліктің тылсымын танығанша,
Сау басына табатын дауы қанша.
Душар болар еді ғой дұшпанына.
Абайламай адамды тауып алса.

Сыртым бүтін, іштегі жарам басым,
Шарам бар ма пенде боп жаралғасын?
Шырақ алып шарқ ұрам, қалатындай,
Адамдардың ішінде арам қатып.

## ТЫНЫШТЫҚ ТҮНІ

Шомылып неонның сүт сәулесіне,
Келгендей болды қала тәубесінс.
Ғарыштан үңіледі қараңғылық.
Ғаламдық сана сіңген зердесіне.

Танытып Коктәңірге жақындығын,
Жұлдыздар тамызады жасыл нұрын.
Ұйытып мантраның мақамына,
Иықтан түсіреді ғасыр жүгін.

Жанарым жасқа толып, тұмандатып,
Сәждеге сан иіліп құлар басым.

Тәңірге табынатын сәтім осы,
Көршіннен бұндай түнде құдай жақын.

Тыюға тура жолдан тайғандарын,
Жолдайды жер үстіне Пайғамбарын.
Тығындап «градтардын» өңештерін,
Киевтің ұйықтатады майдандарын.

Тиылып төрелердің «ұр тоқпағы»,
Жұмыссыз есеңгіреп тұр сотқары.
Ұлындай бір атаның мына түнде,
Богдан мен Борис патша ұрпақтары.

***

Шегіп келем аңқаулықтың зардабын,
Арманым деп ақ сағымды қармадым.
Елес сынды өтіп жатқан өмірім,
Өңбе, түс пе, ажырата алмадым.

Тіл табыса алмай қойдым кісімен,
Адам мейлі алдасын-ақ, түкірем.
Қаз өсірмек болып алдым жұмыртқа,
Қолтырауын жарып шықты ішінен.

Бақ өсірдім, тәтті жеміс көкседім,
Итжидек боп өсіп шықты еккенім.
Жолдас болып шыға келді жексұрын,
Жамылып ап жақсылықтың шекпенін.

Көсем де жок көпті көрген, жөн білер,
Әйел де жоқ айтқанына көндірер.
Мен «ізгілік қоғам» құрып жүргенде,
Қылмыс жасап үлгіреді шенділер.

Ақіретке қалған шақта аз-ақ күн,
Аражігін мадақтау мен мазақтың.
Ажыраттым, ажырастым бәрімен,
Әйелден де, әлемнен де азатпын.

**»

Қарашық тұнған, Аласыз,
Гауһардай мөлдір көздерің.

Түседі тіліп жарасыз
Семсердей әділ сөздерің.

Ететін елге базына,
Ойларың ауыш, сандырақ.
Таптырмас асыл қазына,
Жүрегің таза жалғыз-ақ.

Тәрік қып пейіш мекенін,
Тозақта өмір сүресің.
Махаббат жалған екенін,
Білесің, бірақ сүйесің.

Өртеніп кетер бар күнә,
Алаудай ыстық сезімің.
Тұтқының болып қалдым-ау,
Ғайыпта саған кезігіп.

**ҚАРАТАЛ**

Күн сүйіп айдарынан, арман есіп,
Барады асыл Нұра алға көшіп.
Қазақтың арыстарын әлдилеген,
Қаратал, бір өзіндей бар ма бесік?

Сөзіне Итікенің ұйып келген,
Айналдым құт дарыған сүйікті елден.
Мазары Ағынтай мен Қарасайдын,
Көрініп тұрады кіл биіктерден.

Белгісі тектіліктің қанда ойнаған,
Білімнің биігіне самғайды адам.
Телжанов Сейділ,
Болат Әбдікәрім,
Ғалымдар еңбегіне тандай қағам.

Дән егіп, бақ өіріп, малын бағып,
Бұл өңір ұя болды дарынға анық.
Мыңбаев Кәрім десе дүр етеді,
Әлемің атышулы ғалымдары.

Қайып Айнабековтың термесімен,
Ауыздансаң калмайсың ел көшінен.

Ысқақов Бүркіт ақын тақпақтары,
Өшпейді бөбектердің зердесінен.

Май шыққан түгін тартсаң тұрағым бай,
Бұл жерге тең келеді жұмағын қай?
Ақ бидай егістікте тербеледі.
Арқанын алтын алқа, тұмарындай.

Нұраға Парижден де атақ еріп,
Арқары Еділбайдың жатады өріп.
Бағзыда Қаратalға ат шалдырып.
Кеткендей Қызыр баба бата беріп.

***

Теңізге құя ала ма жалғыз арна.
Ағарып сақал шашым алжығанда.
Жаңылып Майқы биден қалған сөзден,
Не деймін кейігі жас арлы жанга?

Күдіктен, пірадар боп, арылсам да,
Ешкімді жарамаймын жарылқауға.
Аксүйек Ақсақалдар ортасында,
Жүремін басым -дауда, жаным - сауға.

## СЕН МЕНІҢ

Сен менің таза таңымсың,
Тойларда шырқар әнімсің.
Солымнан туса жұлдызым,
Оңымнан туған айымсың.

Көлдегі құстай көркемім.
Үрлеген жырдың желкенін.
Патшайымына жүректің,
Махаббат мақамын шертемін.

Көлдегі құрағым,
Жердегі жұмағым,
Шау тартқан шағымда,
Тағдырым силаған сыңарым.

Кемері гүлге көмілген,
Айналдым нәркес көзіңнен.
Гауһардай қарашығыңнан,
Мейірімнің шуағы төгілген

Жарықшағындай жасынның,
Жанарындасың ақынның.
Бесікке бөлеп сәбидей,
Әлемді Тербеген ақылдым.

Ғарышпен тілдесіп,
Тербеліп тұр бесік.
Бабамның жолымен,
Басымнан барады күн көшіп.

Арманы биік ардағым,
Ақтамақ әуен арнадым.
Атадан мұра қалдырып.
Тектінің тұяғын жалғыздың.

Хауызын жарған гүл едің.
Соғады сен деп жүрегім.
РУлы елге АНА бол,
Тәңірден табынып тіледім.

Жаралған пейіштен,
Аумайсын жемістен.
Ұлымның қамқоры,
Киелі ақ қанат періштем.

**АЙНА**

Танда тұрып табынбандар айнаға.
Көрген елес ақиқат пен ойлама.
Қырсыққанда, қисық айна бұл өмір
Алданып қап бармағыңды шайнама.

Мешін емес, адам болсаң саналы,
-Аландама айнаға тек қадалып.
Үңіліңдер сезім тұнған көздерге,
Алдамайды ғашықтардың жапары.

## ОТАУ

Көк Тәңірге табынған Түрік бабам.
Тіні бірін тірліктің ұмытпаған.
Жастар үшін тігілген ақ отаулар,
Айнымайды жұп-жұмыр жұмыртқадан

Пәлсапаға үңіліп қарасаңдар,
Креативтен күрделі дана шалдар.
Жұмыртқаның ішінен қанат байлап.
Болашаққа ұшады балапандар.

Қара шаңырақ - күмбезі жанұяның.
Құстар үйір үйіне қарияның.
Балапандар ұшқанша Қарлығаш би,
Жау шапса да жықпаған шаңырағын.

Біледі ол, тіршілік тұмар тағып,
Жалғасады бұл өмір ұран салып.
Бір қария ауылда көзін жұмса,
Сәби туып бір елді қуантады.

Нәрестемен көгеріп түлеген ер,
Күнге созып саусағын түрегелер.
Өшпек емес, ошаққа май тамызып.
Отау тігіп, бесігін түзеген ел.

## МЕНІҢ ӘЛЕМІМ

Мынау менің Отаным - Қазақстан,
Ширатылған жұлыны тарамыстан.
Болашаққа ел болып ену үшін,
Айдаһармен, аюмен сан алысқан.

Тәуелсіздік жолында азаптанған,
Халқым анау тосыннан азат болған.
Тілсіз, ділсіз, рухсыз мәңгүрттеніп.
Ауызына көсемнің қарап қалған.

Анау менің Елбасым - ел төресі.
Құдай тұтып келемін еркелетіп.
Анау аспан, көгілдір кеңістікте,
Тәңір өмір сүреді мен сенетін.

Мынау менің жастарым әлем көрген,
Атасына жат тілде сәлем берген,
Мәсімовты БҰҰ-да бір сөйлетсем,*
Өлмегенін тілімнің дәлелдер ем

Түйе қомы бесігі, аттың жалы,
Көшпенділер басында бақ тұрмады.
Тентіреген Титаник Жерім мынау,
Паналаған батысты босқындары.

Салсаң дағы саудаға бай даланы,
Тіршіліктің қайнайды тайқазаны.
Бруннолық алаудан қуат алған,
Галлилей - жер «бәрібір айналады.

Қытай кезіп, саудалап жаттың малын,
Тығырықтан шығарар тақсырларым.
Құны жоқ-ау. халқыммен бөлісер ем.
Маржаныммен тілімнің астындағы.

**-Елбасы БҰҰда мемлекеттік тілде /қазақша сөйледі*

## МАҚТАНБАЙ-АҚ ҚОЯЙЫҚ

Құбылысқа қоғамдық баппен қарап,
Өмір сүрсек қайтеді мақтанбай-ақ.
Жұмыртқалаған тауык қыт-қыттайды.
Кішігірім жер шарын, тапқандай-ақ.

Тау қопарып еңбекпен, жастанбай мұз,
Бар бақытты мұнайдан тапқандаймыз.
Жиырма бес жыл шешпеген мәселені,
Күні ертеңге жоспарлап аттандаймыз.

Кетсе дағы арзандап құнды мұнай.
Жат экономикаға да құлдық ұрмай,
Үш тәулікте үш есе қымбаттаған,
Өзбекстан сумының сұмдығын-ай.

Аңыз қылған елімнің шартарабы,
Бес жүз елу жылдың да бар сабағы.
Облыстан төрт адам тойға барса,
Тойлады деп бүкіл ел жар саламыз.

Жетілмеген санасы жастарды аяп.
Даурықпаны қояйық ақтармай-ақ.
Елуінші жылдарла елу елдің.
Қатарында болайық мақтанбай-ақ.

**ЖЕМКОРЛЫҚПЕН КҮРЕС**

Ақшаның құдіретін білесің бе?
Шашсаң да ол қалмайды күресінде.
Қомақты қаржы бөлді «Нұр-Отанға»
Сыбайлас жемқорлықпен күресуге.

Жеткенде күрескерлер алқасына,
Қалмастан қазысы да, қаңқасы да.
Сол қаржы судай сіңіп. тастай батып,
Жемқордың түсіп кетті қалтасына.

***

Бір жұлдыз сөнді тозаңды ғарыш түбінде.
Қаперсіз өлем, жоғалтпағандай түгін де.
Бір адам өлді тарыдай жердің бетінде,
Бір ғалам өшті кеудемнің кеңістігінде.

**МАУГЛИ**

Өміріме өктем басып енгенде,
Өгей қоғам салды мені тергеуге.
-Қағидаға қиыспайтын кімсің сен.
Қай ұлыстын зәузатысың өр кеудс?

Төгіліп тұр сансыз сауал ызалы,
-Мынау неге шырқымызды бұзады?
Тобыр болып ортамызға енбесе,
Мойынына түсер тағдыр тұзағы.

Қашты қаным, қарғыс атқан заманда,
Қорқаулардың қыспағында қалам ба?
Қорқынышты адамдардың ортасы,
Жалғыз қалу қорқынышты одан да

Қарашығы ағып түскен өлі күн,
Үзді білем тобырдың да төзімін.
Сыбырласты, жасыл ұшқын жанары,
Айнымайды көзінен Көк бөрінің.

Мейлі қоғам ақылынан алжассын,
(Күшік күйеуі болсам дағы Қаржастың).
Құбылмалы қасқыр - адам мен емес.
Бірақ дала тағысымен қандаспын.

Мына дәуір, қарақшылар кезеңі,
Қолдарынан қанның иісін сеземін.
Қасқыр түгіл, бауырына етене.
Шыға келер автоматын кезеніп.

Қайтем енді, жетпесс де құзырым,
Жұлқысармын жұлынғанша жұлыным.
Ашинаның ауызданған сүтімен.
Акелланың асыранды ұлымын.

**МАХАББАТ**

Отан менің кажет емес мадағым,
Күмбірлетіп жүрегімнің шанағын.
Бары, жоғы құдай сынды құпия,
Болса дағы тарта берем азабын.

«Бар» деп оны өліп-өшіп желікпен,
«Жоқ» деп тағы шығармаймын теріске.
Осы бірақ, мына жыртқыш заманда,
Желеп-жебеп жүрген мені періштем.

Осы менің бақытым да, мол қайғым.
Сәл кешіксе сағыныштан сарғайдым.
Қасіретім болса да бұл сезімді,
Отанымдай, ошағымдай қорғаймын.

***

Ақша арзандап барады,
Қайғырмаймын мен аса.
Ашылғандар араны.
Жылап алсын онаша.

Аясында арзанның,
Жарылқайды сені кім?
Кендігіне жалғанның,
Тарлық қылса пейілің.

Қоғам болып оңбайсың,
Жоғалса егер қайырымың.
Өлсе орыны толмайтын,
Үлкені осы қайғының.

***

Қарапайым өмір сүріп, қартаюға хақым бар,
Бірақ осы қағидаға сиыспайды ақындар.

Депутаттар тәулік сайын заң қабылдап қинайды,
Бірақ мына жалпақ әлем заңдылыққа сыймайды,

Тартылыстың заңдылығы кеңеюмен алмасып,
Енді жерге құламайды Ньютонның алмасы.

Қараңғы күш, біз сенетін заңдылықты танымай,
Жаңа туған жұлдыздар да шашырайды тарыдай.

Хаблдың да телескопы көрсетіпті анықтап,
Ғаламдар да бара жатыр бір-бірінен алыстап.

Мейлі ғалам алыстасын, құлдық ұрып жалынам,
Тек екеуміз шықпайықшы Ньютонның заңынан.

***

Махаббатты мүсіндеген кім өзі,
Кім де болса шәлкес екен мінезі.
Махаббаты ойлап тапқан сенбісің,
Саған бола жараланды жүрегім.

Өртенсе де, дерт емсе де тынбаған,
Сезімдерге бағынышты бұл ғалам.
Махаббатты ойлап тапқан менмін бе?
Жүрегіңе айықпас дерт силаған.

Тәңірім!
Жаратушым алғашқы!

Жалғыз сенің құзырыңа жармастым.
Өзің болсаң сезімдерді жаратқан,
Махаббатты мейіріммен алмастыр.

**АМАНАТ**

Түнде тыныш ұйықтатып, оятып таң сәріде,
Тіршілікті тербетін келеді әлі кәрі жер.
Тау, орманды қиратпай, мұхиттар мен өзенді,
Төгіп алмай айналу оңай емес, әрине.

Өлімсақтан айтылып келе жатқан бұл аңыз,
Метеорлар атқылап, қаңсығанда құла түз.
Тартылыспен тізгіндеп, сақтап қалған оттегін,
Жер орнатқан жұмақта ойнақтаймыз мына біз.

...Оянғалы түйсігі табынатын Тәңірге,
Өрт пен тасқын апаттың төтеп берген бәріне.
Тәрбиелеп өсірген мешіннің де санасын,
Бабалардың міндеті жеңіл емес, әрине.

Мұз жастанып, қан жұтып, бес қаруын сайланып.
Қызғыштайын қорғаған ата мекен аймағын.
Ұрпағына ұлағат өнер беріп, тіл беріп,
Бүтінгіге тапсырған тіршіліктің байрағын.

...Байлық қуып біз жүрміз, қылмай түкке қанағат,
Тау мен тасты қопарып, жердің тәнін жаралап.
Бірін-бірі бомбалап өлтіруге асықпай,
Сақтап қалу өмірді адамдарға АМАНАТ.

***

Көнеден қалған көсемнің сөзі есімде,
Жұмыс,- деуші еді адам ғып бізді өсірген.
Бүгінгі таңда, жұмыссыз қалған пенделер,
Айналып қайта барады білем мешінге.

Дамыр ма едік, дәстүрін маймыл жалғаса?
Заманым жыртқыш, даламның беті қан-жоса.
Соғыстан басқа әлемде жұмыс қалмаса.
Адам болуға талпынуың да далбаса.

## ТАҒДЫРЫМА

Кесіліп қапқан құлағым,
Құлдыққа салдың, шыдадым.
Маңдайдың *соры бес* елі.
Бостандық келді сен берген,
Шықпады бірақ зердемнен,
Құдайдың құлы екенім.

Байлықпен сынап байқадың.
Ақшанды шаштым, шайқадым,
Коммерсанттарға тоналдым.
Теңгенің құнын танымай.
Сіңірі шыққан жабыдай,
Қайыршы болып оралдым.

Жарылып кете жаздаған,
Атақ та бердің аздаған.
Аунадым сыйдың төрінде.
Баянсыз болып бәрі де,
Тұмандай таңғы сәріде.
Сәскеге жетпей сейілді.

Датталып, бірде, ақталып,
Үні өшіп, ділі сақталып,
Ұлыған айға көк бөрі.
Кең қылып, кейде тар қылып,
Сарсаңға салған Тағдырым,
Емеспін саған өкпелі.

***

Ғаламды сілкіп қалсам не болады,
Жұлдыздар тым-тырақай жоғалады.
Жаһаннамға жолдайтын жан табылмай,
Әзірейіл жұмысын доғарады.

Болмады деп бірінші болжағаны,
Жаппар ием, жеті күн толғанады.
Топырақтан торқалы қамыр илеп,
Адам, Һауа қайтадан сомдалады.

## ЖҮРЕККЕ ЖАЗЫЛҒАН ЕСІМДЕР

*(Қойлыбай Асанов аруақтарға ас берді)*

Фәниде жалған қызықтар қалып, той қалып.
Бақилық төрде белдерін шешіп, бой жазып,
Қойнында жердің, біздерден дұға дәметіп,
Арманға жеткен арыстар жатыр ойланып.

Зердесі тірі, жатса да тәнін сыз қарып,
Ауаға сінген санада сансыз із қалып,
Алады еске ұядан ұшқан ұлдарын,
Алады еске қияға қонған қыздарын.

Қысқа ғұмырда. кіреді деумен енді есі,
Тәңірдің біздер зертханасының пендесі.
Алады дәріс адами мына өмірден,
Зерттеуші ғалым - шексіз Ғаламның зердесі.

Сондықтан болаар, дәстүрді саққап, шырылдап.
Аруақгарға құран оқимыз ырымдап.
Осының өзі, тәлім боп қара құрдымнын.
Ақ жүрегіне құйылып жатыр шымырлап.

Бабаларыңды жазсаң да қашап шындарға,
Төтеп берер ме, жылымға сіңер жылдарға?
Мәңілік бірақ, өшпейді ұлы есімдер,
Жүрекке жазып тұмар ғып тағар қыз барда!
Ұран ғып алар ұл барда!

## ОЛИМП ҚҰДАЙЛАРЫ

Олимпте, бақсы-құдайлар құмалақ ашып.
Адамдарменен жердегі жиі араласып,
Шариғат қалып, шарапты шаралап жұтып.
Кәнизактармен қылықты күнәға батып.

Жалықты білем.
Қарт Зевс тағына барып.
қалғып та кепі.
Бар қызық адыра қалып.
Бомбаны берген пендеге ойыншық қылып,
Кеңкелестердің қандары қағынады анық.

Құдай атымсн ұрандап желөкпе-желік,
Халықты қанап, айтады төбет төрелік.
Көктегі құдайлар түгіл, көне қорымнан.
Бабаң да қолын созбайды, көмекке келіп.

Марстын сойқан, бүйрегі бұрып құлдарға,
Соғыспен ойнап есерсоқ, құнықты қанға.
Пәрменің қайда?
0, Зевс! Жәрдемің кайда?
Жақсылық жаса жарлығың жүріп тұрғанда.

Парижде дүмпу, қан жұққан күнінді құрсап,
Ұшақтар құлалп, Тәңірден түңілді бір сәт.
Сығыр құдайлар!
Адасып Хақтың жолыпан,
Қайда жүрсіңдер, қалдық қой ізінді сипап.

*»*

Қайран жұртым!
Сен мені таныдың ба?
Келгенмін санаға сыр тамызуға.
Гемоглобин мен құйған лүпілдейді,
Қансыраған халықтың тамырында.

Көлденең тартып көне жәдігерді,
Айтқаныма көндірем қалың елді.
Оттегіне толтырып кеністікті,
Құс жолымен ұшырам кәрі жерді.

Дәнекер боп екі өмір арасында,
Мәңгілк сөз мөлдіреп қанатымда,
Ең алғашқы жыр болып жарқылдаймын.
«Homo sapiens» тердің санасында.

Адамзатын туғызып бір анадан,
Туыстықты тағдырдан сұрап алам.
Құдаидалы болады кезегендер,
Дұшпаным да артпайды кінә маган.

Жаксылықтың жыр қылып жатка бәрін,
Ел аузында аңыз боп сақталамын.
Бр күнәсін кешіріп достарымның,
Тәңірімнің алдына аттанамын.

**ТОБЫР**

Ақыл айтып қайтемін бөтен елге,
Өлең жазып көгермес көсегем де.
«Мыңмен жалғыз алысып» не жыным бар,
Не табам оққа омырау төсегенде?

Не жыпым бар. көшкен сон бір кememен,
Гопастармен несіне тілге келем.
Көппен көрген ұлы той, енді мен де.
Көресімді тобырмеп бірге көрем.

Деп бекіндім.
Жоқ менің оққағарым,
Қанатымды алармын отка карып.
Жеке ұшады жасқанбай қыран ғана,
Қарғалар жемтік үшін топтанады.

Қоғам жоқ қой тентегін түзететін.
Тұлғаларын өсіріп, түлететін.
Тұлға жалғыз қашанда, тобыр ғана
Құлқыны үшін топталып күресетін.

Басымды иіп салтына сап ғұрыптың,
Әділеттің жолында каңғырыппын.
Қарқылдаса көп қарға көндіретін,
Анархия атасы зандылыктың.

Жеке басқа бак пен сор конады ма,
Жармасканым жөн болар балагына.
Соцынаерсем үраншыл белсcндінің,
Лдастырса сол қалар обалыма.

Өркениет тізгіні қаңтарылып,
Өндірістің қиылса қан тамыры.
Мен кінәлі емеспін,тобырым бар,
Коммунаны беретін қайта құрып.

Шекарада кеспеген жолын келен,
Амалсыздан төрімнен орын берем.
«Нұр-Отанға» бой бермей келе жатқан,
Жемқорлыкта сыбайлас тобырменен.

Тығырықтан шығар жол таба алмаған.
Тарылғандай көрінді маған ғалам.
Тобырға да мүше боп жарытпайды,
Әлімсақтан топас боп жаралмаған.

***

Батырлық бар бағындырған талайды,
Шын батырлық қамкорлықты қалайды.
Жүз кісіге көрсеткенше жұдырық.
Бір кісіге жәрдем берсең жарайды.

Сұлулық бар сүйсіндірген талайды,
Шын сұлулық сыпайыны қалайды.
Жүз кісінің тиек болмай тіліне,
Бір кісіге тілек болсаң жарайды.

Махаббат бар табындырған талайды,
Шын махаббат ұялшақты қалайды.
Жүз жігіттің жанарында болғанша,
Бір жігітгің жары болсаң жарайды.

***

Шүпілдеп қарашықты қара зәмзәм,
Амалсыз арбалады караған жан.
Жалынға құлап көзсіз көбелегі,
Жүрегі жүз жігіттің жараланған

Қол жетпес канизәкка күймедегі,
Тіл біткен сөз айта алмай күрмеледі,
Жасқанған ғашығына жақындауға,
Жәлепке ұнамайтын үйленеді.

Қастерлеп қаситетін бір басының,
Сиқырлап сыңғырымен сырғасының.
Ақыннан ұрпақ алып қалмас па еді,
Басында миы болса ұрғашының.

***

Аллаға сенген алаң бола ма?..
Жанымды текке жасытпай.
Ақырғы, ақтық аялдамаға,
Аяндап келем асықпай.

Жалтарып кетті жанама жалған.
Қайтемін құмар қанбаса.
Аңғал жүректің жаралап алған,
Алақандары қан жоса.

Көшеді бастан сарша тамыз да,
Өтеді жастық жалындап.
Фараондардың саркофагында,
Жатады тәнім дамылдап.

Төрткүл ғаламға жиған зердені,
Жаратқан ием, шеберім.
Арман мен ділдің жиһангерлері,
Еншінде сенің сенемін.

Балта батпайтын қағидаларын,
Бұлжытпас жазмыш кітабы.
Қас-қағым сәтте жазым боларым.
Мәңгілігімнің нышаны.

## ЖЫР ЖАЗАМЫН

Адам өзін әу бастан түсіне ме,
Үлгі болар үлкенге, кішіге де.
Менен көсем шықпады, батырлық пен
Ғарышкерлік кірмепті түсіме де.

Өнер бітпей басыма ырымға да,
Өңшең «дарын» күледі қырын қарап.
Түйе мініп төрт ауыз өлең айтқан,
Бабамнан қалған мұра жырым ғана.

Енді көне тірілтіп жәдігерді,
Таң атырам сарғайтып сары белді.
Сезім құйып жастардың санасына,
Шежіреге кенелтем кәрілерді.

Жықпылына үңіліп жылнаманың.
Жаңылмайды зергерлік қылқаламым.
Үңгіріне алғашқы адамдардың,
Тасқа қашап, таңбалап, жыр жазамын.

Текке қаза қылғызбай бір намазын,
Уағызыма ұйытам қыр қазағын.
Түгел сөздің тірілтіл түп атасын,
Майқы бише мақалдап жыр жазамын.

Сөз атасы!!!
Арқалап азабынды,
Жазбақ едім қақ жарып қара қылды.
Өңшен«дарын» ішінде. күнсіз жырды,
Білмей тұрмын кім үшін жазарымды.

# *Аудармалар*

**А.С.ПУШКИННЕН**

Сүйдім Сізді!
Дариды деп бақ қай күн,
Сезім шоғын жүрегімде лаулаттым.
Бірақ Сізді мұңайтуға батпаймын,
Енді өзінді мазалаудан аулақпын.

Үмітсізбін.
Үнсіз ғана шыдайын,
Күдікпенен қызғанышқа төзгемін.
Құлай сүйгем!
Қисын Сізге құдайым,
Дәл осындай махаббатың өзгенің!

**С ЕСЕНИННЕН**

Қош бол, достым!
Қимасымсың көз көрген.
Сенің бейнең кеудемде тұр қамалып.
Тағдыр бізді екі жолға бөлгенмен,
Алдымызда бір кездесу бар анық.

Қош бол, достым!
Тілдеспей-ақ қол алып,
Қапаланба, қабағыңа сес беріп.
Өле білу емес бізге жаңалық,
Өмір сүру бізден қалған естелік.

**Юлия ДРУНИНА**

**МАХАББАТ**

Өз өзіммен айтысамын қаншама.
Кірпіктерім тесіп түннің түнегін.
-Көз тартатын көрікті емес соншама -
Мейлі, дейді жүрегім.

Ұйқы қашты тырыссам да қаншама,
Ақиқатқа жете алмадым, жүдедім.
Ақылды да тіпті соншама -
-Мейлі, дейді жүрегім.

Көкейдегі күдік пе, әлде бағым ба?
Апатқа тап болғанымды білемін.
-Көпе-көрнеу түсесін ғой жалынға
- Мейлі, - дейді жүрегім.

**ЖЕРТӨЛЕ**

Сөзі: А. Сурков.
Әні: К. Листов.

Мүлгиді жертөле жаралы,
Отырмыз ошаққа табынып.
Күрсінді сырнайдың шанағы,
Күлкіңнің кәусарын сағынып.

Сыбырлап ұйқысыз орманым,
Аңсаудан таусылды тағатым.
Жүректің лүпілін жолдадым,
Хат қылып қиялдың қанатын.

Аспанды ақ түтек көмкеріп,
Билейді боранның бұрымы.

Алыста көз тоймас көркемім,
Алдымда ажалдың құрығы.

Жапанда, жаураған өлкеде,
Адасқан арман жүр кешігіп.
Жылынды жұпыны жертөле,
Майдандас махаббат бесігі.

## СҮЙЕМІН СЕНІ ӨМІР

Сезі: К. Ваншенкина.
Әні: Э. Колмановский.

Сүйемін сені өмір,
Суйемін арайлы таң самалын.
Сүйемін сені өмір,
Мәңгілік досымдай қарсы аламын.

Нұр шашып жүрегім,
Кештетіп қайтамын жұмысымнан.
Өмірді сүйемін,
Жасампаз жастықтың нұры тұнған.

Силадың сен маған,
Әлемнің ғажайып кеңістігін.
Силадың сен маған,
Теңіздің түстігін, терістігін.

Мазасыз өмірім,
Өзңмен сыйлымын, келістімін.
Махаббат сезімін,
Достығын силадың жер үстінің.

Таң таза әуннін,
Құяды бұлбұлдың көмейіне.
Жаңғырып әлемім.
Алмасады өмір бөбегіме.

Кеңейіп керегем,
Жас шағым келеді қайталанып.
Өседі немерем,
Жарасып тағы да жайқаламын.

Таусылмас жолдарда,
Жасампаз табиғат төріндеміз.
Өмірді қорғауда
Біз әлі майданнын шебіндеміз.

Сүйемін сені елім,
Әнұран үнінен нәр алғанмын.
Сүйемін сені өмір,
Сен үшін арманнан жаралғанмын.

**«МӘҢГІЛІК ЕЛ»**

Сөзі: С.Ақсұңқарұлы,
З. Шәкетаев.
Әні: Е. Әміров.

Добрых дел сегодня сотворю,
Птицам крылья подарю.
За любовь, за светлую зарю
Эту жизнь благодарю.

Казахстан, мой друг поверь,
Для мечты откроет дверь.
На груди лелеет Родина.
Нашей дружбы колыбель.

Миром правит красота,
Счастьем полнится душа.
На планете милой и родной,
Расцветай, моя земля,
Расцветай, моя страна.

**Евгений ЕВТУШЕНКОДАН**

Бөліп берме бүтінінді көпсініп.
Жер, аспанды түгелімен бер деймін.
Өзен суып, теңіз бен тау көшкінін,
Бер өзіме, бөлшектеуге көнбеймін.

Ұсағыңмен өмір мені азғырма,
Иығым тең, есіркеме, қорғама.
Жарты бакыт тілемеймін тағдырдан,

Қайғыны да жарты беріп қорлама.

Біреу ғана менің жарты тілегім.
Ақпа жұлдыз жүзігінмен айтысып,
Ақ мамықта жатқан ұйықтап білегі,
АЯУЛЫМНЫҢ жастығының жартысы.

***

Махаббатта алыпсың сен, серісің,
Менің жолым күдігі көп, шырғалаң.
Мен жамандық жасамаймын сен үшін,
Жақсылық та жасай алмай қиналам.

Ну орманға соқпағы жоқ, сеземін,
Жетелейсің бар күдігің азайып,
Белуардан гүлге батып келеміз,
Түсінбеймін. мынау неткен ғажайып.

Алдымызда ашық аспан көрнекті,
Жастық сезім жетелейді арманға.
Аршын төсің кереді тар көйлекті,
Желден жеңіл тынысынды алғанда.

Мәңгі сұрак, гүл біте ме жолыма,
Қай тарапты талмай басып өтемін?
Шаршадың-ау, сұранасың қолыма,
Алақанға алам сені көтеріп.

-Көресің бе? Зеңгір аспан ашық ә,
-Естисің бе, құстар қандай шашады ән.
-Көтердің ғой. Апар енді жасыма.
-Айтшы бірақ. Қайда сені апарам?

## ПРЕМЬЕРДІң ҚАЗАСЫ

Оқта ұлт жоқ.
Ұлтсыз қырт коп...
Гитлер тірі жүр әлі бізге берілмей,
Болады оны шал деуге, өрім жас деуге.
Ол кейде - араб, ол кейде ессіз еврей.
Оклахомада жүреді кейде - Мәскеуде.

Көсем болғысы келеді батып күнәға.
«Қырындар» дейді - қырады!

0, сұмдық, осы баскесер болып туа ма,
Екінің бірі, егіздің сыңары?

Сайран салады жын әлі.
Күрсініп тұрар кезімен соны көріп күн.
Жиырмасыншы ғасырдан жылымшы иіс шығады,
Өліктің иісі - газ камерасындағы өліктің!

Құлағына зілді дүбір кеп.
Құдайга қарап аһ ұрмай.
Табытта жатыр Ицках Рабин күбірлеп,
Ғажайып жырын жаза алмай кеткен ақындай.

## КҮРСІНУ

Досым менің сыр шығармас тісінен.
Өзін өзі қуып тыққан ішіне.

Досым бейне түпсіз терең құдықтай,
Мұң мен шерін қамап алған құлыптап.

Іштегі шер шығуға жанталасып,
Төмпештейді жұдырығын қанатып.

Бірақ досым сыр ашпайды ашылып.
Жыламайды иығыма асылып,

Қапас кеуде бара жатыр тарылып,
Қорқам бір күн кете ме деп жарылып.

Жарылмайды, күрсінеді жасырмай,
Гүлге тамған арудың көз жасындай.

Тұңғиықтан шығарады ең ізгі.
Өкінішті, өксігіндей теңіздің.

Мен де бұрын ашық едім жайдары,
Ойламаған аярлықты, айланы.

Мені де өмір еркелетпей күнімен.
Шағып алды әйелдің у тілімен.

Менің дағы сырым ішке құйылды,
Құлыптады, күлкім де сап тиылды.

Сыздайды кеп іштегі шер қабынып,
Қорқам бір күн кетем бе деп жарылып,

Жарылмаймын, күрсінемін жасырмай,
Жерге тамған арудың көз жасындай.

Өкінішті өксігіндей теңіздің,
Іштен шерді шығарамын ең ізгі.

Достым,
Біздер бөгде жұртқа бөтенбіз,
Баяғыдай кездесейік екеуміз.

Шарап ішіп екеуара мұңайып,
Күрсінісіп алайықшы бір ауық.

**ЖАУАПСЫЗ МАХАББАТ**
*И. Квашега*

Жалқы сезім - қасіреттің бір тіні,
Топас жандар махаббатты табалап.
Сирано де Бержерактың күлкілі,
Кескініндей көретіні обал-ақ.
Бірде менің отандасым, «батырың»,
Театрда ақтарды-ай кеп ақылын.

-«Сиранодан не таптың сен, ақымақ,
Мен сақина сұрап алмай басыма.
Өліп-өшпей қатын деген шіркінге,
Басқа бірін тауып алам бір түнде».

Мұң ұялап әйелінің көзіне,
Шықты шала жесірліктің пішіні.
Ал, күйеуі, өзі риза өзіне,
Терісіне симай тұрды ісініп.

Құлдығында кеткендерге нәпсінің,
Ашына бар, жоқ сұлулық қасиет.
Мен де соны емеспін ғой, тек мұның,
Қасиетті ұқпайтыны қасірет.

Ұйқылы ояу, енжар ғана есінеп,
Құмарлыққа ашылады картамыз.
Бірақ біздер, жасырамыз несіне,
Шын сезімнің киесінен қорқамыз.

Содан болар, осалдығын байқалып,
Әйел десе- болып алдық көңілшек.
Сыбырласып іште жатқан сайтаның,
Ұрынамыз сезімдерге жеңілтек.

-Мынау қиын мәселе, - деп бауырым,
Көтермейміз махаббаттың азабын.
Соған бола жоғалтты ма дәуірім,
Айнымайтын ғашықтықтын ғажабын.

Жан қинамау үшін тіккен бастарың,
Арсыздықпен табысады қауышып.
Сиранониң сері - махаббаттары,
Әйелдерге көшіп кеткен ауысып.

Нақ сүйерлік тазартпаса қаныңды,
Арсыз сезім сүйе-сүйе ескірді.
Махаббаттар, өртемеген жаныңды,
Махаббат боп жарытпайды ешкімді.

О, Жасаған!
Лапылдатып санамды,
Күйдір мені махаббаттың дертіне.
Адалдық пен таңдандырған ғаламды,
Мәжнүн ғана жеткен жалғыз сертіне.

Мұз бен жалын бір жүрекке таласып,
Жеңісе алмай жабырқаған жаным-ай.
Жыртық көңіл жағасында адасып,
Махаббатқа келем әлі жарымай.

***

Айтқым келеді айтуға болмайтындарды,
Көріп пе ең отпен ферзесіз ойнайтындарды.

Ферзе санамды тұяқтар өтсе де таптап,
Жеңілсем - бақыт, тәнімді отпен аластап.

Шырағдан тәнің алаулап, лапылдап жанып,
Өртеніп кетсін мына түн, жақында жаным.

Бір сенің өртің болса егер күнә дегенін,
Көбелек болып отыңа құлап өлемін.

Азапта тәнім болса да, ләззата жаным.
Күпірлігімді отпенен аластағанмын.

Өртенді Мадрид, Токио, Гульрипшилерің.
Бәрінде соның өртенді сүйіктім менің.

Сол көпір жанған алаудың ұшқыны тамып,
Өртеніп кетсе кедейдің жұпыны тамы,

Алланың құлы сол пақыр көрсе де көрді,
Қартап өтеді кәпірді өртегендерді.

Ақиқат біреу,
Қатпасын жарқыным миың,
Үлкен күнә сол - өртесең жақынның үйің.

**Андрей ВОЗНЕСЕНСКИЙ**

## АКТЕРДІҢ МОНОЛОП

Сәтсіздік бер күтілмеген,
Дос пен дұшпан сынасын.
Көрермендер түтіп жеген,
Кассиршалар жыласын.

Премьерша, өктем үнмен,
Балағаттап, бос жылап.
От шығарсын беттерімнен,
Трусиімен осқылап.

Жанкүйерлер ызаланып,
Бар қойманың, өтінем.
Шіріп кеткен қызанағын.
Шашсын менің бетіме.

Сен көрмеген түсінде бір,
Сәтсіздігім жасасын!

Онсыздағы ішімдегі.
Итім өліп жататын.

Мектептегі құлын-қыздай,
Түсік тастап тиылған.
Қайран ғажап туындым-ай,
Қыршынынан қиылған.

Кешір өмір.
Жалақтайды,
Азалы жан аш қалған.
Жетіскенім жараспайды,
Жұрт күйзеліп жатқанда.

Бойжеткен қыз, мөлдір өңі,
Бақыт сенін теңдесің.
Жалғаннын бар зеңбірегі,
Мені ғана көздесін.

Сәтсіздікке төзіп өлем.
Апатты да қайтарма!
Бар пәлекет меніменен,
Кетсін түсіп тартарға.

**АҚЫН ӘУЕНІ**

Арызымды айтам айшықтап,
Қызықпай тәжге, таққа да.
О! Тәңірім!
Ақтық айтыста,
Ақын бер маған бақталас.

Арбалман зекет, пітірге,
Ұрланған махаббатқа да.
Екі жартыны бүтіндеп,
Ақын бер маған бақталас.

Қошамет емес,
Дүр еткен,
Жаңғырық тербеп ауаны.
Үйлесіп екі жүрекпен.
Дауыстар кезсін даланы.

Түсініп мені, жерінген,
Сәтімде тіреп кеудемді.
Жаралы еріндерімнен,
Әкетсін іліп кернейді.

Мейлі ол, қару кезеніп,
Қызғаныш көміп қысасқа.
Өкініш өртеп өзегін,
Өлтірсін мені пышақтап.

Кеш оны.
Арсыз қоғамда,
Айтысып өтсін көз ілмей.
Бақталас жібер оған да,
Мен сынды, яки өзіндей.

***

Мейрамхана кемедейін шайқалады.
маскара,
Ол өзінің сүйіктісін
ұзатпақшы басқаға.
Отырамыз қарсы қарап,
үстем мерей адамдар.
Махаббатсыз отау құру
таңсық емес заманда.
Ақ, қараны айырмайды,
боранның мас түтегі.
Мейрамхана жабылады,
мейманхана күтеді.
«Қой сүйіктім тарануды,
паригің сәл тербеліп,
Құй шетелдік арағыңды,
үшеумізге тең бөліп.
Ештеңе де өзгермейді,
жыламаймыз ес кетіп.
Ұмытпассың көзкөргенді,
жолығармыз кештетіп.
Сүйерсің де жиіркенерсің,
сезіміңнен кешіккен,
Жамылғыңды түсірерсің
шыға бере есіктен».
Шансоньенің мақамына
ақбоз аттар билеген,

Босағадан жөнеп бердің,
алтын зерлі күймемен.
Пышақтасып жатпайды ешкім.
сұрамайды, масқара.
«0! Хайуан! Сүйіктінді
неге ұзаттың басқаға?»

***

## Б. АХМАДУЛИНАҒА

Күпірміз біздер.
Жүдетті нәрі,
Екеуміз жеген алманың.
Дуельмен бітті дуеттің бәрі,
Ақында сыңар қалмады.

Тобырға болған кіріптар күнің,
Бұзылсын қатқан қағидаң.
Некелеспейтін туыстар түгіл,
Достыққа тиым салынған.

Қараңғы түннің ақтамақ әні,
Тәртіпке симас түс мүлде.
Күнәсін жердің ақтап алады.
Туғанын соның үстінде.

Жеңілдік беріп едік мүсінге,
Салмақты шықты жырларым.
Әйелдің ешбір көріктісін де,
Құрбығып саған силадым.

Парижді салдым табан астыңа,
Тордағы құсым, киелі.
Өмірдің ақтық аманаты да,
Еншіңе сенін тиеді.

Сәттерді осы сарылып күттік,
Жеңістің жырын тыңдаймыз.
Қасіреттен біз арылып біттік,
Қасиеттен де жүрдаймыз».

Төралқа тұсы орнымыз біздің,
Түрмеде емес, ел іші.
Тобырда, бірақ, торығып жүрмін,
Жетіспей жастық желісім.

Жымиям.
Жүрдім армандай еріп,
Адастырса да жол бұраң.
...Үріп ауызға салғандай еді,
Екеуміз айтқан сол бір ән.

Тәніңді тіктің, бетпе-бет келіп,
Мен талантымды тігемін.
Межеде тұрмыз.
Жекпе-жектегі
Мергендігіңді білемін.

Актерше айтам:
-Ғашық қайғым ең,
Құрбаның болам - бозқасқа.
Әйел затымен атыспаймын мен,
Әйелдер үшін -
Сөз басқа!

Сол әйелді мен мүсіндеп, пішіп,
Шілдеде сүйгем түнімен.
Жебесіз атып түсірмекпісің,
Бұлбұлдың нәзік үнімен.

## ТЕҢІЗБЕН ҚОШТАСУ

Қайт, үйіңе!
Теңіз іштен тынады.
Орал Содом, Гоморрыңа күнәлі.

СОҢҒЫ сәтте,
ада болып әдептен,
Ашыналық сезім буып, құтырып.
Су астында, толқын - эккі жэлептей,
Аймалайды, дамбалыңды сыпырып.

ГИТАРА
*(Б. Окуджаваға)*

Біздің үйге Булат кірді,
Жауынгердей жасанып.
Мүйіс - мүсін бурлак сынды.
Жыртқыш еді ол, жас әрі.

Жалын гүлден нұр таратып.
Қыздай жігіт көрмеген,
Бибібейне* - гитарасы.
Жатты алдында көлденең.

Құйып алған шанағына,
Құпиясын бақсының.
Шулы, нулы қаланы да
Көрген емес жатсынып.

Мото болып дүбірлетіп,
Қапталынан цирктің,
Жұртқа жалын - үнің жетіп,
Жынданып бір тыныпсын.

Сол гитара тұғырда нық,
Өстік сазын құп алып.
Құрбылардың құбылмалы,
Қылығына шыдадық.
Сері түнгі серігін де
Тыржияды.
Жылт етіп,
Сигарета ерінінде
Бейне бикфорд пілтесі.

**Бибібейне натурщица,*
**Ербейне - натурщик*

**АНАНЫҢӘГІМЕСІ**

Түйір боп тәнге байланған едің,
(Әкең екеуміз боп пенде).
Өзің жайында ойланған едік.
«Қалдырамыз ба, жоқ па әлде?»

Өрілген бұрым-бұлақтарынды.
Зерденді жалқын - от бейне,
Бүгінгі сенін сұрақтарынды,
«Қалдырамын ба, жоқ па әлде?»

**САГА**

Азаңғы түсінді қарамай-ақ,
Шығарып саласың жалаңаяқ.
Сен мені өмірде ұмытпайсың,
Сен маған жалғанда жолықпайсың.

Тәнінді суықтан қалқаладым,
Тәңірдің қалауын қайталадым.
Мен сені өмірде ұмытпаймын,
Мен саған жалғанда жолықпаймын.

Тоғанның толқынын инабатты,
Биржаны,
тарихи ғимаратты,
Мен енді ешқашан ұмытпаймын,
Мен бұған ешқашан жолықпаймын.

Жасаурап шиедей қарашығын,
Өшірді үмітін, жан ашыды.
Халықтың ырымы жоғалмайды,
Мен саған ешқашан оралмаймын.

Ғафиздің қабыл боп тілегі де,
Қайтадан оралсақ бұл өмірге.
Бәрібір мен қайта жолықпаймын,
Мен сені өмірде ұмыгпаймын.

Түсінбей өмірдің бекерлігін,
Өкініш өртеумен өтер күнің.
Болашақ беймәлім қалған күні,
Ұғасың жалғанның жалғандығын.

Мағынасыз шайқалып, көк түнеріп,
Бір ұшқын бүгіннен жеткізеді.
«Мен сені өмірде ұмытпаймын,
Мен саған жалғанда жолықпаймын».

***

Соңғы ақынмын.
Түсінбей қалып.
Деменіз- Ажал жалмады.
Ақындар тірі, күшінде бәрі,
Байырғы Ресей калмады.

## СТРИПТИЗ

Мейрамхана:
Биші бикеш шешінеді жынданып,
Прожектордан.
жанарымның жасқа толып тұрғаны.
Лыпысын да сыпырады, қағынып,
Апельсиннің аршығандай қабығын.

Тұтқын құстай мұңға толған жанары,
«Стриптиз» көрген биім жаңағы.
Ысқырады төбелтаздар күйіктен,
Маскүнемдер қанкөзденген, сүліктей.

Мына біреу жұмыртқаның сарысы,
Жын соққандай дүрсілдейді зал іші.
Ана біреу бүргедейін бүгілген,
Ақырзаман саксафонның үнінде.
Санам жетпес, ғаламшардың бетінде,
Жаркырайды кемпіркосак кегпрлер.

Қарғанамын,
Жынданып та кетерміз,
Сахнада билейді-ай кеп нөсер-қып.
«Америкасыз ба?» - деймін, әңгүдік,
Қыз орнығып.
Сигаретін сән қылып,
«Жігіт,- дейді - акцентіңіз тамаша,
Абсент пен мартини құй қаласаң.»

## ҚАРА НАРЛАР

(Махамбеттің әуенімен)

Қара нарлар керек бізге,
тау өркешті, арынды.

Ақ түйенің бұл жорықта
жарылады қарыны.

Әйелдерді ұнатпаймыз
ынжық қылар ерлерді,
Қара нарлар керек бізге
қайыспайтын белдері.

Жабылады табыттары,
мәйіттердің кеше өлген,
Қара нарлар, қара нарлар
қасіретті көтерген.

Ақ шағылда шойын оқтар
асы салып қағынар,
Күн тұтылып көтеріліс -
қара бура шабынар.

Шенділерді құла құмда
бүргедейін жаншыған,
Бұндай іске қаһарланған
қара бура - нар шыдар.

Бүгін ойнас жасамайды
қанжар ілген еркектер,
Қара нарлар, қара нарлар,
қара батпан өркештер.

Қара нарлар қалтыраған
қорқақтарды бағалар,
Оқ шығындап қажеті жоқ,
түкіреді қара нар.

***

Неге екі Ұлы ақын майдандасып,
Тапаншасын кезеніп, түсірмейді.
Үйлеседі шумақтар жандай ғашық,
Адамдар ше?
Түгіне түсінбеймін.

Неге екі Ұлы ел жауласады,
Быт-шыт қылып оттегін бүтін жердің.
Адамдар жүр достасып, сауға салып.

Халыктар ше?
Түгіпе гүсінбсймін.

Есіркегсн сскілді ана талмай,
Әлде нені бүлдірген аусар ұлын.
Екі күрлық -
Екі алып алакандай,
Ғаріп басын кысады Жср шарыпың.

**Александр КОЧЕТКОВ**

**АДЕЛАИДА ГРАББЕ**

*Жұпыны бөлме. Қысқы аязды, ашық таң.*

**Б е т х о в е н**
-Күлкілі жағдай.
Жеңімнің ішкі астары,
Жыртылып қапты, жұмарланыпты қатпары.
Суық сорған ба,
Қырылдап көне иығым,
Қимылдатпайды.
Бәрінен бірақ қиыны.
Әлгі кіргенде,
Сықырлап басқан қадамын,
Естімей сірә қаламын.
Жарайды, койшы өлгелі мына жер ескі,
Елемей кеткем елесті.
Партитураны бітіру бірақ керек-ті.
Белгісіз бір дерт сыздатып шықты арқаны,
Сынған маятник бар тағы.
Қарт Бетховен. Жазса дағы күн-түні,
Біте коймас,.
Күлкілі!
*(есікке айқайлайды)*

Ей! Әміршім!
Ашпын мен. Суық та салды азапқа!

**Ү й ие с і, кемпір**
*(есік артынан)*
-Үлгерерсің!
*(отын алып кіреді, үйге қыстырылып мысық енеді)*

қыт-қыттама таң атпай.

**Б е т х о в е н**
Рахмет, қамқоршым.
Қандай екен далада?
Керемет таң!
Баяғыдай ескі шыға ауа да? Ә?

**0 т б а с ы**
0, кокысшы, мылжыңым!
Тыңдау үшін бір сені.
Уақытым жоқ.

**Б е т х о в е н**
-Фрау Марта, білсеңіз,
Сізбен осы сұхбаттасқан кезімнен,
Әр қадамы дайын тұрған ұрысқа.
Орфейді де соқыр қылған дыбысқа,
Даналықты сезінем...

**0 т б а с ы**
-Алжыған тоты!

**Б е т х о в е н**
-Тамаша ғой!
Айналада бітеу, меніреу үнсіздік.
Әй, тоқтай тұр!
Қадір тұтып мен сізді.
"Iakymosa-ға» жеткеміз жоқ бір елі.
Он марка бар!
Ақша тапшы үнемі.
Шақшаны да арзан саттым, білемім.
Шығыным көп,
Балауыз шам, қағаз, қалам,
Бар тағы да жиенім...

**О т б а с ы**
-Жарар, енді!
О. қоқысшы сәудегер'
*(кетеді)*

Бетховен
Дұрысы осы

Құзғын - құлқын кәуірім.
*(мысықты көреді)*
О! Бармысың бауырым!
Сәлем, Гензель!
Көңіл күйің жаман емес қарасам
Ұшқын шашып тұр ғой өңің, Тамаша!
Не тілсісін? Қарынға нәр түсті ме?
Естімедім... Не дедің? Не?
Естімедім түкті де!
Жә. жарайды
Отын жарып, қам жасаған дұрысты.
*(пеш алдында куйбеңдейді)*

Қарғыс атсың! Қарттар үшін,
Билер үшін жаралмаған жұмысты!
(камин түтіндейді)

Міне түтін түкіретн пәлесі.
*(Есік артътда дауыстар)*

**Отбасы:**
Кімге дейсің? Сазгерге ме?
Міне. есік. Жүр. бері...
*(отбасы мен* **Аделаида Граббе кіреді***)*

Бұл не тағы? Оесуас!
Өртемек пе бұл мені? Тіфә

Аделаида
(ү*й иесіне)*
-Барыңыз!
*(бөлмеге енеді)*
*Бетховен оны көрмейді*

**Бетховен**
*(камин апдында)*
Болған еді,
Қол бар еді аусарым!
Періштенің қанатындай саусағы.
Пешке отын қалаушы еді текшелеп,
Лапылдайтын алау, арман бетпе-бет.
Болған еді. Сонау жылда, есімде,
Әйел барда, мынау жердің бетінде.

**Аделаида**
-Маэстро
Кеіріңіз көмектесем мен сізге

**Б е т х о в е н**
*(естімейді)*
.-Саламандра
Билеуші еді жалында...
Кім алды екен көрігімді?
қалмаптытүк жадымда..
*(түтін ішінен Аделаиданы көріп дауыстайды)*
-Ә Міне, Ол!
*(Аделаида алға аттайды. Бетховен үреймен кері шегінеді)*

-Аулақ! Не тілейсің сен менен?
*(есін жиып, қызға ашумен қарап)*

-Кімсін ө з і ?
Рұхсатсыз қалай ендің бөлмеме. Не?

**А д е л а и д а**
-Кешіріңіз....
Мен... түтінге кенелдім...

**Б е т х о в е н**
-Түсінбедім! Қаттырақ айт!
Мен, Бетховен - кереңмін.

**А д е л а и д а**
-*Құдайым-ау! Мен білмеппін…*

**Б е т х о в е н**
-Сабыр ет.
Дәптер бар-тын...
Міне... Мында, керегінді жазып өт…

**А де л а и д а**
-Не боп кетті?
Мен түкке де түсінбесем керек-ті...

**Б е т х о в е н**
-Кешіріңіз
Қайдағы бір есіме алып елесті,
Шошытыппын...

**Аделаида**
-О. сұмдық!..
*(жазады)*

**Бетховен**
*(жан-жағына қарап)*
-Неткен былық!...
Бітірсеңіз көрейін.
*(дәптерді алып, оқиды)*

«Мүмкін болса...
Пешінізді... мен тұтатып берейін...»
Бәрекелді!
Қуантады, жастарымның бұл ісі...
Міне. шала...
Өз. үйіңдей ерікті бол, дұрысы...
Мен шаршадым...
Және мынау... әйелдердің жұмысы.
*(креслоға отырады)*

*(Аделаида пешті жағып, отқа шәйнек қояды. Бетховен бақылап отыр).*

**Бетховен**
-Қолы жеңіл...
Кәсібінен көрмеді бір жаңылып.
Саусақтары?Саусақтары!!! Иә... Иә...
Музыкант қой... таныдым...
(Аделаидаға)

Есіміңіз кім болады?
*(дәптерді нұсқайды)*
*Аделаида жазады.*
Аделаида Граббе? Жақсы болды танысым...
Үлгеріпсіз отпенен тіл табысып.
Жаз тағы да.
Кімсің? Қайдан? Не үшін
Келдін мұнда?
Көп сұраққа келісім,
Табу қиын. Қысылма тек... Әрине...
Музыка ғой себеп болған бәріне.
Фортепьяно? Иә. онда аянбай,
Қысқа ғана мақсатынды баянда.

**Аделаида**
*(жымиып)*
_Тырысайын...
*(зказады)*

**Бетховен**
*(өзіне өзі)*
-Миньона?
Шыныменен әлем әлі өлмеген.
Күн нұрына шәйіп шашын тарайды,
Алтын тарақ желменен.
***(қыз дәптерді ұсынады, Бетховен оқиды)***

«Бармақшымын Венаға,
Ұзақ концерт жолында
Бетховеннің сонатасын орындау,
Мына маған жүктеліп тұр.
Қасиеттен аттар кім,
Бетховенге табынатын жастардың,
Кішісімін.
Құдіретіңе сендік те,
Батаңызды сұрай келдік,
Осынау бір ерлікке...»
Періштем-ау Кім бұлданар мұндайда...
Айтшы бірақ. Демек Вена,
Шыныменен Бетховенді тындай ма?

**Аделаида**
-О!!!

Бетховен
-Симайды екен ақылға.
Аделаида Граббе
***(Фортепианоны нұсқап)***
-Отыр кәне. жақында...
Тындап тұрмын.

**Аделаида**
*(таңырқап)*
*Бір*ақ... қалай?

**Бетховен**
"Саспаңыз.
Мен сеземін...

Біріншіден бастаңыз.
*(Аделаида ойнайды)*

*Бетховен басын қолымен қысып, өзіне-өзі күбірлеп отыр*

Жалған бәрі!
Әндетпейді ортамыз.
Отар болып өкіреді. Қасапшыдан қорқады.
Мен де қорқам, Сабылып.
Миым ағып құлаққа,
Кетер ме бас жарылып.
*(Аделаидаға өктем үнмен)*

-Тоқтатыңыз!
*(қыз абдырап қалады)*
-Сіз екенсіз ғажайыбы ғаламның,
Мен ойнайын құрметіне Сіздей ғажап адамның.
*(фортетшиноға отырады. қыз алдында тұр)*

Сонымен Аделаида Граббе
Вольфганг Моцарт - Ұлы сазгер ме?
*(Аделаида үнсіз)*
Мынау бықи-тықиды да
Бара ма ауыз саз деуге?
*(Клавишаны теріп өтеді)*
Жоқ! Жок! Саз емес бұл,
Саз ол мылқау. Өлімдей...
Араны аш тығырық...
Жұтып қояр көрінбей!
Әлде, мүмкін, қарапайым тыныс па?
Бақыт па?
Әлде төнген қайқы қылыш па?
*(бөлмеде әрлі берлі жүреді)*
Мынау тәтті менуэт.
Ол да тіпті саз емес.
Кеңістікті құшпақ болған.
Болашаққа ұшпақ болған.
Ұмыт қалған мына мен -
Бетховеннің өмірі де мәз емес!

Қойдым, қойдым...
«De mortius aut bene Aut nihil
Солай Бибім! Кешігіппін іркіліп!
*(күбірлеп жүреді)*

Жалғызбын мен
Жалғыздықта күлкілі
*(кенет қызға жақындап)*
Мұжықпын ғой!
Маған күндіз жер өндеп,
Кешке жүйке ағашындай көлеңдеп,
Волынкада ойнасам,
Аруаққарды билетпей бір қоймасам!
(қыз *бетіне үңіледі)*

Кешіріңіз-
Шошытыппын сізді текке. Осы рас.
Бұл Бетховен, ептеп миы ашығанмен,
Емес мүлдем есуас.
Бұндайды кім ойлапты,
Ойдағысын өзіне айтып,
Өзін өзі естімейтін бейбақпын.
*(отырады)*

Қолынды бер!
Сөйле, кәне өзің жайлы,
Өмір жайлы, әлем жайлы мұң жайлы.
Аделаида Граббе, сізді естимін.
Көңілі ояу, кереӊ Сізді тыңдайды.

**Алелаида**
-Құдайым-ау!
Неге бұлай жаратылған бұл әлем,
Тартып ауыр қасіретін, күнәмен.
Оранып ал қорқынышты кебінге,
Соңғы мақсат мағынасыз өлім бе?

**Бетховен**
-Иә! Иә! Түсінемін. Сіздіңше
Әлем ғажап, тыныстайды гүлденіп,
Береді оған Ай мен Жұлдыз, Күн көрік.
Айналамыз әнге толған бақ-абат.
Ай!
Жұлдыз!
Әлем!
Бәрінен де көріктілеу махаббат.
Жалғастыршы!

**А д е л а и д а**
- Осыдан.
Құтқара алсам Сізді тозақ отынан,
Сәтте болса жылынар ма жаныныз!
Міне, қолым!
Міне, өмірім, алыныз!

**Б е т х о в е н**
-Түсінемін! Ойыңызды жас адам!
Сүйек еттен өрімдей ғып,
Өріп Сізді жасаған,
Кемеңгер ғой Тәңірім!
Орында оның әмірін!
Сіде солай дейсіз! Ә !!!

**А д е л а и д а**
*(сезіммен)*
-Қалдырмаймын мен Сізді!

**Б е т х о в е н**
Не дедіңіз?
Естімедім. Қап... мыпа...
Түтік бар ед... Таптым! енді жақсылап.
Қайталаңыз!
Айқайлаңыз қаттырақ!

**А д е л а и д а**
*(түтікке айқайлап)*
Қалдырмаймын мен Сізді!
*(шәйнек бұрқырап қайнайды)*
Шәйнек, шәйнек!!!
*(каминге жүгіреді. Бетховен Басы салбырап үнсіз отыр-Қыз шәйенекпен оралады)*
Шэй де дайын, мінекей!

**Б е т х о в е н**
-Рахмет!
Қалдырмаймын дейсіз бе?
Аделеида Граббе! Мені Сіз
Қалдырасыз дәл қазір!
Жыламаңыз! Мен үшін
Жасадыңыз Сіз ғаламат ғажайып.
Көңіл кірден тазарып,

Мен де міне көркейдім.
Қайта көріп колеңкесін Орфейдің.

**Аделаида**
*(мойынына асылады)*
-Қалдыра алман мен Сізді!

**Бетховен**
*(маңдайынан сүйеаі)*
-Рахмет!
Таста мынау елсізді!
Халыққа бар! Дыбысқа бар, еркелеп,
Дәл осы сәт алыстамын мен сенен.
Аделаида!
Жылдар өтер,
Мүмкін сонда, үні осы бір қыздың,
Жетер маған ұшқыны боп жұлдыздың.
Қанаты боп самалдың,
Сен сол үшін жаралдың!!!

Григори ГРИГОРИАДИ

ҚАНАТ

Албырт едім,
Ұшу үшін жаралған,
Тоқсан жолдың торабына аттанып.
Қанатымнын
Қауырсынын тарамдап,
Баптаудай-ақ баптадым.

Әлі күнгі
самғар едім биікте,
Көкке жұртгы тамсандырып, қаратып.
Қанатым жоқ.
Шәкірттерім іріктеп,
Алып кеткен таратып.
Өкінбеймін.
Үзілмейді күдерім.

Жанды жеген арыламын күдіктен.
Түлеп ұшқан

шәкірттердің біреуін,
Көре қалсам биіктен.

Кейде өзім де,
Өткенімді қиялдап,
Жиып-теріп қауырсындар құрамын.
Қайта түлеп,
Көз ұшына, қиянға.
Ұшқым келіп тұрады.

Өткенді тек
Таба алмаймын іздеп те,
Балпандар шетінде жүр шалғайдың.
Қауырсынды
қайтарсам да жүздеп те,
Қанат құрай алмаймын.

Ұша алмаймын
Артта қалды арман-ән.
Жұбанамын
тиді деп бір жәрдемім,
Қырандарда көк төсінде самғаған,
Қауырсыным бар менің.

Енші бөлгсм,
жан емеспін шермендс,
Қайдасыңдар, балапандар кешегі?
Бір қауырсын қаламым бар,
сендерге,
Хаат жазуға жетеді.

## ДОС

Достым менің!.
Әрі көршім,
Жақыным,
Тәтті ұйқыға
батан шығар ақыры.

Жарғы түнде,
ұйқым қашып отырмын,
Терезесі
сөнді міне досымнын.

Ұйқысызбын!
ұйқысызбын,
Отырмын мен түңіліп,
Шамы сөнген
терезеге үңіліп.

Тек терезе артында,
түн түбінде,
Шылым шоғы
морзянканың тілінде.

Қозданады.
Ұйқысыз ғой досым да,
Маған сірә
SOS жолдап отыр ма?

Мүмкін ол да
таусылып бар шыдамы,
Жылап отыр,
іштен шерді шығарып,

Күрсінеді.
қоса жұтып.
тұтығып,
Көз жасы мен
темекінін түтүнін.

Беруші едік
етімізден ет кесіп,
Бүгін бірақ.
қия алмай бір өкпесін.

Бір қатемді
кешіруге жарамай,
Жүндей түтті,
Бет-жүзіме қарамай.

Жетпес пе еді,
Дос көңілмен наз айтса,
Лебізімен
күнәмді де азайтса.
Бірақ достым,
жауымдай боп жұтынып.
Сойды -

Мені
Жон терімді сыпырып.

Тек терезе артында
түн түбінде,
Шылым шоғы
морзянканың тілінде,

Қозданады.
Демек менің досым ғой!
Қимай мені,
ұйықтай алмай отыр ғой

Аяғымды
сұғып жалғыз кебіске,
Қарды кешіп,
жететіндей жеңіске,
Досқа жетем!
...Темекіден татамыз.
Үнсіз ғана мауқымызды басамыз.

**ЖАСТАРҒА**
*(Теміртаудың құрылысшы жастарына)*

Желкен жайып.
Желкілдеген үміттер.
Жер шетіне
Аттанады жігіттер.

Қиырларда қалды олардың
Іздері,
Солар деп біл, Қала көрсең
Түздегі.
Гүл бітеді олар барса
Қай жаққа,
Дән өседі. Олар басқан
Аймақта.

Мұнараның көкке тіреп
Төбесін.
Аттанады құрылысқа
Келесі.

Тірлікте олар байыз таппай
Жүреді.
Жұмыс тілеп лүпілдеиді
Жүрегі.

Шарлап жердің бойлығы мен
Ендігін,
Байқамайды өзі істеген
Ерлігін.
Бір ерлікке қол жеткізу
Арманы,
Қарапайым іс секілді
Қалғаны.

-Құрылыста болмайды, -деп
Батырлық,
Мысқылдарын миығына
Жасырды.
Мен Олардың ерлігіне
сүйсініп,
Сезімімді шымшылайды
түйсігім.

-Сендерменен құрылысқа
бір кірмей,
Қалған екем көп нәрсені
үлгірмей.
Серілігім салсадағы
сергелдең,
Жастар! Жастар! Жете алмаймын
сендерге.

Желкен жайып
Желкілдеген үміттер.
Жер шетіне
Аттануда жігіттер!

## ШАЛШЫҚ БАСТЫМ

Шалшық басты
Менің жалғыз аяғым.
Шалшық басты
Екі аяқты зайыбым.

Сол-ақ екен,
таппай тыным, саябыр,
Аттан салдым,
жиылмады айылым.

Сол-ақ екен,
көтеріліп ыстығым,
Қайдағы бір
жөтел қысты кеудені.
Таңқурайдың тұңбасына
бұқтырып,
Норсульфазол қосып тәуіп
емдеді.

Соғыс жылы,
белден батып батпаққа,
Айлап жаттым,
айналам от, оқ еді.
Кеңірдектен
суға батып жатсақ та,
Сырқат түгіл,
түшкірген де жоқ едім,

Соғыста мен
жанды бағым жатпадым,
Тек малақай
судан құрғақ боп шықты.
Қымбат бұйым,
от пен судан сақтадым,
Малақайда
темекі мсн оттықты.

## ОТТАР

Арбайды оттар
жағада,
Ынтыза роған
жоқ біздей.
Тек өзен жатыр
арада,
Қол созым жерден
өткізбей.

Сен дағы
жұмбақ сыр ашып,
Жанасын жақын.
жырақта.
Қол созым жерде
тұрасын,
Жетпейді қолым
Бірақ та.

***

Балқытады
Көрік - күнді,
Батыс -
Жарты шарайна.
Ерініңмен өбіп гүлді,
Тұрдың
Шомып арайға.

Көгілдір көк
Жанарыңнен,
Көкжиекке күн кірген.
Гүл - еріннің
Шанағынан.
Өбкім келіп
Тұрмын мен.

## СОҒЫС

Миымды шаққан сынақ бұл.
Біткенде
Қанды жорықтар.
Санамда қалған
Сызат бір,
Тірейді тағы
Соғысқа.

Ұмытқым келер,
Ал бірақ,
Жылдарға өткен қарамай.
Санамда қалған
Сол сызат,

Өртейді
Ескі жарадай.

Қиналып келіп
Ұршықтай.
Жадымда тұрар жаңғырып.
Санамда сызат -
Тыртықтай,
Өшпейтін таңба
Мәңгілік.

## БІРІНШІ ШАЙҚАС

Ғасырлар өтсін,
Есімде шайқас алғашқы.
Түн қатып жеттік,
Майданның алғы шебіне.
Бел буып бекем,
Ақтық межеге жармастык,
Осыдан бізге
Бір тұтам жер жоқ шегінер.

Таңда атты міне.
Үрейге бөлеп жер-көкті.
Аллаға тәубе,
Көреміз басқа салғанын.
Көргенім осы
Жасанып шыққан жендетті.
Ол мені атты,
Мен оны ата алмадым.

Зеңбірек алғаш,
Алдыңғы шепті түтіп жеп,
Бастайды шайқас,
Қорқыныш өлді жүректе.
Ғазиз жанымды
Тірідей көрге түсірмек,

Кәдімгі АДАМ.
Автомат ілген білекке.
Өтсе де жылдар,
Санамда мәңгі сақталған.
Кеше көргендей

Кетеді құйқам шымырлап.
Ойын емес бұл,
Чапай боп шапқан «ақтарға»
Дұшпаным мені
өлтірмек ботан шынында.

Шықты жауыздар.
Ажалсыз жандай есіріп,
Сәттер де болды,
Қарауылға кеп іліккен.
Ататын сәтте
Қалғандай саусақ кесіліп,
Қарауыл қашып
Басылмай қойды шүріппе.

Жақындап қалды,
Зұлымдық
Көзі қанталап.
Шешуші сәтте
Жеңе алмай ішкі сезімді,
Адамды көріп,
Жанарды жасым қалқалап,
Өлтіре алмадым
Өзіме төнген өлімді.

Өлтірді оны
Окоптас көршім дәл атып,
Демеді сөзбен
-Өзіңді қатты сынама.
Адам емес ол!
Неміс қой,
Әне, қарашы,
Өлтіру оны
Жатпайды мүлдем күнәға!»

Шабуылдан соң,
Тұтатып шылым шекті де,
-Қате айттым, деді
Ашынып,
Сөздің ауырын.
Неміс емес ол,
Немісті Тельман деп білем,
Ал, анау фашист.
Ұлыс бар сондай, бауырым!

## НАСТЯ

Аспанды
жыртық жол қылып,
Сауырын жердің
жара жеп.
Шашты кеп
фугас бомбаны.
Қарақшы -
қара самолст.

Автомат өшті
қаталап,
Айдаушы
санит-арбадан,
Сыбайды арғы атадан.
Амалы басқа
қалмаған.

Бұрқ етіп,
шөгіп қалды әлем.
Көтертпей
белі жаралы.
Шошынған аттар
арбамен
Аулаққа лағып
Барады.

Дәрменсіз қалдық.
ол қайғы,
Таңылған жара
қанталап.
Санбибі Настя
қорғайды,
Қанатыменен
қалқалап.

Тығылдык соған
біз біліп,
Ең берік осы оққағар.
Осыдан асқан
ізгілік.
Әлемде сірә
жоқ болар!

***

Жығылдым
алға үш аттап,
Оқ тескен кеудем
тұтанып.
Жер-Ана қысты
құшақтап,
Әйелдің бейне
құшағы.

Мейірімді ыстық
сезініп.
Жанарым сөніп,
Мәңгіріп.
Құшақта осы,
көз іліп,
Қалғым да келді
мәңгілік.

Отанды бірақ
от қармап,
Жатқанда ерлер
соғысып.
«Босатшы, - деймін
-достарға,
Беруім керек
қол ұшын».

Шыға алмай
тағат таптым да.
Ырқына көніп
Қырсықтың.
Аялы қанат
астында,
Балапан құстай
тұншықтым.

Кірпіктен таңғы
шық тамып,
Санбатта жаттым,
жылап та.
Тозақтан мені
құтқарып.

Кетіпті Настя
жұмаққа.

**ЧЕРНОВИК**

*(11.09.1983 -21. 09. 1983ж аралығында)*

***

Өрнектеп өлең жолымды,
Әрледім,
тыным көрмедім.
Босатпай істен қолымды,
Жасадым қолдан келгенін.

Аз жаздым.
Көбік сөзбенен,
Тарылтпай ойдың өрісін.
Ажал да тұрмай көлденең,
Арманмен тапты келісім.

***

Тірлігімді қалай ақтап алмақпын,
Тырыстым ғой,
кінә таға көрмеңдер.
Мен өмірде қарапайым солдатпын,
Солдаттардын қабірінде жерлеңдер.

Көппен бірге сара жолды тандаппын,
Жеткенімді біледі көз көргендер.
Мен өмірде қарапайым солдатпын,
Солдаттардың қабірінде жерлендер.

Соныменен!
Хош бол, достым -Ардақтым!
Дәурен өтер басымыздан сергелдең.
Мен өмірде қарапайым солдатпын,
Солдаттарша салю атып жерлендер

## Леонид МАРТЫНОВТАН

I.

Әлде өкпелеп, әлде жеңіл еркелеп,
Дедін маған:
-Өзгермейсің жүгірмек.
Біз ерлерден қартаямыз ертерек,
-Рас, бірақ әділдікке жүгінсек.
Санасқанда дәл осындай өлшеммен,
Ұмытпаған саған да жөн мынаны.
... Қартаясыз,
Бірақ біздің мөлшерден,
Әлдеқайда қол жасайсыз. Сынаңыз.

2.

Кейде жөнсіз лепіреміз,
Дау дүлділін қамшылап.
Сансыз сөйлем көпіреді,
Теңіздегі тамшыдай.

Қайда қайран, жыр шарпыған,
Жалынымен аймақты.
Жарқ-жұрқ еткен бір тамшы қан,
Жер шарындай салмақты.

## Василий ФЕДОРОВТАН

Серттен тайдық біз де, міне,
Сүрінеміз балаққа.
Қыздырмайды кыз қылығы,
Қуантпайды шарап та.

Түстік шарап жетегіне,
Құштық небір сұлуды.
Алдап кетті екеуі де.
Ұқсас екен қылығы.

Өтті жастық өтер ізбен.
Айдарынан жел ескен.
«Ағай» едік кеше біздер,
«Ата» болдық кенеттен.

Мүмкіндік бар
Бірақ,бірақ не етерміз
Жаңа міндет атқаруға
Дайын емес екенбіз

**Михайл БАЛЫКИННЕН**

1.

Қала еді көрмегенім,
Жүк машина ақ таңда,
Қыр төсіне өрмеледі,
Тиіп кетіп аспанға.

Сегіздемін,
Күн қақтаған.
Шашым желге тарады
Тамз күні құндақтаған.
Жұлдыз тамған таң алды.

Шар түйініп, базаршылап
Қап үстінде келем мен.
Бұл Данилдің баласы ма
Төнеді түн төбемнен!

**СОҒЫСТАН СОҢҒЫ БИ КЕШІ**

Дуалдың екі құрбы етегінде
(Елемей сұлулықты өтемін бе)
Қос көйлек, екі бантик, екі жанар
Топлый жалғыз ғана екеуінде

Дуалдың арғы жағы клуб алды
Би кеші өтіп жатыр қызығарлық
Топлый аяқтарды алмастырып,
Біреуі кетті биге бірі қалды

Екі ару билеп алған күй көңілін,
Басылды соғыс өрті биле бүгін

Бір әке екі ағын қиды осыған,
Осы үшін екінші әке қиды өмірін.

**ПРОМЕТЕЙДІҢ ӘНі**

3.

Маған емес ғарыштың кеңістігі,
Маған емес түстігі, терістігі.
Тұрған қалам мен үшін-туған қалам,
Қарағандым жәннаты жер үстінің.

Махаббатпен жылынып кең жүрегі,
Жастар кешке жұлдызға телміреді.
Қарапайым қалалық Прометейлер,
Жер астынан жалынды өндіреді.

Қалқам,
Көмір жанарың арайлы екен,
Ұшқын болып. құм болып қарайды екен.
Жүрегіне жердің де жетіп жүрмін,
Сенің махаббатыңа қалай жетем?

Сәулеменен түнекті түрлендіріп.
Достарыммен забойда жүрген қызық.
Сені көрем көмірдің қатпарынан,
Кіммен жүріп барасың,
кіммен күліп?

Сырға сараң шахтаның жарығында,
Көкейіме қанша жыр жазылуда.
Мен сен үшін жаралған Прометеймін,
Арналады өзіңе жалыным да.

ТҮЙЕ

4

Уақыт - Бәйге... Бәсе неге,
Состав секунд санайды?
Маңғаз түйе мәселеге,
Басқа көзбен қарайды.

Назар сал шөл Абызына,
Мұңға малған жанарын.
Қаныққ елдің аңызына,
Философы даланың.

Өркеш-өркеш шағылменен,
Қатар өскен ертегі.
Нарға біткен сабырменен,
Өмір жайлы .

Мен - Көнемін, тоқтады дем,
Сен -Болашақ... кәне, оз!
Түйелердің соқпағымен,
Келді бірақ паравоз.

Маңғыстауды аз да болсам,
Жан досымдай сүйемін.
Ақын үшін нанға қоса,
Күнге, желге, таңға қоса,
Әкел тағы... Түйені.

5.

Сөнді жылы жасыл ағын,
Қонды баққа күрең күз.
Көлге төгіп жапырағын,
Қалғып кетті үйеңкі.

Жырға каныпп түз жалбызы,
Тынды терек жағалай.
Қара шекпен күз қалғыды,
Қалжыраған анадай.

Күз бояуы қандай қанык,
Таза пейіл секілді.
Жүрегім тұр таңдай қағып,
Келбетіне, кекілдім.

Өкпемменен. айыбымды,
Жуып шайды жауының.
Қоғамындай қайырымның,
Қасиетті ауылым.

6.

Жер   кішкентай  түйіршік  кеңістікте.
Түйіршікте тар соқпақ. Келістік пе?
Сол соқпақта мен сені тосып алам,
Мінекей,
Барлық әлем осы ғана.

**Юрий ПОКАЗАНОВ**

## СОҒЫСТЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

Әл есімде жас тамғаны,
Кірпігінен анамның.
Әкем алыс аттанғаны,
Түкпіріне ғаламның.

Қалғаны сол санамдағы,
(Ерте ме. әлде кеш пе еді).
Әкем содан оралмады,
Анам жасы кеппеді.

Ұйқыда әлі алам жылап,
Еніп тағы түсіме.
Әкем мінген қара арғымақ,
Аулаға кеп кісінеп.

## АЛЫСТАҒЫ

Жұпыны там, таныс жаға,
Көрем сені түсімде.
Мұңлы қайың алыстағы
Нұрлы қардың ішінде.

Түн бойы жыр оқылатын,
Қайың үнсіз тындайтын.
Ай  шатырда отыратын,
Жылы лебіз силайтын.

Жұмбак сәуле айналада,
Ертегі еді түн деген.
Арбаушы еді ай  ғаламат,
Ғажап нұрмен гүлдеген.

**БАЛАЛЫҚТАН**

Қысқы жоды келеді ұтып
Құс қанатты ат шана
Жас орманнан желек ұшып
Ақ қар қандай тап таза
Жаңғырық та тыңдасады
Юра, Андрей, Петяны
Аспан асты тіл қатады
Емес бізден кет әрі
Ақ қайыңдар шуылдайды
Құр жібітті таңдайды
құлағымда шыңылдайды
Қоңырауы валдайдың

**КҮЗ**

Маржан алқа ұсынамын,
Шыққа тізіп бояу мың
Қызыл жаулық құпия қыз
Құпия қыз аяулым

Шаң жұқтырмай шашасына
таңқурайды теремін.
Қарт орманның батасын ап,
Нөсер шөпке енемін
Отырамын өзімді ұқпай
Алды деп кім сиқырлап,
Отыратын өзімді ұқпай
Алды деп кім сиқырлап

ЕСТЕЛІК

Атам талдан тоқып шана
Шанасына ғашықпын.

Ұлпа қарды осып қана
Із салуға асықтым

Керқұланы жегіп бер
Мазаладым желіткім

Атам ермес еріккенге,
Түске таман келісті.

Кеттік желіп, жарысты жел,
Әлем күміс жалатқан.
Қарсы алдымда ғарыш түгел.
Көзге симас көк аспан.

## АУЫЛ КӨШЕЛЕРІНДЕ ДЕ

Жүрсем ауыл көшесінде,
Оралып кеп қаладан.
Жап-жас болып кетесің бе,
Аумай қалам баладан.

Аңкаулықтан арылмаған,
Қара шашым, қой көзім.
Шарбаққа кеп дамылдаған,
Титықтатты жол да өзін.

Көнө көзді өзендерім,
Шомыламын құсындай.
Сол бақытты кезеңдерім,
Жүрегімнің тұсында.

## КӨҢІЛСІЗ КЕЗДЕСУ

Далам алақандай еді,
Өзен түскен көлденең.
Ақбоз аттар таңдай еді,
Жарысатын желменен.

Тамаша еді көршілерім,
Кең пейілі армандай.
Енді бүгін көрші келіп,
Қол суалып қалғандай.

Сиреп орман, талды тоғай,
Арғымақ жоқ баяғы.
Көңіл содан қалды толмай.
Ауылымды аядым.

## СЕН КЕТКЕЛІ

Аспан жылап жасын төкті,
Жерде қалды құлазып.
Сен кеткелі жазым кетті,
Қысқа таман күз асып.

Ізді қырау шалды дағы.
Қар да жапты ертемен.
Жадымда тек қалды жалын,
Өзегімді ертеген.

## ҚОШТАСУ

Шала мас жаз тығылды шөмелеге.
Күзге қалған даламнын күйі міне.
Бұлан кірді шатқалға, жөнеле ме,
Қызыл күнді қыстырып мүйізіне.

Бұлан күнді әкетіп бара жатыр,
Зеңгір көктің құрсаулы құрдымына.
Төнгендей-ақ басына заманақыр,
Түпсіз аспан түнеріп тұрды жылап.

## НАЗЫМ

Мұңайма, Жасыма!
Жолатпа құсаны.
Есуас жапырак,
Үміттің нышаны.

Аманда Ай күнің,
Күнә ғой қайғыру.
Жүректің жарасы
Бітелді қарашы.

Қамықпа! Ақырап
Тұрмайды қырсығып.
Есуас жапырақ-
Өмірге құлшыныс.

**СЕН КЕТКЕЛІ**

Аспан жылап жасын төкті,
Жерде қалды құлазып.
Сен кеткелі жазым кетті,
Қысқа таман күз асып.

Іздіқырау шалды дағы.
Қар да жапты ертемен.
Жадымда тек қалды жалын,
Өзегімді өртеген.

**ҚОШТАСУ**

Шала мас жаз тығылды шөмелеге,
Күзге қалған даламның күйі міне.
Бұлан кірді шатқалға, жөнеле ме,
Қызыл күнді қыстырып мүйізіне.

Бұлан күнді әкетіп бара жатыр,
Зеңгір көктің құрсаулы құрдымына.
Төнгендей-ақ басына заманақыр.
Түпсіз аспан түнеріп тұрды жылап.

**НАЗЫМ**

Мұңайма, Жасыма!
        Жолатпа құсаны.
Есуас жапырақ.
Үміттің нышаны.

Аманда Ай күнің,
Күнә ғой қайғыру.
Жүректің жарасы
Бітелді қарашы.

Қамықпа! Ақырап
Тұрмайды қырсығып.
Есуас жапырақ-
Өмірге құлшыныс.

Жара да тәнінде,
Жазылар бір түнде.
Өткінші бәрі де.
Оксана, күрсінбс.

**КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ**

Кез құйрық қанатын,
Төбемде жаятын.
Сәт түсті атаммен,
Күзетке баратын.

Жалынға құйылып
Күзет түн ертегі.
Атам сәл жымиып,
Шежіре шертеді.

Сәбилік көзіме,
Құйылып аспаным.
Өтеді сезілмей
Қысқа түн қас-қағым.

ЖЫЛҚЫНЫҢ жалында,
Күзеттін кештері.
Сөнбеді жадымда,
Жүректе өшпеді.

**БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ**

Бақытты балалық - таң құла,
Тербеші жүректі зердемен.
Алтын жал асауды алдыма.
Тағыда тартшы бір көлденең.

Жығылып асаудың жалына,
Деміммен ауаны қармайын.
Өтейін егінжай маңынан,
Шабытты даламды шарлайын.

Жетейін топ қайың шетіне.
Тоғыскан үш жолдың торабы.

Балалық бақытым, өтінем,
Түсіме енші бір оралып.

## ӨТКЕНДІ КҮТЕМ

Күз кедді. Қара жол жыртығын,
Сарғайған жапырақ жамайды.
Жайсаң жаз жағада тыншығып,
Үмітпен көктемге қарайды.

Екеуміз қоштасқан жағада,
Жайсаң жаз күтеді көктемді.
Ауылын сағынған баладай,
Мен дағы күтемін өткенді.

## СИЫРШЫМЫН, САЙҒА БАРАМ

Оң жағыма шығыпты өзен,
Сол жағымда - көл шара.
Келем ойнап шыбықпенен -
Құрық мінген қолбала.

Сиыршымын, сайға барам,
Шөмелемен кезігем.
Көзтанысым майқарағай.
Саясында көз ілем.

Сұлулыққа сұқтанамын,
Жүргендеймін жұмақта.
Жұтам қауыз шық-шарабын,
Өзен жаққа жырақтап.

Көк шалғынның соқпақтарын,
Сиыр шарлап кете ме…
Көрік бердім, торпақтарым.
Айта көрме шешеме.

**Владимир ЗИМАНОВ**

**КҮЗ**

Өкпелемен,
түн гүнекке тұншығып,
Қалтыраса күзгі жаңбыр өтінде.
Сана жетпес табиғаттың тылсымы,
Бәрі өткінші, өкін мейлі өкінбе.

Құпия күз,
қызыл сары әлемде,
Мөлдіретіп мұңлықгың көз шарасын.
Күйеуіне өкпелеген әйелдей,
Мені тастап қайда кетіп барасың?

Окпелемен,
мінезіне тұрақсыз.
Құшағымда қала алмайсын сән құрып.
Бәлкім қайтып барасын сен. жұмақ күз,
Сұлулықтың мекеніне мәңгілік.

***

Кеш емес әлі.
Аспан етегін,
Алтынмен аптап ділдә - күн.
Көшпелі бұлттар таптап өтеді,
Кешкі шапақтың дидарын.

Шуақты күннің жанары сөніп,
Тынады тұйық түн іштен.
Соңғы нұр жанға береді желік,
Батысты күптеп күміспен.

Батады ғалам.
күнәдай қою,
Қараңғылыққа алғашқы.
Қаныпезерлер ұрады сойыл.
Бұрыштан тосып албасты.

Қайғысыз,
мұңсыз,
сөнеді батыс,

КӨЗІНДЕЙ болып кененің.
Қаласа құдай,
сенеді басым,
Қайырлы таңды көремін.

Жағынған да көп,
табынған да көп,
Ел айтса болды елендер.
Ақылгөй де көп,
ағымдар да көп,
Тек батыс жалғыз кемеңгер.

## ҰЙҚЫСЫЗДЫҚ

Алтын басым ақ жастыққа құлады,
Өгей күннен тығындалды құлағым.
Аласұрған ойлар безіп ғайыпқа,
Сенің дауысың жетті талып ғарыштан.

Жабырқаулы жанарынды сағынып,
Жатам содан сандырағын жамылып.
Болашақтан бар ма менің күтерім.
Бүгінімді ескі жүндей түтемін.

Не күтеді.
Санам саққа жүгініп,
Көзім талды шексіздікке үңіліп.
Ұйқысыздық,
миды ойсыз тас қылып,
Жауратады моласындай бақсының

***

Жасырынды қазынамды қайтарып.
Жаңа түскен шықтай таза,
ғұсылмын.
Таңғы бақтын мөлдіреген гауһарын.
Алақанға жиып саған ұсындым.

Мөлдір шықты алақанда аялап,
Үңілесін терезенің алдында
Бір тамшыда үлбірейді сая бақ,
Бір гамшыда тазалығы ардың да.

Осы тамшы қыста борап,
көктемде,
Ақбұлақ боп шапқылаған ақ арман.
Топан суы жерді шайып өткенде,
Бар күнәдан ғұсыл болып тазарған.

Біз де ғалам түйіршігі шығармыз,
Қабылдармыз тылсым күштін пәрменін.
Таңғы гүлге тамшы болып тұнармыз,
Іздеп бізді келер баққа әлде кім.

## ХАНШАЙЫМ

Ханшайым дейді,
жанары күлген,
Достарым саған сұқтанып.
Жанында сенің жабайымын мен.
Сұлулығынды ұқпадым.

Жайнатар еді бағын басқаның,
Күлгенің.
киім кигенін.
Бұзғаның дейді табиғат заңын,
Жанында сенің жүргенім.

Мінезі мақпал,
тамаша көзі,
Ақылмен тапқан жарасым.
Жұмақ силасам жарасар еді,
Жетпейді бірақ жалақым.

Ән салса қонар аққулар қолға,
Бақытың бар-ау жігітім.
Өлгенің артық арудың сондай,
Ақтай алмасаң үмітін.

Көлік жүргізсе,
тәлімді қыздай,
Қимылы көзді арбайды.
Мен жүрсем жаяу,
тәртіпті бұзбай,
Ханшайым жесір қалмайды.

Жастығың жырақ,
кешеде қалды,
Жас ару сенің қай тенің?
...Болсандар теріп өсек-аянды.
Аулақ жүрсендер қайтеді.

## ҚОШТАСУ

Саусағынды уысымда аймалап,
Жұпар шашты иіскеймін үздігіп.
Неге бақыт кетті бізден тайғанап.
Қоштасуға мәжбүр етті бізді кім?

Үйлесе алмай ән үзілді көмейде.
Неге екеуміз бір соқпаққа симадық?
Ошақтан да түседі тек көленке,
Қырдан асып кетті көктем,
қиналып.

Бұлт аспанды басып қалды қозғалмай,
Бұл аймақта күз қанатын жайыпты.
Көңіл *күпті,*
жапырақсыз ормандай,
Айтып өлтір, осыған кім айыпты?

Дауласпайык,
керегі не егестің.
Көңілінді алдым білем ылайлап.
Түсінімен сен кінәлі емессің.
Екеумізге жетіспесе бір айлақ,

## СКРИПКАШЫ

Ашулы шанақ, бұлданба.
Перненің саусақ ғашығы.
Бақсының жыны буғанда,
Бір күнге сияр ғасырың.

Пейішке сыймай, тамұққа,
Адырна асау тулайды.
Есірткі тисе шабытқа,
Сананы сезім улайды.

Айылы күйдің жиылмай,
Қанына бүлік құйылып,
Әкетер тартып жылымға.
Құрдымдай қара иірім.

Түседі көктен сорғалап.
Құлағы керең зынданға.
Қайтесін жанды қорғалап,
Қиямет қайым туғанда.

Жиылып құлдар,
парықсыз,
Бостандық күйін қолдайды.
Жерлейді құлды табытсыз,
Құлпытас оған қоймайды.

Көлеңке түнгі қалықтап,
Пилатқа жансыз келмек пе?
Сықырлап қақпа тамұқта.
Көтерер айқыш жендеттер.

Дар ағаш үнсіз тербейді,
(Дұзақта кетті бәтшағар).
Халқына маза бермейді,
Таласқан таққа патшалар.

Өртенген ошақ мұң бүркіп,
Түтінсіз лаулап жанады.
Алалы табын. мың жылқы,
Аулаққа лағып барады.

Пендені тартып жазаға,
Қанішер тойын тойлайды.
Пернені жансыз мазалап,
Жынданып дарын ойнайды.

Үзілді кенет, құтырған,
Екі шек. енді оңалмас.
Құлдықтан әрең құтылған,
Құлдыққа қайта оралмас.

***

Өтінемін, қара көйлек кимеші,
Қаралы түс қуантпайды көзімді.
Жүргенімде жабырқаулы күн кешіп,
Шошытпашы секем алғыш сезімді.

Көңіліме күдікті мұң орнатып,
Қара орамал тағынбашы басыңа.
Бұрымында күн сәулесі ойнасып.
Алтын зерлі шуақ төгіп шашыңа.

Ұнатамын гүлдердінде тазасын,
Ажарлы түс киіп жүрші ылайым.
Алтын басқа орамалын жарасып.
Саған қара жамылтпасын құдайым.

## МЕНІҢ ЖҰЛДЫЗЫМ

Түн жамылып,
басты дала солығын,
Бір құдірет төсегімнен тұрғызып.
Шықтым жеңіл,
қайтпақшы боп жолығып,
Көк төсінде жанды міне жұлдызым.

Құпиясын тұмандатып шексіздік,
Орбитада аласқанда бір арман.
Сезіміме сәуегейлік жеткізіп,
Маяк болып жымындайды шырағдан.

Осы жұлдыз алтын алқа тұмарым,
Сонау аспан әлемінде гүлдеген
Табынамын,
мың мінәжат қыламын,
Жұлдызыма, үмітімді үзбеген.

***

Оятып ақын әуені,
Ұшырған таңғы құстарын.
Ормандар, бақтар мәуелі,
Туған жер, Қазақстаным.

Кең дала, текше тауларым,
Бұйымы зергер ұстаның.
Өзендер,
          көлдер,
                    айлағым,
Бұл менің - Қазақстаным.

Егінді алқап мақтаным,
Жайлауым, қарлы қыстағым.
Ордасы кеннің, шахтаның,
Туған жер, Қазақстаным.

От шашып тұлпар тұяқтан,
Ғарышқа төте ұшқаным.
Баяны күймен ұласқан,
Бұл менің - Қазақстаным.

Түндігін еркін түрді күн,
Тарихтың тінін ұстадым.
Сақтаған елдің бірлігін,
Туған жер, Қазақстаным.

**Татьяна РОМАШИХИНА**

Жаңа жылдың бас қонағы.
Наурыз келді қыр асып.
Қыстың қалған ақ бораны,
Ақ жаңбырға ұласып.

Ерке самал құлпырады,
Айдарыма гүл іліп.
Күлімдейді күн шуағы,
Жанарыма үңіліп.

Ақ тәнімді аймалатам,
Күннің қызыл шоғына.
Тау көлінде жайбарахат.
Шағала боп шомылам.

Ұлы күнін Ұлысымның
Шығарамын жоғары.
Меруерт гүл үмітімнің,
Қоңырауын қағады.

Күнгейіне шұбат тамып,
Қыраттарым елтеді.
Күміс көмей бұлақтарым,
Шаттық күйін шертеді.

Баста тұрмас дәуір ме еді.
Шалшықтардың көктемгі.
Жасын сүртіп сәуір желі,
Жаз құлпыртар бөктерді.

Базарынды бұлдамашы.
Өтейікші жарасып.
Кетті бақыт қырдан асып.
Қалмайықшы адасып.

***

Тоқтатпа,
Жауындарға сүңгіп барам,
Жол түссе жолығармыз құрлықта аман.
Біз әлі еркін құспыз
Оқ тимеген,
Уынан махаббаттың бір жұтпаған.

Тағдырмен,
Мінезбен де жарқылдаған,
Ұқсаспыз.
Сондадағы артын бағам.
Әзірге жолы түскен жолаушымыз.
Жұмбақпыз іштегі сыр айтылмаған.

Әкетер сені состав алыстарға,
Қаласан телефон шал, қалыс қалма.
Купеде еске аларсың тау туралы,
Әндерді біздер салған танысқанда.

Өмірің жаңа әуенге толып ізгі,
Бұл тағдыр алыстатты жолымызды.
Синильга майқарағай бұтақтарын,
Бұлғайды тілеп бізге жолығуды.

Өмірдің шиыр - соқпақ шатқалдарын,
Күмәнсіз кешіп өту басты арманың.

Сыр шертіп ескі досың гитараға,
Ғанибет әнмен шерді ақтарғаның.

Әйнекті жаңбыр селі пергілеген.
Көңілге ескі күдік енді неден.
Жүйкемді жұлсын мейлі қара нөсер.
Бәрібір еңсем түсіп елжіремен.

Сәуірде шөкім бұлт жоқ мамырлаған,
Тыныштық шертеді әуен,
Жаным да алаң.
Әндер ме жаңбыр жайлы, біз айтатын.
Жо-жо-жоқ!
Телефон ғой шарылдаған!..

## ПАРИЖДІ КӨРСЕМ...

«Парижді көрсем өлуге бармын» -
- Не деген шолақ арманың.
Мен болсам бәрін көруге зармын.
Ғажайып әлем жан-жағым.

Иерусалим киелі қала,
Тірегі көне діндердің.
Өткені ескі, бүгіні жаңа,
Оны да келер бір көргім.

Жеткізер жолдар жалғап араны,
Мәңгілік қала Римге.
Жанардың жауын жаулап алады,
Колизей көне түрінде.

Қалауын жаннын түсінбегенмен,
Қиялдың қағып есігін,
Ертегілерді түсімде көрген,
Өнімде көрсем несі мін?

Көргім келеді, көптен бағалы,
Тауларды тұрган көк тіреп.
Алайда өзім өскен даланы,
Ең басты байлық деп білем.

***

Таусылса жолдар төзімі
Шайқаста соңғы жан берер,
Солдатша өзін сезініп,
Көз жұмды батыр. ардагер.

Күн бойы жұмыс атқарып.
Түн бойы жаумен алысты,
Көз жұмды, қыршын жастағы
Майдандастармен қауышты

Жылдарды өткен қайталап,
Достарын жиып, сағынып,
Ақ шашты аға лейтенант.
Айтады жеңіс аңызын.

Жауызды тізе бүктіріп,
Соғысты қолмен жерлеген,
Батырды тыңдар тік тұрып,
Шеидтер жеңіс көрмеген.

## АҚЫН ВИКТОР ФЕТЬКОНЫҢ РУХЫНА

Сөзін жерге тастамайды шын досың.
Міне тағы, қабірінің басында.
Шегіршіннің жапырағы үн қосып,
Сыр ашады әріптесі ақынға.

Баз баяғы тәртібімен бар әлем.
Тіршілікті әлдилейді тербетіп.
Бүгін тағы жарық көрді жаңа өлең.
Немерелер бой түзеді ер жетіп.

Ақын жаны жырдай нәзік үлбіреп,
Лүпілімен аймалайды жер үстін
Қапылыста тоқтап қалса бір жүрек,
Бір өлшемге тарылады кеңістік.

Шүкіршілік, оқырманың аңсаған,
Жырларыңның қиылмапты қыршыны.
Пайғамбарлар тіріледі қайтадан,
Адамдармен қауышуға құлшынып

**ҚАЛАМА**

*(Александр Болюхқа арнадым)*

Тоғыз жолдың тоғысып торабы.
Үлбіреген үмітгі жалғады.
Адастырған дәуірдің бораны,
Адамдардың табысты арманы.

Алаулатқан мартеннің ошағын,
Құрыш қала от-жүрек, гүл-жанар,
Шаршағанға иығын тосады,
Айдарынан жел ескен мұржалар,

Ауыздықтап құрыштың тасқынын,
Конвентордың жалында ойнаған
Шартараптан шақырып жақсыны,
Еңбегінің жемісін тойлаған.

Отанының үмітін ақтаған,
Дәріптеген есімін ерлердің,
Жағасында Нұраның жас қала.
Шабытынан жаралған зергердің.

Жылдар өтер жарысып желменен,
Жалынына оранып мартеннін.
Жауыртауға жалықпай өрмелеп,
Кесегесін көгертер өлкемнің.

Кемелдікке кенелсең сен егер.
Менің дағы мәртебем жоғары.
Арман қалам, кеңейсін кереген,
Тоқсан жолдың тоғысып торабы.

**Татьяна ДУБОВСКАЯ**

**МАША**

Жаунгердсй жасанып,
Қуды Маша масаны.
Кіп-кішкентай түрімен.
Ұйқы бермей түнімен,
Ызындаған мазасыз,

Қалмау керек жазасыз.
Үкім айтты қысқаша,
«Күл қыламын ұстасам!»
Қуамын деген құрғырды,
Вазаны да сындырды.
Диванға кеп жайлана,
Қарап еді айнаға,
Мазақ қылып, қырындап,
Маса отыр мұрнында.
«Ах сендей қан құмардың,
Біз тұмсығын жұлармын».
Ұрмақболды құлаштап,
Аяп кетті бірақта,
Кім айтады аяғын.
Кімнінң мұрынын аяды?

## КАПИТАН

Капитанмын ұқыпты.
Елім сенім жүктеді.
Кетем шарлап мұхитгы,
"Қош бол, мама, күт мені."

Штурвалды түзеген,
Морякпын мен. батырмын.
Теңіздерді тізеден
Кешіп келе жатырмын.

Шайқаламын кемемде,
(Қиялдасам еркім ғой).
Қалған қалақ еденде,
Теңіздегі дельфин ғой.

Қуыршақты қарғыннан.
Құтқарамын бұлданбай.
Антарктида алдымнан,
Күтіп мені тұрғандай.

Ойынымды кезінде,
Алайыншы бүтіндеп.
Мұхиттар мен теңіздер.
Мен өскенше күтіңдер.

## ҚУАНЫШ

Қанаты жеңіл толқындар тынбай,
Оятты тербеп таң нұрын.
Қуаныш сезім кеудеме сыймай,
Күлім қағады тағдырым.

Ашық аспанда құстар ән салып,
Оянды қайың ертерек.
Желөкпе самал құшып. қарсы алып,
Айтады назын еркелеп.

Көкжиек көркем, керемет қандай.
Алтын құм төсеп жағажай.
Сәулесі күннің жанарын алмай.
Толқынмен ойнар, баладай.

Еркелеп самал, сипап бетімді,
Ләззатқа көңіл тоймайды.
Жігіт-жел мынау неткен өтімді,
Етегімді ашып ойнайды.

Шалғынның шайқап ғашық тұманың,
Үйпалап кейде кекілді.
Салады жүрек шаттықтың әнін,
Таңдағы торғай секілді.

## ДӘРІГЕРЛЕР

( В.М. Ивановка, В.Я.Правичке.
К.В.Кучинскийге, О.М.Лиге,
М.И. Мошковскийге)

Иыққа іліп арындай таза ақ халат,
Сырқатқа бір сәт көмегі тисе бақ санап.
Тәулікте сынбай ажалға қарсы шығатын,
Өмірге құштар періште шығар ақ қанат.

Періште деймін, адам ғой бұл да кәдімгі,
Қарғалар қорлап, қасірет кейде жамылды.
Құрғатып жасын, жүйкесін жаман сырқаттың,
Жанына бұның қаншама жара таңылды.

Дәрімен емдеп, жанымен емдеп ғасырды,
Ізгілік істен шаршағанын да жасырды.
Сендердің шексіз шапағатынның алдында,
Адамга біткен иемін алтын басымды.

## ШАЛҒЫНДА

Хауызын гүлдер ашқанда ғажап,
Төккенде шуақ шашып.
Шалғынды құшып, аспанға қарап.
Қиялға батып жатамын.

Еліктеп осы кереметтерге,
Еркелеп самал еседі.
Ұксайтын аппақ көбелектерге,
Көгімде бұлттар көшеді,

Гүлдерді кезіп аранын елі,
Талайды пайыз тұрақтап.
Туғаным қандай ғажайып еді,
Жер атты мынау жұмақта.

***

Зерлі шапан жамылып,
Көлеңкелер көлендеп,
Аспан жұлдыз тағынып.
Төңкерілді төбемнен.
Сүмбіл сабақ иіліп,
Даламда дән піседі.
Көктен жұлдыз үзіліп,
Көк шалғынға түседі.

Сырнай үн үзілді,
Тына қалды айнала.
Айна- көлге үңілді,
Күміс алқа-ай жаңа.

Құс ұйқылы кең дала,
Аунап түсті, күрсінді.
Бәрі ұйқыда.
Мен ғана
Күзетемін бұл түнді.

Туған жердің білу үшін қадірін,
Аралаймын орман, тауын, мүйісін.
Теректердің жапырағын жамылып,
Жатам тыңдап тыныштықтың тынысын.

Жасыл майса табаныма теселіп,
Сіміремін күміс шықтың шырынын.
Құстар әні көңілімді көтеріп,
Өріп берем қайыңдардың бұрымын.

Жұпар шанақ гүлдермен көрісіп,
Кешіп өтем тар жол, тайғақ жылғаңнан.
Қуаныш пен қасіретінді бөлісіп,
Мен өзінді жалықпаймын жырлаудан.

**НӨСЕР**

Құйды нөсер күркіреп,
Қарағайлар сілкінді.
Қара бұлттар дүркіреп,
Қаралы аспан күрсінді.

Үрпиісіп ағаштар,
Мауқын әзер басады.
Ашулы Зевс аластап,
Жерге жасын шашады.

Аспан нұрға толғанда.
Көкжиекке қонар ма?
Кіре қалсаң орманға,
Тұншығасың озонға.

Жарқылдайды жыракта.
Найзағайдың қылышы.
Қарағайлы жұмақта,
Тарылмайды тынысым.

***

Қапелімде алдым ба өкпелетіп.
Жүруші едік төбеміз көкке жетіп.

Күйкі тірлік меңдеген жүрегімді,
Жіберуші ең бір сәтте көктем етіп.

Ән салуға зауқым жоқ, өлеңге де.
Тұна қалды тоғай да көлеңдемей.
Мәнсіз қалды өзіңсіз мына жалған.
Оралсаңшы, кешікпей келемдеп ең.

Кіріп келші есікті қақпай ашып,
Қаңырап тұр өзіңсіз тас қалашық,
Кешір мені. О, Муза, өзің едің,
Махаббаттың міндетін атқаратын

Келеміз егіздей бірге өсіп,
Мейрімді анадан жаралғандай.
Құрыштан қаланған іргесі,
Бірлігі жарасқан қалам қандай!

Гүлденіп жайнай бер, жас қала.
Елімнің еркесі, керімсалы.
Қазақтың жүрегі    Астана.
Қазақтың тілегі   -Теміртауы

**Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ**

## МОНОЛОГ ВОЛКА

Я ненавижу собачьи повадки!
Эй лизоблюды!
Пощады не жди.
Судьбы вершает лишь в яростной схватке,
Свободное племя дикой степи.

Ты силе и воле перечить не смей,
Неистово плещет пламя в крови.
Оружие мести    кинжал у людей.
Оружие чести - волчьи клыки.

От предков великих доносится зов,
Невольникам чести не снится покой!
Я чувствую запах охотничьих псов,
Пропитанной степью. вечной враждой.

Мне же -
заложнику времени бренной,
Обидные сплетни доносит молва.
Будто родня мы на уровне генном,
Мне сердце пронзают такие слова.

Сражаться за падаль меня не моли.
Коли унижусь, будь проклятым я!
Наследники мы благородной крови.
Шакалам и псам отнюдь не родня!

Рожденный в неволе из бешенной матки,
Не брат мне по крови.
а кровный враг.
Эпоха волков неужто в закате
Чтож Вы молчите, матерый вожак?

Что же Вы молчите?
Преступною ночью
Я окружем. под прицелом клыков.
И небеса разрывается в клочья.
От лая и визга охотничьих псов.

Руза АЛДАШЕВА

Ты давно не стучался ко мне.
А других я подавно пе жду.
Не слезу о с ы п а ю волне,
А рубины с ресниц уроню.

Как избавиться от маеты,
Каждый миг навевает тоску.
Все мне чудится, явись ты,
И приластится зори к ростку.

Но пока мой кораблик души,
Напоролся на айсберга ход.
О! Муза, подруга спаси,
Растопи залежавшися лед.

***

Ты молчишь, я в ответ ни гу гу,
Улыбнулся, но тоже фальшиво.
Только в песне твоей нахожу
Упоенья, танцую игриво.

Только в песне звенит божество,
Только песней душа расцветает,
Озарится улыбкой чело,
Песня мне естество возвращает.

Лишь касается песни крыло,
В звуке лиры и млею и таю.
Все грехи твои песней смело,
Вее обиды за песню прощаю.

*+*

Снова степь полонили цветы,
Снова с сердца взлетели слова.
Снова в памяти явишься ты,
Закружилась опять голова.

Наши встречи мираж наяву,
Мы с обрыва сорвались с тобой
Я рассыпала чувств бирюву
Но осталась гордой и прямой.

О тебе мне колдует заря,
Провоцируя сердца порыв.
Я давно позабыла тебя
От чего только плачу навзрыд

***

Ты мир бережешь, я берегу очаг.
Мы дети эпохи, покоры судьбе.
Поникнет когда одиночества стяг,
Всномни обо мне.

Дни, в ритме сердца, стакатто стучат
А ночи, как застывшая вечность длинна.
Кто тайной плнене, одинокой души
Те поймут меня.

Трудом своим бренным, в кромешной ночи,
Маяком для тебя очаг разожгу.
И трепетным пальцем, надежды лучи,
В букет соберу.

Я верю, что небо одно на двоих,
Мечтаю чтоб ты возвратился домой.
А после забыться в обьятьях твоих,
Единственный мой.

***

Природа мать, ни в чем не виновата,
Проносится время, сквозь пальцы вода.
Мы много теряем, причем безвозвратно,
Объявляю розыск чувству стыда.

Путь труден, тернист до неистовой цели,
Но чувствам беспечным не снится покой.
Вершающий истину лишь на дуэли,
Объявляю розыск и чести мужской.

Нет для кручины особых причин,
Есть тайна природы, гадай не гадай.
Влекущий на подвиги ратных мужчин.
О! Женская гордость! -ты в розыске, знай.

Эй! Рыцари чести! Вы делись куда?
Без вас человечества не признаю.
Без чести, без гордости и без стыда,
Остаться должны мы лишь тварью в раю.

***

Мама!
Мпе грустно шагать по земле без тебя,
Орбитою связан, по жизнн бреду.
И счастья так рядом, хрустально звенят,
А вот дотянуться никак не могу.

Мама!
Я прыткое время за гривы хватаю,
Нежна и строптива, судьбою влеком.

Надежды к свершению всеж не теряю,
Ведь вскормлена я твоим молоком.

Мама!
Заветов твоих оступиться не смею,
Мадонна с младенцем волнует мне кровь.
Материнские чувства в сердце лелею,
А душу наполнит дочеря любовь.

Мама!
Достигла ли цели? Пока что не знаю,
Но смысл этой жизни пытаюсь понять.
С надаждою смотрит и веру вселяет,
Твоими глазами мне Родина - Мать!

Таңсәуле ӘГЕНҚЫЗЫ

## АУЫЛ

Из снежных вершин берешь ты начало,
Бусинками смеха по склонам звенишь.
Попробуйте путник глоточек Зам-Зама,
Мятежную душу навек исцелишь.

Набор витаминов дарили луга,
Ягнята купались в парном молоке.
Беспечное детство умчалась куда,
На сказочно смелом лихом стригунке.

Речушка Талды разлившись весною,
Рекой полноводной неслась напролом.
Я уезжала, прощаясь сомною,
Братишка слезу утирал рукавом.

Мелодия льется из мятных полей,
Как лепет младенца поэта строка.
И тянется к югу косяк журавлей,
И дочка грустит по тебе Сарыарка.

**ГРУСТЬ**

Кометой ворвавшись в душсвную тишь,
Завстным свсчснием в сердце горишь.
Обшарив планету, исчерпав моря,
Мне тайну твою никогда не постичь.

Колышется в сердце тюльпанов прибой,
Ведь чувства не вянут весной и зимой.
*Я* взором повсюду тебя разыщу,
Таинственый спутник - единственный мой.

Звездой одинокой, полночной порой,
Будь вечно вдали недоступный герой.
Лишь в грезах встречаться предписано нам,
Не будешь ты мужем, не буду женой.

Лишь сердцс призывно стучится в набат,
Лишь очи сияют в полсотни карат,
Лишь только частенько я плачу тайком,
Конечно же в этом не ты виноват.

***

Мне пройденной жизни нисколько не жаль,
Сказ о влюбленных уносится в даль.
Измученной сердце нет исцеленья,
Лишь грусть пожелтела, и ноет печаль.

Гляжу бесконечно в туманную ночь,
Звезда -твоим знаком уносится прочь.
Недаром господь мой терпеть мне велел,
Скажите миряне, кто может помочь.

Ты прочь улетаешь, останусь одна.
И звездочку в набо не кликнет звезда.
Опять забываюсь, печалью томима,
Я внешне здорова, душевно больна.

Любовь не опора при шаткой судьбе,
Слова утешнья не встречу нигде.
Ведь знаю, что планка любви высока,
Прошу Вас, - Позволь лишь скучать по тебе.

## ТЕМИРТАУСКИЕ НОЧИ

Ілия Жаканов
Қасымхан Бегманов

Серьги слитками шуршат,
В блестках лунного луча.
Красавица Темиртау,
Красна
Красна девица душа.

Манит взоры щек ланит,
Сердцем тянется джигит.
Очи темные в ночи.
В ночи
Звездным пламенем горит.

Ветер бродит чуть дыша,
Млеет девичья душа.
Их с тобою не сравнить,
Сравнить,
До чего ж ты хороша.

Берег нежности полна,
Шепчет сонная волна.
И земной твоей красой,
Красой
Зачарована луна.

Ночь простится у ворот,
Тает звездный хоровод.
Только песенка мечта,
Вновь нас
На свидание зовет.

# *Балаларға - базарлық*

МАРЖАН апайға
*(Айбардан)*

Зейін сап зерлі сөзіңе
Заманның сыры ұққаным.
Алғысым шексіз өзіңе,
Аяулы менің ұстазым.

Тарыдай болып еніп ем,
Таудай боп міне өскенім.
Алғысым шексіз өзіңе,
Аяулы менің мектебім,

Жыл сайын түлеп, жаңарып.
Әркені өскен заманның,
Кірпіші болыл қаланып,
Өмірден орын табармын.

Жыр жазып ана тілімде,
Түспейді қолдан қаламым
Қашанда құмар білімге,
Шәкіртің болып қаламын.

АЙБАР

Есімің - елдің байрағы,
Есімің - ғарыш айлағы.
Ерлерді жерге қаратпас,
Есімің - намыс қайрағы.

Шабуылдардың ұраны,
Саятшылардың қыраны.
Қорғайтын пәле-жәледен,
Көкеңнің таққан тұмары

Есімің - таңның шапағы
Есімің - тудың шашағы.

Есімің - сұсы батырдың.
Аймаққа жеткен атағы.

Сүрінбей өтер сындардан,
Есімің - сенім шыңдалған.
Есімің - дастан, халықтың.
Аңыздарында жырланған.

Есімің - көзі көсемнің.
Есімін - сөзі шешеннің.
Ырымдап, Ұлым, өзінді
Айбар деп көкке көтердім.

***

құйды жаңбыр, қала жылап қалғандай,
Дидараның үсті-басы малмандай.
Үйге келіп, бар киімін лақтырып,
Жата кетп құс төсекті лас қылып.

Етіктері жылап қалды өкпелеп,
Динараға көп қызмет еткен ек.
Досымызды көк нөсерден сақтадық,
Су өткізбей шалшықтарды таптадық.

Ертең тағы жауын жауса нетерміз,
Шалшықтарды қалай тағы кешерміз?
Бүгін бізді майламаса кептіріп,
Аламыз гой аяққа су өткізіп.

Күртесі де малмандай су, жылаған.
Ескерусіз, төсекке кеп құлаған.
Іліп қойса жуып-шәйіп, кептіріп,
Ертең тағы танытар ед ептілік.

Көрді бәрін бүгін түнде түсінде,
Қолшатыры аянышты пішінде,
Салақ қызға қызыметті қаламай.
Бар киімі қашып шықты далаға.

Ылғал күрте жылауға сәл шақ қалып,
Көз әйнекке жатыр мұның ақтарып.
Кептірусіз, үтіктеусіз кешеден,
Бұл түріммен қалай шығам көшеге

Осы сөздер сезім құйып санаға,
Динара да атып шықты да
- Қайдасындар, күртем менеп етігім.
Мен сендерден сұрап келдім кешірім,

Мен сендерсіз сыртқа шыға алмаймын,
Мен сендерсіз бақшаға да бармаймын.
Етіктерім, бағанды енді түсіндім,
Кешіріндер қателігін ісімнің.

Ұмытындар ағат кеткен кездерді,
Бұдан былай күтіп кием сендерді.
Бәрін кешіп үйге қайтты киімдер,
Балдырғандар зат қадірін біліңдер!

## КҮШІГІМ

Мектеп әне, шақырады баланы,
Күшігім де еріп бірге барады.
Итімді аяп құйрық жүнін тарақтап,
Кіл кешігіп кірем ылғи сабаққа.

Күшігімді кіргізбейді дәріске,
Терезеден оқылмайды әліппе.
Қарға санап отырсың, деп мұғалім
Ұрысады.
Күшікте ғой құмарым,

## МЕНІҢ ДОСТАРЫМ

- Ес кіретін уақытың жетті ғой,
Ойншықтар текке зая кетті ғой.
Айырбастап мысықпенен күшікке,
Үйдің ішін үлгірмейміз күтіп те.

Қандай тағам беру керек бұларға,
Тамақ жесе қынсылауы тынар ма?
Көршілерден алып кепсін тотыны,
Бүлдіріпті гүлге қонып, отығып.

- Мама, мені ақымаққа теліме,
Ойыншықтар түсінбейді сені де.

Айытқызбай-ақ білген ойын басқаның,
Ит пен мысық. ең ақылды достарым!

## ҚАРА ҚОЗЫ

Қара қозым қадамыма жүр еріп,
Неге сонша лүпілдейді жүрегі?
Жақын қалды, күткен көктем келеді,
Жайлауымда жасыл майса өнеді.

Қозылармен қырға шығам қыдырып.
Дестелейміз балаусаға қызығып.
Өтпесін деп келер қыстың ызғары,
Күн нұрына шомыламыз біз дағы.

## ҚАРТӨБЕ

Кеше ойынның қызығына батпадық,
Ауладағы қарды жинап сақтадық.
Күрек, шелек асты бәрі пайдаға,
Ақша қардан тау орнаттық аулада.

Бір шетінен мұз жасадық су құйып.
Біздің төбе басқалардан тұр биік.
Ертең осы төбешікке ту қадап,
Салтанатпеп ашамыз біз сырғанақ.

Көрші-қолаң жиылып таң атқанда,
Бала біткен қарық болдық мақтанға.
Кішкентайлар мұздан сырғып, биледі,
Өзімізгс кезек бірақ тимеді.

## АҚ ЛАҚ

Мен кішкентай ақ лақпын, бөртемін,
Түймедағын теріп жеген еркемін.
Мүйізімс гүл ілемін көркемдеп.
Тоқал лақ деп ойлайды көргендер.

Қызығады қасқыр біткен, ақымақ,
- Кешкі асқа жарайды, деп ақ лақ.

Ит қосамын. мүйізімді шығарып.
Қасқырлардың сағы мүлдем сынады.

## ТҮС

Наташамен жарасып еркелігім.
Феясы боп ойнаймыз ертегінің.
Біз Ашатын Кощейдің құпиясын.
Мінгі өмірді адамға ұсынатын.

Сенуші едік - Бар, десе ғажайыптар.
Қалды бүгін аңқаулық азайып та.

Бүгін бала ертекті түсіне ме?
Кітап оқу кірмейді түсіне де.
Компьютерде соғыстар жан аларлық,
'Зұлымдыққа баулиды балаларды.

## ҚУЫРШАҚ

Сырқаттанып қалды бүгін қуыршақ,
Өзі де бір ерке еді ұрыншақ.
Ыстығы да кетті мүлдем асқынып,
Төсек салып, түзеп бердім жастығын.

Ойыншықты жиып қойдым қасына,
Дәрі беріп, дәке салдым басына.
Жанараның кетті мүлдем мазасы,
Айтшы, Мама. не шара бар жазатын?

Мамам бізді құс төсекке жатқызып,
'Таңқурайды шәйға салып татқызып,
Ертек айтып берді бізге қызықты,
Біз ұйықтадық, орнады үйге тыныштық.

***

Жұпарын көктем таратып,
Шуаққа тұнды айнала.
Гүлдердің жасыл қанатын,
Тербеді самал жай ғана.

Көгілдір парсы кілемге,
Көміліп гүлзар құлпырды.
Көк ала гүлді үзем деп,
Қызығын ұлым ұмтылды.

не білсін ойын баласы.
Қызыққа міне кенелді.
Әлгі гүл керіп қанатын,
Мәнерлеп ұша жөнелді

Ұмтылып алға, жан салып,
Ұшақ-гүл болып құштары,
Айбардың епті саусағы,
Ұрымтал тұстан ұстады,

Ұстады,
Тұрды егіліп,
Әйеш-гүл қайда жаңағы?
Көбелек қапты езіліп,
Өмірдің бұл да сабағы.

Қолында «гүлдің» қалдығы
Көзінде мөлдір шық тұрды,
Табиғат ана хандығы,
Қадірін солай ұқтырды.

«Тұзақтан босат аңдарды,
Азааттық ұсын құстарға.
Болмайды ботам Арманды-
Алақанында ұстауға»,

## КЕСІРТКІ

Түріне енер өзгенің,
Кесіртке ғой көргенің,
Ауыстырып тұрады
Түрлі-түсті көйлегін.

Адамдардың сұмдығын,
Біліп алған күн бұрын.
Ұмтылып ем ұстауға,
Тастай қашты құйрығын.

## ҚАРҒА

Қонатұғын жарға кеп,
Қарғаға да жан керек.
Ғайбаттайды екен ел,
«Жүз жасайды қарға» деп.
Түсін қара таңбанын,
Табалаудан танбадың.
Қызғана ма адамдар,
Қысқа өмірін қарғаның.

## КҮШІГІМ

Дыбыстарды тілдегі,
Көбісі айта білмеді.
**Менің ала** күшігім,
Туа сала Р-Р Р деді.

А-сыныбын түсініп,
Б сыныбын бітіріп.
«Логопед болам» деп,
Келеді өсіп күшігім,

## КЕНГУРУДЫҢ ҚАЛТАСЫ

Сиысып қос марқасы.
Жататұғын көсіліп.
Кенгурудың қалтасы,
Қалды бір күн тесіліп.
Түні бойы дөңбекшіп,
Жіп ирді өрмекші.
Ине сұрап кірпіден,
Қалта тігіп бермекші.

## ТАСБАҚА

Бауырында бір қалқаны,
Екіншісі арқада.
Үш ғасырдай тартады
Өмір жүгін арқалап.

## ТОРҒАЙ

Суық сорған
Сорлы-ай,
Халың қалай,
Торғай?

Торғай айтты:
- Шық! Шық!
Қыстан аман
Шықтық!

## ТӨБЕТ

Демократтың тілінде,
Жазылған-ау заң мынау.
«-Хақы болсын үруге,
Қысқарсын тек қарғыбау! •.

## АЮ, ҚОНЖЫҚ

Аю жаздай қоң жиып,
Алты қабат тон киіп.
Қыстағына оралды,
Ертіп екі қонжығын

Жетіп ата жұртына,
Қонжық кетті ұйқыға.
Апанында ол анық,
Сезбейді қыс боранын.
Жазға дейін түс көріп,
Алақанын сорады.

## ИНЕЛІК

Төрт қанаты талмайды,
Шыбын-шіркей аулайды.
Мын құбылтып ұшқаны.
Тікұшақтан аумайды.

**СИЫР**

Шарлап сайды, жағаны,
Шүйгін шөпті табады.
Әукесінен сипасаң,
Желіннен сүт тамады
Ұнатпайды тек қана,
Сүт ішпейтін баланы.

**ШӨЖЕ**

Күмәнданбас еш пенде,
Жұмыртқадан жаралдым.
Тауық болын өскенде,
Мен жұмыртқа табамын.

Кешір, алсам мазаңды,
Түсіндірші халыққа.
Кім бірінші жаралды,
Жұмыртқа ма?
ТАУЫҚ па?

**МАЙМЫЛ**

Бір орманда тоңған анау,
Біздің екі Ата да.
Күтіп мені торға қамау,
Адамдыққа жата ма?

# *Аудармалар, жолжазбалар, естеліктер*

Тилеуберди СМАГУЛОВ

## *Узел*

Его Величество случай играет немаловажную роль в жизни человека. Многие из случаев сиюминутно вызывающие, порою противоречивые эмоции, от смешного до грустного, со временем стираются из памяти. А вот есть случаи, которые запоминаются на всю жизнь.

В диалектическом материализме есть категория «случайности и необходимости», которую в политехническом институте, педагоги пытались вдолбить мне в мозги, а свято поверил в эту концепцию после одного случая,

Итак... В 1968 году, после окончания Алматинского политехнического института, я работал в Карагандинском металлургическом комбинате мастером ремонтного цеха. Само название говорит, что мы причастии ко всем ренмонтным работам в любом цехе. Потому мы осведомлены всем технологическим процессом завода. С 1967 года, после пуска первого цеха листового проката, завод приступил к полному циклу производства от переработки руды до конечного продукта, прокатной стали. Но как неокрепший ребенок никак не мог выйти на производственную мощность. Всеми знатоками, держащими пальцы на пульсе производства, признавалась одна причина - это частые аварии. По каким-то неписанным законам, эти аварии случались накануне праздников, или в самый праздничный день.

Как сейчас помню, в 1969 году седьмого марта, в канун праздника женского дня, в цехе подготовки призводства, авария крана стрипера, случились как раз в мою смену. «У нерадивой хозяйки на праздник киснет кумыс» говорят казахи. В канун праздника, выход из строя огромной махины ни у кого не вызывало восторга. Кран представляет собой два редуктора расположенных друг над другом на пятиметровой высоте и соединенный между собой четырехгранным пятиметровым валом. Разборка кран технической сложности не представляет, но снятие и установка на место этого самого (пропади оно пропадом) вала, само божье наказание. Руками его

не поднимешь. Она весит около 300 килограммов, к тому же весь покрыт маслом, чем и как не подвязывай с него соскальзывает. И самое важное - сроки, вели остановится кран, то и доменные и мартеновские печи начну! хромать на обе ноги. Потому в течение восьми часов кран надо запустить, иначе не оберешься головных болей. Дефект оказалса на нижнем редукторе, с чем мы справились достаточно быстро, но вот установка на место этого самого вала нас всех загнала в тупик. Неоднократно применив все известные нам способы, так и ничего не добились. Наступила вынужденная пауза. Бригадир Миронов ткнув меня, кивнул в сторону выхода. чуешь, остановится мартен, нас ожидает выговор и лишение премий". Я успел заметить на другом конце крана начальника цеха с незнакомым мне мужчиной. «Смотри-ка. Работа одного крана стала объектом внимания начальства» мелькнула в голове.

Тишину нарушил возглас единственного в бригаде татарина Аккадырова - «Дайте-ка я вам по татарски подвяжу!». Конечно позволили, но татарский узел тоже оказался бессильным. Веревочный канат и на этот раз соскользнул с вала. То ли действие Аккадырова подтолкнуло, или просто от безвыходности, та, инициативу проявил я.

- «Эх! Дайте-ка я по казахски подвяжу».

Когда я брался за канат бригада не скрывала усмешки. С детства знакомый узел «Курмеу» не вселяло мне увереннности, но чем черт не шутит, к тому же терять вроде нечего. Подвязав узел, я взял в руки пульт тельфера и медленно стал натягивать канат. Узел натягивался, сжимался, с нарастанием тяжести канат сильнее сжимал вал. Всеобщий возглас восторга захлестнула бригаду, когда вал. обхваченный как бы спрутом, повис в воздухе. Я был на высоте гордости и изумления. Дальнейшая работа завершилась в течении короткого срока, Время приближалась к семи часам вечера.

К нам подошел начальник цеха.

-Молодцы ребята! Вы удостоились чести, и меня возвысили в глазах начальства. Со мной стоял главный инженер завода Зильберштейн Милан Борисович. В семь часов у него селекторное совещание, он заторопился. Просил поблагодарить вас и выделил 500 тенге премии на бригаду. А сэкономленные четыре часа в канун праздника ваши. «Да здравствует казахский узел!» шутливо провозграсил Миронов. Кстати главный инженер записал твои данные сообщил мне.

Через неделю меня пригласил главный инженер завода. В руках у него веревочный канат длиною с метр. Поздорвавшись со мной за руку, он протянул мне веревку.

А ну покажи.

Посередине огромного кабинете главного инженера мы начали изучать казахский ;

Виртуозно - восклицал Михаил Борисович. - что то знакомое, это же морской узел. Да. да настоящий морской узел...

Во истину удивительна природа. Она связала в один узел беспокойную жизнь моряков, с не менее хлопотливой жизнью скотоводов, и сегодня она связывала к себе труд сталеваров.

Как это здорово. Гениальное всегда порожает своей простотой. Ты на основе того узла сделай рациональное предложение, и принеси его ко мне, сам подпишу. Прошлому твоему подвигу назначил премию 150 рублей. Профком подписал, завтра получишь в кассе. Ты оказывается председатель совета молодых специалистов. Из за нехватки времени не смог присутствовать в вашем прошлом заседании. Наше знакомство началась при счастливом стечении обстоятельств. Уверен что сработаемся.

Из стола, в папке он достал листок бумаги и спросил.

-Что это такое.'

Председателем совета молодых специалистов я работаю всего месяц. Работает совет на общественной начале, политический подчиняется комитету комсомола, а общее руководство осуществляет главный инженер. Недели две назад из Москвы, из центрального комитета комсомола поступила телеграмма о направлении одного молодого специалиста в круиз по Ленинским местам у Балтийского моря. Это Финляндия, Швеция, Дания, ГДР И Польша. Мы вместе с секретарем комитета комсомола Иващенко В. Ф. подобрали три фамилии и направили письмо к главному инженеру.

Из Казахстана должен поехать только казах - заключил Зильберштейн. Зачеркнул все три фамилии и вписал мою. Нажав на клавишу телефонной трубки соединился с секретаршей.

- Мне председателя профсоюзного комитета.

Он в приемной - послышался голос секретарши - ожидает Вашего освобождения. Впустить его?

Пусть войдет. Алексей Федорович, профсоюз обычно призывает к порядку нарушителей трудовой дисциплины, а вы сами его нарушаете шутливо поздоровался с ним.

Михаил Борисович, мы же с Вами вчера договорились .

Да,да Все верно, вот подпиши эту бумагу.

- 600 рублей, это огромные деньги.

- Человек едущи от имени всего казахского народа должен быть сыт, одет и обут!

-Хорошо, Михаил Борисович, хорошо...

Два дня я находился в состоянии пьяной эйфории, Из уст высокого чина, да еще другой национальности, я услышал слова «от имени всего казахского народа». В тот период, когда мы ощущали себя гражданином Советского Союза, слова пробуждающие чувство национальной гордости были адресованы мне. Было от чего пьянеть.

К моему великому сожалению, вскоре главного инженера направили на другую работу. Сегодня технология сменилась полностью, нет крана стримера, нет даже названия Карагандинского металлургического комбината. Раньше управлял Союз сегодня владеют иностранцы. И этот узел натянут покруче казахского «Курмеу».

# *Для Аленушки*

Свое родословие наши предки ведут от древнего рода УИСУНЬ. Уисуни делятся на два крупных рода Абақ и Тарақ. Тараки. родовой знак (тамга) гребешок, являются нашими прямыми предками, позднее прозваны Жалаирами... то есть Тарақ и Жалаир одно и то же. Дело в том. что имя себе наши предки творили в процессе жизни. Часто в истории, в устах народа они оставались с приобретенными именами.

Жалаир (первоначальное имя Кабыланбек), по преданию был очень крупным и сильным человеком. Густые заросли волос, окутав голову и затылок гривой опускались па шею. В нижних отделах шеи разделялись на два гребня и по краям остистых отростков грудных позвонков спускались до поясницы. Это одно из причин прозвания его Жалаиром - раздвоенная (разорванная) грива. (Жал - грива, аир - раздвоить, разорвать)

Есть еще одна легенда о происхождении этого имени. Будучи крупным человеком, ему приходилось разводить для езды особо крупных и сильных пород лошадей. Однажды Албан (из другой ветви Уисунов) явился к Жалаиру, как к старшему брату (Жалаиры среди Уисунов до сих пор почитаются как старшие) с просьбой подарить ему знаменитою жеребца
Разведения породы лошадей. Отказов в таких случаях практически не бывало, но испытанию подвергался каждый. Проверялось достойность джигита Дареному коню. Жалаир предложил Албану поймать излюбленного жеребца

голыми руками. Сам Жалаир ловил своих коней голыми руками. Албан трижды пытался поймать жеребца, но практический дикий жеребец отрывался от него. Тогда Кабланбек (пока еще не Жалаир) решил помочь парню и сам схватил жеребца за гриву. Мощные пальцы вдавились в сухожилия под гривой коня, и когда одичавший жеребец отчаянно рванулся грива вместе с кожей была разорвана. Это событие окончательно утвердило Кабланбеку второе имя ЖАЛАИР (разрывающи гриву). Поскольку он, как богатырь был опорой и покровителем всего рода, весь род (Тарак) позднее стал называться его вторым именем -ЖАЛАИРОМ.

Проживают жалаиры преимущественно в Семиречье, и Аматинской области. Род казахи ведут от мужчин, и поскольку дочери этого рода продолжают родословие соседнего рода, родственная связь с соседними племенами были всегда близкими. Предки строго следили за несмешением крови. До десятого поколения считалось недопустимыми смешение крови. До семи поколении считаются близкими родственниками (до семи предков полагается знать каждому). Полное родословие пришлю позже, пока тебе перечислю несколько имен оставшихся в народной памяти.

Предок твой БАЙШЕГИР, остался в народной памяти как ясновидец и предсказатель Жил он во времена Тимура (хромого) и отличился при возносении мавзолея Яссави.

., Мой непосредственно седьмой предок КАЙНАЗАР имел пятерых детей. От жены иностранки - ДАУЛЕТАЙ и еще четверых от жены казашки; ШЕРУБАЙ ЕРУБАЙ КОШЕК - САНСЫЗ (бесчисленный) их представляют как - Бес елу Кайназар -(Пятижды пятьдесять Кайназар) Мы исходим от САНСЫЗ (в переводе бесчисленный). Насколько бесчисленны его потомки я не представляю, но они преимущественно проживают на устье реки Или, совхозы Жидели, Куйган, и близлежащие, в городе Алматы. Сансыз имел двух жен. От одной жены - ШОЛПАНГУЛ, от другой жены - АНДАГУЛ - КАЗАКБАЙ ОТЕБАЙ - ОТЕП. Тебе и твоим потомкам близкими родственниками являются КАЗАКБАЙ.

Казахи (особенно (старики) очень склонны распрашивать - Кто ты. Кем ты являешься? И если ты назовешь Казакбай, они легко вычислял твой род, и даже представят тебе твоих близких родственников.

Имена следующих предков ЖАЙЛАУ от него ЕРТАЙ и НУРТАЙ. От Нуртая потомков (сыновей) нет. Они остались в памяти непосредсвенных потомков. Это были зажиточные, влиятельные люди региона, до советского периода. От ЕРТАЯ были четверо - КОШЕРБАЙ - ЫБЫРАЙ - БОТАН - АБДИРАЙ.

Твой дед (Ата) - БОТАН, был высокообразованным человеком. Владел арабской писменностью, хорошо знал восточную литературу, наизусть декламировал целые народные эпосы. Остался в памяти народа, как эстет своего времени. Он изысканно одевался, ездил на иноходцах, сбруи были в серебряных отделках. Любил соколиную охоту, имел даже инкруструированное ружье. Надо заметить, род был зажиточным. Не каждый мог в те времена позволить себе такую роскошь.

Еще в молодости пережил трагедию. Первая жена и двое сыновей умерли от неизвестной тогда болезни. Народ связал эту трагедию с неосторожностью отца стрелять в лебедя. А лебедь (белая) считается в народе священной птицей. После этого он забросил ружье и вообще соколиную охоту. От первой жены осталась дочь - Ораз. С ее внуком ШАЛТАЕМ ты даже знакома. Помнишь мы поехали в Алмату на первый Курултай казахов. И тогда тебя повели в гости, где тебе пришлось долго ждать бешбармака (это по твоим рассказам). Так это был твой троюродный брат Шалтай. (От первой жены Ботана дочка Ораз, от нее дочка - Сарсебала, от нее сын Шалтай принимал тебя в гости. Кстати он был (кажется первым) среди казахов академиком по прикладной математике. Он моложе меня, но умер рано, был очень тучен. Я посетил семью после смерти.

Ботан, после смерти первой жены забросил охоту, но продолжал вести рыцарьский образ жизни. Играл на домбре, хорошо пел, в основном народные эпосы. Его приезд в какой-нибудь аул, было значительным событием в культурной жизни этого аула. Видимо долго не женился. По крайней мере моя мать (твоя бабушка) БАЛТАЙ на двадцать с лишним лет моложе отца. Она родилась во время перекочевки, и в торонях для обрезки пуповины, под руку попался топор. Отсюда и имя се - Балтай. Балта - топор. Ай - луна. Одним из военных доспехов эпосных богатырей является Ай-Балта. нечто вроде Индейских томагавков. У русских кажется - секира.

У родителей я помню было пятеро сыновей, от второй жены. Я - самый младший. Говорят родился маленьким, хилым. Даже волос на голове не было. Но выжил. Интересно доращивание таких детей в народе. Ты знаешь тумак, зимни головной убор. Они шились из лисьих (и других) мехов. У меня есть праобраз тумака. Так вот, такие дети содержались в тумаке, и подвешивались на остов юрты. Получался нечто вроде сумки кенгуру.Так что, я кажется пережил стадии, развития кенгуренка.

Родители мечтали о девочке. После меня родилась девочка, но она не прожила и сорока дней.

Старшие из оставшихся пятерых, по возрасту совпал с Великой Отечественной войной. Закончил артиллерийскую школу (готовили ускоренно), командовал батареей, дошел до Берлина, (брал Берлин), долго служил (пару лет и поле победы). Вернулся живым, весь в ранениях орденах и медалях. Я уже был смышленным, его хорошо помню. Мы с ним даже внешне очень похожи и я им очень гордился. Его звали АБДИМУТАЛИБ, короче МУТАН, военные товарищи прозвали Мишей, От него остались двое девочек. Фамилии сейчас другие. Ею смерть окутан загадочностью. Он работал чиновником в селе с немецкими переселенцами. Видимо отношения воина воевавшего С фашистской Германией не очень складывались с местными немцами.

Второй брат АБДИЛЬДА. наиболее многодетный, живут в основном в Жидели и в Алматы. Один из сыновей, Бакыткали, учился в Темиртау, окончил ПГС. Их кажется десять с лишним, я даже перечислить их не могу. Один из сыновей носит фамилию Абдумуталибов (возможно Мутанов, чтобы сохранить имя старшего брата.

Трети брат АБДИМАНАП (Манап) сейчас живет в Алматы, на пенсии. Сын НАРИМАН, сейчас живет и работает в Астане. Двое девушек живут с ними. старшая живет отдельной семьей.

Четвертый брат АБДИКАСЫМ, (тоже под другой фамилией, Тынымбаев), тоже многодетный, наиболе преуспевал в должности. Он был очень похож на отца, высокий, (правда пополнел сильно) хорошо играл на домбре, пел. Кстати начинал работу в Темиртау, главным экономистом треста КМС, переехал на родину, был директором совхоза, умер рано в должности крупного районного чиновника, в сорок с лишни лет, от инсульта, (страдал гипертонией). Он тоже наиболее многодетный, живут они в Алматы.

Пятый - Я. Отца я помню уже пожилым человеком (стариком). Худощав, строен, с веселым нравом. Окружение его уважали, часто ходили за советом, помню ходили за исцелением. Он читал какие то молитвы на арабском, вернее пропевал своим запоминающимся голосом, выписывал тумары -это нечто вроде талисмана. Кажется помогало, конечно психологический. Он имел прятный чистый голос. Удивительно голос человека долго не меняется, как опечатки мальцов. Помню, посадив меня на колени, под нехитрую мелодию, декламировал народные эпосы. Его даже приследовала Советская власть, за деятельность муллы. А один из братьев, активистов Советской власти, раскопал из его биографии случай, когда он несколько дней откармливал свиней своему «тамыру» другу, пока он отсутствовал. Аргумент сработал, на самом деле какой мулла разводит свиней? Сам отец не видел

этом противоречия законам шариата. К старости лет он склонился к религии и забросил домбру (у мусульманской религии какая то непрязнь к домбре). Но эпосы все рассказывал, вернее пел. Уже к первому классу, я наизусть пел некоторые глав из эпоса Мунлык-Зарлык. Видимо отсюда у меня тяга к поэзии. Позднее я слышал этот голос у Абдикасыма и вздрагивал. Он даже голосом был похож на него.

Первый класс я учился у родителей матери в другом селе, когда пришла весть о тяжелом состоянии отца. Ему было где то около восьмидесяти ли, был приятным, красивым стариком. Умер очень спокойно и тихо. До последней минуты был в ясном сознании, узнавал посетителей и даже пытался шутить. Дыхание часто прерывалось, затем закрыл глаза, слегка приподнял подбородок, рот приоткрылась, как бы на полуслове и дыхание остановилась. Смерть отца я воспринял, как закономерное явление. Все мы смертные, и не надо из этою делать трагедию. Позаботьтесь вырастить свое потомство, тогда память о предках будет жить.

Позднее, уже учась в средних классах, я находил поразительное сходстве отца с Чеховым. Мысленно снимал пенсне и шляпу, одевал па голову тюбитейку - такия, лицо окаймлял коротко остриженной белой бородой и получался образ отца.

По мусульманской религии, могилы не реставрируются. Но я думаю по Сакской традиции чем то обозначить место похороны отца.

# *Арғы беттегі Австралияға сапар*

Жер шарының арғы бетіндегі Австралияға жолымыз түседі деген кімнің ойында болыпты. Қазақтар «қыз өрісі кеңейтеді» дейді ғой, сол сөз рас екен, кенже қызым Елена (Ел Ана) Германиядағы құрбыларына жиі барып жүріп жұмыс бабында жүрген ағылшынның бір жігітімен танысып, сол жаққа тұрмысқа шыққан еді. Сонда орныққан соң бізді қонаққа шақырды. Жұбайымыз екеуміз бір жыл бойы дайындалдық. Балалар былтырғы жылдың күзінде Австралияға барып қайтатын билетті салып жіберіпті. Дәл қыстың басқы күнінен көктемнің алғашқы күніне дейінгі үш айға арналыпты. Сірә, бізді қыстың қытымыр маусымын сонда өткізіп, тура көктемнің күлімдеген шуақты күнімен бірге Қазақстанға оралсын деген болар.

Сонымен жолға шықтық. Бұл жақтағы машақат өз алдына. Сапарымыз Түркия әуекомпаниясының ұшағы арқылы Алматы - Ыстамбұл маршруты

арқылы басталды. Алматыдан таңғы алты-жетілерде ұшып, Ыстамбулға да таңғы алты-жетілерде қондық. Жолда алты-жеті сағаттай ұшқанымызбен күннің батысына қарай уақытты өкшелей қуып жетіп отырыппыз. Ұшаққа мінбегелі де біраз уақыт болып қалған екен. Осы арада әуе көлігі мейілінше жетіліп, кызмет көрсету мәдениеті айтарлықтай артқанын бірден аңғардық. Ұшақ кең, қол арбасын жетелеген елгезек даяшылар сусын-шараптың ас-тағамның неше түрін әкеліп алдыңа тосады. Қысқасы жайылып жастық, иіліп төсек. Еркін көсіліп көз шырымын алсаң да, қышқылтым шараптан аздап ұрттай отырып тәтті қиялға берілсен де өз еркің... Иллюминатордан төмен қарасам ылғи бір өркеш-өркеш таулар көзге шалынады. Біреуін Алатауға біреуін Тарбағатайға, енді біреуін өіміздің Қарқралы мен Көкшенің көксеңгір биіктеріне ұқсатамын. Алматыдан Ыстамбулға дейін тек қана таулар тізбегі. Осыншама тауларды түркі бабаларымыз салт атпен қалайша басып өтті екен деп ойлаймын өзімше.

*Телмірдім талмай қадалып,*
*Шаншылып шыңға кірпігім.*
*Миымда ойлар қамалып,*
*Тулайды таппай бір тыным.*

*Асқардан әрі апарар,*
*Аспалы көпір көп пе екен*
*Алтпайдан шыққан аталар,*
*Атпенен қалай өтті екен?*

Сонымен Ыстамбулға таңертең келіп түстік. Мұнда келесі рейске жарты тәулік аялдауымыз керек. Балалар дайын отельге тапсырыс беріп қойғандарын айтқан. Оны іздеп табайық десек тіліміз жетпейді. Кеденшілер мен даяшылар бәрі бізбен ағылшынша сөйлеседі. Екеуара орысша сөйлесіп тұрғанымызды сезген біреулері орыс тілмаш іздестіріп еді табылмады. Осы арада менің басым істеп кетті ғой деймін. «Әй, айналайын, тұра тұр. Сен түрікше сөйлесең қайтеді, мен қазақша сөйлеп көрейін» дедім. Сөйтіп әлгі қызмет көрсетіп жүрген жігіттер түрікше тілдесіп. мен таза қазақша жауап қатып кәдімгідей түсінісе бастадық. Тіпті әрі-беріден соң танысып, туыстасып алдық. Бізді қонақ үйге автобуспен әкеліп тастады. Мен жер білмейтіндігімді айтып, «осында қалып қоймайын, кешке келіп алып кетіңдер» деп қайта-қайта шегелеп тапсырып жатырмын. Өздері де бір жылы жүзді жігіттер екен. "бәрі болады, алңдамаңыз аға" деп бәйек болып жатыр

Жарты тәулікті босқа өткіземіз бе, Света екеуміз трамвайға отырып алдық та қаланың ана шетінен мына шетіне дейін көктей өтіп. бәрін көріп. тамашалап жүрміз. Ыстамбул - тарихы мыңдаған жылдарға кететін әлемдегі ең ежелгі шаһарлардың бірі. Біздің заманымыздағы Бесінші ғасырда Рим империясы құлағаннан кейін Ыстамбул (ол тұста Константинополь деп аталатын) мың жылға жуық уақыт Византия империясының астанасы болған. Мұнда көненің көзіндей болған көптеген сәулеттік ескерткіштер бар. Мәселен Алтыншы ғасырдан келе жатқан әулие София шіркеуі (бүгінде онда мұражай орналасқан), Сұлтандардың асыл бұйымдары мен Мұхаммед Пайғамбарымыз пайдаланған заттар сақталған мұражай орналасқан ғимарат Топқапы Сераль сарай кешені, Долмабахче (он тоғызыншы ғасыр) сарайы. Едикюль қамалы, Галата мұнарасы тағысып тағы. Әрине, жарты тәулікте олардың бәріне бас сұғу түгілі, сырттай шолып шығу да мүмкін емес. Дегенмеп. сәті түсіп, Сергей Есенин жазған әйгілі Босфор бұғазын көрдік. Мың тоғыз жүз жетпіс үшінші жылы Түрік мемлекетінің тәуелсіздігіне жыл толған мерейтой қарсаңында мұнда биіктігі алпыс төрт метр, ұзындығы бір жарым шақырымдық көпір салынып, қаланың екі жағын жалғаған екен. Алып көпірдің астынан ірі теңіз кемелері кідіріссіз өте бсреді. Көпір үстінде, көгілдір теңіздің көкжиегіне көз жібнріп тұрып Есениннің:

*Мен Босфорда боғамын жоқ, өмірде,*
*Ол жайында сұраымай-ақ қой, жаным*
*Теңізді мен көрдім сенің көзіңде,*
*Толқындары лапылдаған көк жалын,* -дсген өлен жолдарын есіме алдым.

Елдегі ең ірі қала саналатын Ыстамбулдың бір өзіндс жеті жарым миллион халық тұрады екен. Мешіт дегенің мұндай көп болар ма, күміс күмбездерімен көгілдір мұналары мен мұндалай бірінен соң бірі қаптап тұр. Олардың арасындағы ең көнелері және көркемі II Баязит мешіті мен I Сүлеймен мешіті көрінеді. Шамасы біз түскен қонақ үй қаланың ескілеу жағына орналасқан болуы керек. көшелері қамал тәрізді тым тар. астынғы Қабаттарының бәрі дүкен, мейрамханалар болып келеді.

Бағанағы түрік жігіттері кешке қарай әуежайға жеткізіп салды. Онда әзербайжан жігіттерімен де танысып тіл табысып қалдық. Енді бізді Ыстамбулдан Сингапурға апаратын он төрт сағаттық ұзақ жол күтіп тұр еді. Түбі бір түркінің ежелгі шаһарынан көк аспанға көтеріліп, көңіл жайланған тұста ауыздықпен алысқан көк дөнен жыр да көдбеңдеп ойыма орала берді.

Жеткен едім айдарымнан жел есіп.
Күн келбетті айбарындай бір елдің.
Ыстамбулдың кеденінде келесі,
Сағым сынып тығырыққа тірелдім.

Орыс тілді жауабыма түсінбей,
Speak English- деді кеден жігіті,
Ағылшынды көрмеп едім түсімде

Бұғалықтан босамаған басымнан
Хрущевтың заманы да өтіпті.
«Орыс тілін білсең. осы ғасырда.
Коммунизм орнатам» деп көкіпті.
Бауырым-ай' Туысқаннан түңілме!
(Алла қалап, аузыма сөз салды ма?).
Түсіндіріп көрші түркі тілінде:
Атажұрттан келіп тұрмын алдыңа.

Кеден жігіт жадыратты қабағын,
Ағылшынша сұрағы да қысқарды.
Біз тірелген тығырықтан жаңағы,
Түбі туыс Түркі тілі құтқарды.

Жол-жөнекей Банкогқа аялдадық, бірақ түнгі мезгіл болғандықтан ұшақтан шыққан жоқпыз. Осында жолаушылардың көбі түсіп қалды да салон жартылай босады. Сонда тұрған кезімізде, қай тесіктен кіргенін андамай да қалдық, кішкентай-кішкентай қарадомалақ балалар (маған бәрі бала боп көрінді) салонға кірді де, әп-сәттің ішінде барлығын жуып, тазартып айнадай етіп жарқырытып шықты. Ылдам-жылдам қимылдарына көз ілеспейді әлгілердің Банкогтан Сингапурға дейін тағы да екі сағат ұштық. Мұнда біршама аялдап, әрі қарай келесі рейсқа ұшақ ауыстырып міндік. Тілдің кесірінен тағы да біршама машақат тартып өзіміз мәңгіріп жүргенімізді әзірбайжан ба, түрік пе тағы бір адасып жүрген келіпшекті тауып алдық Онымен тіпті тура қазақша сөйлесіп кетгік. Сөйтіп үшеулеп жүргенімізде, Сәлім деген азербайжан жігітімен танысып, әйтеуір соның етегінен ұстап жүріп Мельбурнға бірақ түстік. Жүгіміз сонда күтіп тұр екен. Неғылса да түбі

бір түркі тілінің арқасында жол-жөнекей адасып қалмай, жер шарының келесі бетіне ат басын аман-есен тіреп, терең бір дем алдық ау

## *2. Армысың, Австралия!*

Жалпы Австралия құрлығы жанадан ашылған жас құрлық. Жер көлемі 7,6 миллион текше метр. XYI ғасырдың соңына дейін Австралия құрлығы жөнінде Европалықтар ештеңе білмейтін деуге болады. 1606 жылы Голланднялық В Янезон Кейп-Йорктың батыс жағалауына, 1642 жылы А. Тасман Тасман аралдарына алғаш ат басын тіреген көрінеді. Басқа жағалауларды XYII ғасырда голландиялық теңізшілер ашыпты. Сол себептен де ол уақыттарда Австралияны «Жаңа голландия» деп атағаи екен. XYII ғасырдың соңында ягни, 1699 жылы Ағылшын саяхатшысы У.Дампир Австриялияның батыс солтүстік жағалауына барғаннан бастап, Англия мемлекеті осы құрлыққа иелік етуге мықтап кірісе бастапты. Осыдан бір жыл соң ағылшын теңізшісі Джеймс Кук әлемді бүтіндей айналып шығу сапары кезінде Австралияның шығыс жағалауындағы қазіргі Сидней қаласы тұрған маңда болып. Англияға осы құрлық туралы біршама мәліметтер әкеледі. Осыдан кейін ағылшындар жаңа құрлықты жылдамырақ иемденуге кірісіп, 1788 жылы оны Англияның отары деп жариялайды да көптеген адамдарды сонда жіберіп, иен жатқан тегін байлықты басып қалады. Міне, әуелі голландиялықтар ашқан құрлық осылайша ағылшындардың қол астына көшеді. Австралияны зерттеу XX ғасырдың басына дейін жалғасқан көрінеді.

Осынау әлемдегі ең шағын және ең кенже құрлықта жалғыз ғана Австралия елі орналасқан. Тасмания және және басқа да шағын аралдар осы елдің қарамағында. Астанасы елдегі көлемі жөніндегі үшінші қала - Канберра. Халқының саны 19 миллиондай. Халқының 94% ы Еуропадан шыққандар. 4.4 % Азия тектілер, 1,6% ғана байырғы жергілікті ұлт өкілдері. Австралия федерациясының қарамағында 6 штат, 2 аймақ бар. Ресми тілдері ағылшын тілі, ақша бірлігі Австралия доллары. Мемлекет басшысы ретінде Ұлыбритания ханшайымын мойындайды. Заң шығарушы органы қос палаталы Парламент. Австралия индустриалды - аграрлы ел. Таскөмір қоры және оны өндіру, экспорттау жөнінен. сонымен бірге жан басына шаққанда электр қуатын өндіру жөнінен әлемдегі алғашқы орындардың бірін иемденді Металл рудалары мен минералды заттарға да мейлінше бай ел.

Мельбурн Австралияның оңтүстік қиыр шетінде тұрған ең үлкен қалалардың бірі екен. Халқы 3 миллион, ірі порттар мен халықаралық әуежайлар орналасқан, машина жасау, металлургия, химия, мұнай өңдеу, тоқыма. қағаз өнеркәсібі дамыған қала. Мұнда аборигендердің (байырғы тұрғындардын) өнерін паш ететін Виктория мұражайы, басқа да осы заманғы мұражайлар мен театрлар, ұлттық мемориалдық ботаникалық бақ бар. Мельбурнның іргетасы 1830 жылдары қалаған. 1901—1927 жылдары Австралия одағының астанасы болыпты.

Сірә, ауа райының ұқсастығынан болу керек, ағылшындардың алғаш қоныстана бастаған мекені осы Мельбурн маңы екен. Қысқы температурасы +5 - 10 С шамасында, кей жерлерінде (таулы аймағында) қыста қар болатын көрінеді. Айтпақшы Австралияға барғанда уақыттан мүлде шатасып қалдым. Бізде қыс болғанда оларда керісінше жаз. Қаңтарда +30С кей жерлеріндс 41С дсйин ысып тұрды. Ал шілдеде олардың ең салқын мамыражай уакыты басталатын көрінсді. Негізінде қыс жоқ. Аспандарынан өзіміз көріп біліп жүретін Жетіқарақшы, Үркер сияқты жұлдыздарды іздеп таба алмадым. Бәрінің орыны ауысып кеткен. Күн батыстан шығатын тәрізді (маған солай көрінді), жаңа туған Ай теріс қарап туады. Бәрі қарама-қайшы.

*Санам саққа тартысады,*
*Жер айласын асырды.*
*Оңтүстіктің жартышары.*
*Айналдырды басымды.*

*Түйсігіме қайшы бәрі,*
*Күн шығады батыстан.*
*Теріс қарап Ай туады,*
*Жұлдыздар да шатысқан.*

*Алжыған қыс көрсін келіп,*
*Қаңтарда күн қайнап тұр.*
*Аққұба қыз өңсізденіп,*
*Зұлыс қызы жайнап тұр.*

ЯРА деген өзеннің жағасында орналасқан бұл шаһарда оңтүсттік жартышардағы ең биік зәулім ғимарат бар екен. Биікгігі сонша жаңбырлы күні басы бұлтқа көміліп көрінбей тұрды. Жер жеткілікті болғандықтан ба, қаланын етек-жені кең жайылып жатыр. Осы Мельбурннын өзі аумағы

жагынан Мәскеуден үлкен көрінеді Орталығында жанағындай зәулім үйлер болса шеткері карай ылғи бір-екі қабатты коттеджер. Жұрт көбінесе жеке меншік үйлерде тұруды ұнатады. Аулаларында міндетті түрде хауыздары бар, гүлзарлар, жабайы бақтар өсіп тұр. Үйлерінің маңында жабайы аң- құстары араласып жүр. Біздің балалардың хауызында жабайы үйрек балалап, он бір балапан басып шығарыпты. Өзім жем беріп біраз тәрбиеледім. Олардың жыл құстары ешқайда ұшып кетпейді. Құс миграциясы экватордан әрі қарай емес. бері қарай болатындықтан құс жолынан аулақ, құс тұмауынан қорқыныш жоқ.

Бір қызығы, австралиялықтар бау-бақша салып. мал ұстау дегенді кәсіп етпейді. Олардың барлығын фермерлер өсіріп сатады. Жер фермерлерлдің иелігінде. Жеміс-жидектердің атасы осында, малдың басы да жетерлік, әсіресе қой көп. 170 миллиондай қойы, 40 миллиондай мүйізді ірі қарасы болғандықтан. шетелге қой мен сиыр етін шығарады екен. Жылкы етін жеп, қымызын ішпейді, тек сән үшін серуенге мінуге ғана ұстайды. Таулы жағында жабайы жылқылары бар көрінеді, оларға ешкім тиіспейді, еркімен жібергенн. Ыстық жағында түйелері болады екен. Түйенің етін жеп, шұбатын өндірмейді. Олар түгелдей дерлік жабайы. Түйелерді кезінде Арабтар әкеліпті. Еркіндікте жүрген түйелердің, әсіресе Нардың ерекше асыл тұқымы осында сақталып қалыпты. Енді Арабтар түйе тұқымын осы Австралиядан сатып алатын көрінеді. Қойларын көптігінен бульдозермен тірідей көміп тастайды дегенді естуші едік. бірақ көміп жатқандарын көргенім жоқ. Австралия қой жүнін экспорттау Жөнінен әлемде бірінші орында, қант өндіруден үшінші орында, қызыл бидай шығарудан төртішні орында тұрған ел.

Кезінде басқа құрлықтан апарған жабайы қояндар ерекше өсіп-өніп, енді оларды құрта алмай әуре болып жатқан ел көрінеді. Оларды жейтін қабылан. қасқыр тәрізді жыртқыш аңдар да жоқтың қасы. тек дынго деген жабайы иттері болады екен. Сондықтан жабайы қоян етімен тек қолтырауындарды азықтандырады. Жалпы Австралияны қалталы сүтқоректілердің елі деп атайды гой. Онда тек кенгурудің 60-тан астам түрі бар екен. Артқы екі аяғымен, құйрығымен тұрғанда адамның бойынан асып кететін үлкен кенгуруден бастап, кәдімгі қосаяқты тышқан тәрізді ергежейлісіне дейін мекен етеді Коала аюы, қалталы қасқыр, тасман тажалы. уйрек тұмсық, вхидна, тәрізді сирек кездесетін жабайы аңдар бұл құрлыктың байырғы тұмса тұрғындары болып келеді. Ол жаққа басқа құрлықтан аң құс. жеміс-жидек сорттарын өткізбейді. Өйткені жанағы жабайы қояндар тәрізді жергілікті сортты басып озып. тіпті жойып жіберетін көрінеді. Құстардан Лироқұйрық, Какабара, Қара қулар, Тоты құстардың қаншама түрлері

болады екен. Қаз-үйректер, торғайлар қаптап жүр. Лироқұйрық деген құс тоғайдағы барша құстың дауысын айнытпай салатындығымен ерекшеленсе жабайы тотықұстары қолдан жем жеуге әуес. Әсіресе шемішкені жақсы көреді. Шемішкені шаққанда кәдімгі станок сияқты, ауызға толтырып алады да қабығын біртіндеп сатырлатып лақтыра береді. Тіпті Какаду деген тауықтан сәл үлкен ақ тотылар. тура баса көктеп келіп жеп отырған тамағына таласа кетуден тайынбайды екен. Осы жерде Сәкен Сейфуллиннің бір өлеңі еріксіз есіме түсті.

*Шырқ айналар шіркін тауық.*
*Жемін болса қолыңда.*
*Қайдағысы сені тауып,*
*Топырлайды жолыңда.*

*Досыңмын деп ант береді,*
*Жем іздеген жанама.*
*Жем таусылса жалт береді.*
*Сенерлік дос санама.*

Ал өсімдіктердің ішіндегі ерекшесі, және барынша бейімделгені, эвкалипт деген ағаш. Біздің еменге аздап ұқсайды. Биікгігі 100 метрге дейін баратып және 500 жылға дейін жасайтын бұл алып ағаштың 500-ге тарта түрі Австралия мен оның қарамағындағы аралдарда өсетін болса керек. Және бір қызығы өте тез өседі, жылына 5 метрге дейін ұзарады дейді. Өсе келе жалаңаштанып қалады екен. Дәулерінің діңінің жуандығы кішігірім киіз үй орынындай

*Болмысын ұятқа санамас,*
*Жаны да тәні де жалаңаш.*
*Өзегі өрт тілеп тұратын,*
*Эвкалипт дейтұғын бар ағаш*

*Өртенсе дәндерін қызартып,*
*Ұрпағын қалады ұзартып.*
*Шіріген ағашта өркен жоқ,*
*Өртеніп өлгені мың артық.*

Австралияда экологияға айрықша мән береді. Жергілікті тұрғындар табиғаттың «ішкі шаруашылығана» қол сұқпай, оны неғұрлым жабайы, тұмса күйінде сақтауға тырысады. Жолдан бір қадам ауытқысаң жабайы орман Құлаған кәрі ағаштар сол күйі шіріп жатыр. Оған ешкім тиіепейді, ірі ағаштардың қуыстарын неше түрлі аң, құстар мекен етіп алған. Ормандағы аңдар аздап тағылау, ал кемпингтер маңындағы аңдар. құстар туристермен біте қайнасып кеткен. Не мысық емес, не қоян емес посум дейтін түнде шығатын аңдары болады екен. Құйрықтары ұзын, көздері дөп дөңгелек сүйкімді жәндік. Осылар түнде шатырға шығып алып асыр салып жүреді.

Жері де таза, біздегідей шаң-тозаң жоқ. Әсіресе мұхит жағалауындағы ауа райы ылғалды. Сондықтан табиғаты ылғи көгал. Мысалы, мен киіп барған бәтеңкемді үш айда бірде бір тазалағам жоқ десем сенбессіздер. Олар үйге кіргенде аяқ киімді шешпей-ақ төрдегі кілем үстіне шығып жүре береді. Өйткені даласы да, қаласы да таза. Көшелері жарқырап тұр. Оларды сусабынмеп жуып жатқанын көргем жоқ, бірақ айнадай жарқырап жатқан аяқ астына бір түйір қоқым тастап жіберуге ұят.

Австралияның халкы әр тараптан жиналған, дүние жүзінің барлық ұлттарының өкілдерін осында табасын. Откендегі әңгімеде айтқандай, бұл елдің халкының 1,5 пайызын ғана байырғы жергілікті тұрғыпдар, қалғанын басқа елдердің, көбінесе Европадан ауып келгендер құрайды. Ағылшын. Шотлалдия, Уэльс, Ирландиядан шыққандар және Австралияда туғандарды. «байырғы австралиялықтар». II дүниежүзілік соғыстан кейін Европа. Азия, Латын Америкасынан ауып келгендерді «жаңа австралиялықтар» дейтін көрінеді. Мұнда Қытай да, кәріс тс, араб та, орыс та қаптап жүр тек қазақтар ғана көрінбейді. Әр халық өзінің салт-дәстүрлерін, мәдениеті мен тілдерін ала келгенге ұқсайды. Сондықтан да болар барлық халықтардың мәдениеті мидай араласып кеткен. Байырғы тұрғындардың (аборигендердің мәдениетін айтпағанда) мұнда таза австралиялық дейтіндей мәдениет жоқ. Бәрі конгломерат. Біздегідей дәстүрлі мұражайлар жоқ. Тек аборигендер өнерінің Викториядағы мұражайы өзгешелік танытады. Тілдерінің өзі таза ағылшын тілінен ауытқыңқырап кеткен. Аборигендер тарихы (оны ешкім білмейді) болмаса бұнда ұзын-сонар тарих та жоқ. Бар болғаны 200 жылдық қана трихы бар. Діндер де әрқилы. Христиан, католик шіркеулері, синагога дегендер қаптап тұр. Мұсылман мешіттері де бар екен. Мешіт іздеп жүріп әлемдегі ең үлкен органдардың бірін тыңдадым. Мешіт іздеген себебім, қаңғырып жүрген бір қазақты жолықтырам ба деп дәметіп едім. Олай болмады бәрі арабтар екен, тек ағылшынша гана тіл табысуға болады, Өз білгенімше Алхамдуллиланы үш қайырып бет сипадым.

